

**ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ,
ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ
КОМИТЕТА НАУКИ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**КУЛЬТУРА МЕЖНАЦИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ
В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ**

Материалы «круглого стола», посвященного 80-летию
профессора М.М. Сужикова (1932-1995 гг.)

Алматы 2012

УДК 008
ББК 71.0
К 90

*Рекомендовано Ученым Советом Института философии,
политологии и религиоведения Комитета науки МОН РК*

Редакционная коллегия:

З.К. Шаукенова (ответственный редактор)
С.Е. Нурмуратов, Қ.Ү. Әлжан,
М.С. Шайкемелев, М.А. Бижанова
Н.В. Хамитов (ответственный за выпуск)

К 90 Культура межнациональных отношений в современном казахстанском обществе. Мат. «круглого стола», посвящ. 80-летию проф. М.М. Сужикова (1932-1995 гг.). – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 164 с.

ISBN – 978-601-7082-62-8

В сборник материалов круглого стола «Культура межнациональных отношений в современном казахстанском обществе», посвященного 80-летию профессора С.С. Сужикова (1932-1995 гг.) включены доклады участников научного форума, в которых раскрывается широкий спектр вопросов, связанных с рассмотрением теоретических и практических проблем дальнейшего развития культуры межнациональных отношений, духовного единения и согласия в независимом Казахстане.

Сборник предназначен для ученых и экспертов в области социогуманитарных наук, политологов, культурологов, преподавателей и студентов высших учебных заведений, а также широкой общественности.

УДК 008
ББК 71.0

ISBN – 978-601-7082-62-8

© Институт философии, политологии
и религиоведения КН МОН РК, 2012

СОДЕРЖАНИЕ

М.М. СУЖИКОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛДАРЫ (1932–1995 жж.)	5
ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ М.М. СУЖИКОВА (1932–1995 гг.)	8
Бәкір Ә. Отандық этноәлеуметтану ғылымының негізін қалаушы.....	12
Беляев Н. Памяти Учителя.....	24
Айталы А. Профессор Сужиковтың ғылыми мұрасының бүгінде алатын орны бөлек.....	28
Дюсенов М.С. Ол еліміздің көрнекті философы еді.....	33
Елікбаев Н.Е. Ұлттық психология жаңа әлеуметтік кезеңде.....	39
Нұрмұратов С. Е. Тұлға және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті.....	44
Шайкемелев М.С. Методологические аспекты модернизации межэтнического взаимодействия в контексте идеологии мультикультурализма	54
Кадыржанов Р.К. Национальная сфера Казахстана на стыке эпох	67
Сарсенбаева З.Н. Онтология национального.....	78
Лұқпанов А.И. Отандық ғылым мен білімнің көрнекті қайраткері.....	90
Кокушева А. Этносаралық қатынастар ауқымындағы қазақ репатрианттарының бейімделу мәселесі.....	97
Қоңырбаева К.М. Қазақ зиялыларының ұлттың рухани құндылықтар әлемін зерделеуі.....	106

<i>Ошақбаева Ж.Б.</i>	
XX-ғасыр басындағы қазақ мәдениетіндегі ұлттық идеяның негізгі ерекшеліктері	115
<i>Токтаров Е.Б.</i>	
Политико-правовые основания предупреждения межэтнических конфликтов в Казахстане.....	123
<i>Масанов Е.</i>	
Мәдени-этникалық жаңа бірегейленудің қазақстандық кино саласындағы көріністері.....	133
<i>Сужикова Г.М.</i>	
Әке туралы естелік. Воспоминания об отце.....	142
БИБЛИОГРАФИЯ (М.М. СУЖИКОВ).....	151
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет.....	158
Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.....	160
Information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.....	162

М.М. СУЖИКОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛДАРЫ (1932-1995 жж.)



Сужиков Марат Мұхамбетқалиұлы – атақты қоғамтанушы ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор ол 1932 ж. 20 қыркүйекте Астрахань облысында дүниеге келді. 1953 ж. Ақтөбе қаласының орта мектебін бітіріп, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетіне түседі. 1956 ж. Мәскеу мемлекеттік университетін тәмәмдап, Қазақ КСР Ғылыми Академиясында өз еңбек жолын бастайды. Қаз КСР ҒА-ның Философия және құқық институтының бас лаборантынан осы институттың Директоры орынбасары лауазымына дейінгі қызметте бола отырып, ол ғылыми жұмысқа өзінің 40 жылдық өмірін арнаған болатын.

Ғылыми хатшы қызметін атқарғаннан кейін, ол 1969 ж. Қаз КСР ҒА-ның Философия және құқық институтының ғылыми коммунизм теориясы бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады.

1960 ж. философия ғылымдарының кандидаттық диссертациясын, кейін 1969 ж. философия ғылымдарының докторлық диссертациясын қорғады. 1970 ж. Қазақстан бойынша қоғамтану пәндері саласында ең жас профессорлардың

бірі болды. М.М. Сужиков есімі тек Қазақстанның ауқымында ғана емес, сонымен қатар ТМД және шетелде ғылыми коммунизм саласының ірі ғалымы ретінде танымал болды. М.М. Сужиковтың көптеген ғылыми еңбектері ағылшын, француз, испан және т. б. тілдеріне аударылған. Оған республикалық және одақтық баспаханаларда жарияланған 100-ге жуық ғылыми жұмыстары тиесілі, оның ішінде 21 жеке және ұжымдық монография бар. М.М. Сужиковтың ғылыми еңбектерінің ортақ көлемі 200 б. т. астам.

М.М. Сужиков кең тынысты ғұлама ғалым бола тұра, біртума ойлау стилімен, ұлтаралық қатынастар ауқымындағы ұлттар топтасуына арналған мәселелерді қарастыру барысында егемендік пен қазақстандық қоғам бірлігінің қалыптасуына қатысты көкейкесті практикалық қажеттіліктерін теориялық мәселелермен терең ғылыми зерттеме арқылы байланыстыруға тырысты.

М.М. Сужиковтың әлеуметтік-экономикалық ұлттық топтасуы, оның заңдылықтары және қазақ ұлтының қалыптасу ерекшеліктері әдебиетінде осы мәселелердің тұңғыш рет кешенді ашылуы ғылымға деген маңызы зор үлесі болып табылады. 60-шы жылдардан бастап ол ұлттардың өзара жақындасу және араласып кету, ұлттық ерекшеліктерді терістеу үрдісін абсолютизациясына түбегейлі қарсы шығады. Мысалы, «Ұлт консолидациясының әлеуметтік-экономикалық мәселелері» (Алма-Ата, «Ғылым», 1968 ж.) атты монографиясында ол қазақ тілінің ресми түрде ықшамдалуына және қазақ мәдениетінің дамуына қысым көрсетуіне қарсы шығады.

Оның ұлтты әлеуметтік-этникалық қауымдастық тұрғысында қарастыруы, ұлттық қатынастарын басқару теориясының зерттеулері, халықтың өзара ұлттар арасында жақындау барысындағы құбылмалылығының әсерін ашып көрсетуі жаңа көзқарас ретінде қабылданды.

1974–1975 жж. М.М. Сужиков Куба еліндегі Гавана университетіне профессор-кеңесші ретінде шақыру алады. Сонымен қатар Варшава және Прага университеттерінде дәріс береді. Халықаралық конгресстерде, АҚШ, Франция, Венгрия және

басқа да елдер конференцияларында әлденеше рет ғылыми баяндама жасайды.

Қазақ КСР ҒА-сының қоғамдық ғылымдар бөліміндегі «Қазақстан ұлтаралық қатынастарын жетілдіру» кешенді бағдарламасының Төраға орынбасары, Қазақ КСР ҒА-ның Төралқасындағы «Ұлттық қатынастар даму диалектикасы» ғылыми кеңесінің төраға орынбасары, КСРО-ның республикалық қоғамдық Философия бөлімшесінің ғылыми коммунизм секция жетекшісі, республикалық «Білім» ғылыми коммунизм әдістеме кеңесінің жетекшісі бола тұра, М.М. Сужиков ғылым саласындағы ұйымдастыру жұмыстарына аса зейін қоятын.

1988 ж. М.М. Сужиков ұлттық және ұлтаралық қатынастар зерттеу Орталығының жетекшісі, Қаз КСР ҒА-ның Философия институты директорының орынбасары болып тағайындалады, сонымен қатар Қазақстан Компартиясының ОК Бюро номенклатурасына енгізіледі. Ол Қазақстан ұлттарының ұлтаралық ынтымақтастығын, өзара келісім мен татулығын нығайтуға бағаланбас үлес қосты. М.М. Сужиковтың ғылыми мұраларында ұлтаралық қатынастарды реттеу, жалпы және ерекше ұлтаралық қатынастар мәселелері, ұлтаралық даулардың түп негізі және оларды болжау проблемалары ерекше орын алады. Таулы Карабах, Ош, Жаңаөзенде орын алған оқиғаларды қорытындылайтын талдауы негізінде, ұлтарлық шиеленістің ұлтаралық дауға ұласып кету мүмкіндігінің себептері дәйектеліп көрсетілген.

М.М. Сужиков «Жаңаөзен қаласында орын алған оқиғаның сипаттамасы және себептері» (қазан, 1989 ж.), «Ұлтаралық қарым-қатынастардың мәдениетінің көкейкесті мәселелері» (1993 ж.), «Мемлекеттік аппаратта және қоғамдық ұйымдарда қазақ тілінде іс қағаздары жүргізілуін жақсарту» (1990 ж.) және де тағы басқа ғылыми-практикалық талдамалары Республика басқару органдарына дайындаған болатын.

Ұлттық және ұлтаралық қатынастарды зерттеу Орталығына басшылық ете отырып, М.М. Сужиков диаспорология, конфликтология және тағы басқа жаңа ғылыми

бағыттарының отандық әлеуметтану саласында пайда болуына ықпал жасады.

М.М. Сужиков бір топ жоғары дәрежелі философия кадрларын даярлап шығарды: оның басшылығымен жиырмадан астам кандидаттық және бірнеше докторлық диссертациялар қорғалды. Ол көптеген жылдар бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де философия-экономика факультетінің профессоры болып келді. М.М. Сужиков әріптестер арасында үлкен құрметке бөленіп, өз ісіне деген терең жауапкершілік сезімімен, инабаттылығымен және сыпайылығымен, жұмысқа терең қабілеттілігімен қарауы арқылы ерекшеленетін.

Оның ғылыми және педагогикалық жұмыстарының нәтижелері үкімет марапаттауларымен атап өтіліп, республикадағы және оның шегіндегі ғылыми қоғамның арасында кеңінен танылды. М.М. Сужиков «Қажырлы еңбегі үшін» медалімен, Қазақ ССР-ының Жоғарғы Кеңесінің Мақтау қағазымен және тағы басқа мадақтамаларымен марапатталды.

ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ М.М. СУЖИКОВА (1932–1995 гг.)

Сужиков Марат Мухамбеткалиевич – известный ученый-обществовед, доктор философских наук, профессор – родился 20 сентября 1932 г. в Астраханской области. Окончив школу в г. Актюбинске, поступил в 1951 г. на философский факультет Московского государственного университета им. М.В. Ломоносова. Член КПСС с 1952 г. После окончания МГУ в 1956 г. начал свою трудовую деятельность в Академии наук Казахской ССР. Научной работе он посвятил без малого 40 лет своей жизни, пройдя путь от старшего лаборанта Института философии и права АН КазССР до заместителя директора этого института.

Был назначен ученым секретарем, а с 1969 г. – заведующим отделом теории научного коммунизма Института философии и права АН КазССР.

В 1960 г. защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата философских наук, в 1969 г. – на соискание

ученой степени доктора философских наук. В 1970 г. он стал одним из самых молодых профессоров Казахстана в области общественных дисциплин. Имя М.М. Сужикова как крупного ученого в области научного коммунизма широко известно не только в Казахстане, но и в странах СНГ и за рубежом.*

Ряд научных трудов М.М. Сужикова переведен на английский, французский, испанский и др. языки. Ему принадлежат около 100 научных работ, опубликованных как в республиканских, так и в союзных издательствах, из них 21 – индивидуальные и коллективные монографии. Общий объем научных трудов М.М. Сужикова составляет более 200 п. л.

Будучи широко эрудированным ученым с оригинальным стилем мышления, проявившимся в трудах, посвященных вопросам консолидации наций и межнациональных отношений, М.М. Сужиков старался увязать глубокую научную разработку теоретических проблем с актуальными практическими потребностями становления суверенитета и единства казахстанского общества.

Значительным вкладом в науку является комплексное раскрытие М.М. Сужиковым социально-экономических проблем национальной консолидации, закономерностей и особенностей формирования казахской нации. Начиная с 60-х гг., он принципиально выступает против абсолютизации тенденций сближения и слияния наций и отрицания тенденции развития национально-специфического. Так, в своей монографии «Социально-экономические проблемы национальной консолидации» (Алма-Ата: Гылым, 1968 г.) он выступил против официозной линии сокращения функций казахского языка и ущемления развития казахской культуры.

Новым подходом явилось углубленное раскрытие нации как социально-этнической общности, исследование теории

* См.: Акулова А.Ф. Советская философская наука и ее проблемы. – М., 1970. – С. 42: «Советские философы серьезно исследовали такую трудную и малоизученную тему, как некапиталистический путь развития ранее отсталых народов к социализму. Широко известны не только в нашей стране, но и за рубежом работы М.С. Джунусова, И.М. Муминова, М.М. Сужикова...»

управления национальными отношениями, влияния подвижности населения на сближение наций.

В 1974–1975 гг. М.М. Сужиков был приглашен профессором-консультантом в Гаванский университет (Куба). Читал лекции в Варшавском и Пражском университетах. Неоднократно выступал с научными докладами на международных конгрессах и конференциях – в США, Франции, Венгрии и других странах.

Много сил М.М. Сужиков уделял организаторской работе в науке, являясь заместителем председателя комплексной программы Отделения общественных наук АН Казахской ССР «Совершенствование межнациональных отношений в Казахстане», заместителем председателя координационного научно-проблемного совета «Диалектика развития национальных отношений» при Президиуме АН КазССР, руководителем секции научного коммунизма республиканского отделения Философского общества СССР, руководителем методсовета по научному коммунизму республиканского общества «Знание».

В 1988 г. М.М. Сужиков был назначен руководителем Центра по изучению национальных и межнациональных отношений, заместителем директора Института философии АН КазССР, введен в номенклатуру Бюро ЦК Компартии Казахстана. Он внес неоценимый вклад в укрепление межнационального согласия, взаимопонимания и дружбы народов Казахстана.

Особое место в научном наследии М.М. Сужикова занимают проблемы регулирования межнациональных отношений, общих и специфических причин межнациональной напряженности, природы межнациональных конфликтов и их прогнозирования в Казахстане. На основе обобщения и анализа данных по событиям, имевшим место в Нагорном Карабахе, Оше, Новом Узене, им обосновано открытие модели перерастания межнациональной напряженности в межнациональный конфликт.

М.М. Сужиков подготовил ряд научно-практических рекомендаций в руководящие органы республики, в частности: «О причине и характере событий в г. Новый Узень» (октябрь 1989

г.); «Актуальные проблемы культуры межнационального общения» (1993 г.); «Об улучшении делопроизводства на казахском языке в государственном аппарате и общественных организациях» (1990 г.) и другие.

Возглавляя Центр по изучению национальных и межнациональных отношений, М.М. Сужиков инициировал появление в отечественной социологии ряда новых научных направлений – диаспорологии, конфликтологии и других.

Под пристальным и бережным вниманием М.М. Сужикова выросла целая плеяда высококвалифицированных философских кадров: под его руководством защищены более двадцати кандидатских и несколько докторских диссертаций. Многие годы он был профессором философско-экономического факультета КазГУ им. аль-Фараби. М.М. Сужиков пользовался заслуженным уважением среди коллег, его отличали большая работоспособность, глубокое чувство ответственности, высокая порядочность и скромность.

Результаты научной и педагогической деятельности М.М. Сужикова отмечены правительственными наградами и получили широкое признание среди научной общественности в республике и за ее пределами. М.М. Сужиков награжден медалью «За доблестный труд», Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР и другими наградами.

ОТАНДЫҚ ЭТНОӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Әбдіжәлел Бәкір

Құрметті қауым! Бүгіндері тірі болса, Қазақстан ғылымының көрнекті өкілі, философия ғылымдарының докторы, профессор Марат Мұхамбетқалиұлы Сужиков адамзат баласының кемел жасы 80-ге келіп, төрімізде отырар еді. Алайда тағдыр оған мұны жазбады. Ортамызда Мәкеңнің сүйікті жары Роза Мақсұтқызы бастаған әулеті отыр. Артында мол ғылыми мұрасы қалды. Бүгінгі келелі кеңесіміз ғалым есіміне, оның қоғамдық ғылымды дамытуға қосқан елеулі үлестеріне құрметіміз болмақшы.

Марат Мұхамбетқалиұлы 1956 ж. кешегі кеңестік кезеңнің басты оқу орны Мәскеудің М.В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінің философия факультетін ойдағыдай бітіргеннен кейін, Республика Ғылым академиясының философия және құқық институтының аға лаборанты, кіші ғылыми қызметкері, аға ғылыми қызметкері, ғылыми хатшысы болып істеді. 1969–1988 жж., яғни 20 жылдай осы институттың ғылыми коммунизм теориясы бөлімінің меңгерушісі болды. 1988 жылдан өмірінің соңына дейін 7 жыл институттың директорының орынбасары, әрі ұлттық және ұлтаралық қатынастарды зерттеу орталығының жетекшісі қызметін атқарды.

Ғалым табиғатында белсенді жан еді. Ол толып жатқан кеңестер мен қоғамдардың мүшесі болды. «Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды жетілдірудің» Қазақ КСР ҒА қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің кешенді бағдарламасы төрағасының орынбасары, Қазақ КСР ҒА төралқасы жанындағы «Ұлтаралық қатынастардың диалектикасы» ғылыми-проблемалық үйлестіру кеңесі төрағасының орынбасары, КСРО философия қоғамының республикалық бөлімшесінің ғылыми

коммунизм секциясының жетекшісі, республикалық «Білім» қоғамның ғылыми коммунизм бойынша әдістемелік кеңесінің жетекшісі сияқты қыруар жұмыстарды қатар атқарып, ғылымды ұйымдастыру, насихаттау жұмысына да көп көңіл бөлді. 1974–1975 жж. Кубаның Гаван университетіне профессор-кеңесші қызметіне шақырылып, онда философия факультетін ұйымдастырды. Польшаның Варшава және Чехославакияның Прага университеттерінде дәрістер оқыды. Америка Құрама Штаттарында, Франция, Венгрия және тағы басқа елдерде өткен халықаралық конференция, конгрестерде ұлт теориясы мәселелері туралы баяндамалар жасады. Мұның барлығы ғалымның қайраткерлік тұлғасын шынайы аша түседі.

Марат Мұхамбетқалиұлы Сужиков кең тынысты ғалым болатын. Оған одақтық және республикалық баспалардан шыққан көлемі 200 баспа табақтан асатын 20-дай жеке және ұжымдық монографиясы мен жүздеген ғылыми еңбектері дәлел бола алады. 1968 ж. шыққан докторлық диссертациясының негізінде дайындалған «Социально-экономические проблемы национальной консолидации» атты еңбегінен бастап, «Образование СССР и социальный прогресс казахского народа», «Вымыслы и действительность», «Напряженность или гармонизация?» (развитие межнациональных отношений в Казахстане), қазақ тіліндегі «Ұлттың биік мерейі», тағы басқа монографиялары мен кітаптарында майталман маман негізінен ұлт және ұлттық қатынастардың өзекті мәселелерін, оның ішінде қазақ халқының дамуының ғылыми және практикалық проблемаларын кешенді де жүйелі зерттеді. 1989 ж. өзі авторларының бірі әрі жетекшісі болып дайындалған, қолжазба күйінде қалған, тіпті пікірлеріне дейін дайын көлемі 40 б. т. жақын ұжымдық монография да қазақ ұлтының қалыптасуы мен дамуының әлеуметтік-философиялық аспектілеріне арналған болатын.

Рас, бұл еңбектер шыққалы, жазылғалы бері заман өзгерді. Талап та жаңарды. Ғалым еңбектеріне кешегі тоталитарлық жүйе идеологиясының салқыны тимей қалған жоқ. Сол себепті социализммен байланысты кейбір тұжырымдарға бүгін

сынай қарайтындар бар шығар. Бірақ әркім өз заманының перзенті екенін түсінуіміз керек. Кеңестік билік ғылым жүйесіне, әсіресе оның қоғамдық саласының саяси сипатына тікелей тапсырма беріп отырды. Сондықтан ол талаптармен санасу қажет болғанын барлықтарыңыз да түсінесіздер. Бүгін де солай. Ертең де солай болады. Оның бәріне уақыт төреші.

Алайда Марат Мұхамбетқалиұлының еңбектері өзінің мазмұн сапалығымен, тақырып жаңашылдығымен, ғылыми-әдістемелік зерттеулерінің сонылығымен құнды. Ұлттардың жалпы дамуының заңдылықтарымен қатар қазақ ұлтының қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерін ашты, ұлтаралық қатынастардың өзекті мәселелерін жан-жақты әрі терең зерттеді. Ол ұлттық қатынастың табиғатын, үйлесімділік теориясын терең талдап, ұлттардың өзара жақындасуында тәжірбие алмасуға ерекше мән беріп, өндіріс үдерісінде әртүрлі ұлт өкілдерінің тікелей қарым-қатынас орнатуын, олардың өзара ұғынысуын, рухани, мәдени-тұрмыс, дәстүр саласында бір-бірімен жақындасуын қалады. Сондықтан ғалым әркез еліміздегі барлық этнос өкілдерінің түсіністігін, иықтасқан бірлігі мен шынайы достығын нығайта түсуді ойлады. Қазақстандағы ұлтаралық шиеленістердің туу мүмкіндіктерінің жалпы және жеке себептері, ұлтаралық дау-жанжалдардың табиғаты талданып, оған болжаулар жасалды. Ұлттардың жақындасуы мен қосылу проблемаларын саралаумен қатар әр ұлттың өзіндік даму бағытын жоққа шығарушыларға, ұлттардың жақындасу бағытын асыра бағалаған, тіпті олардың интернационалдануын, сондай-ақ кеңес халқының қалыптасуын жеделтете түсуге, ұлттық ерекшеліктердің дамуын жоққа шығаруға, қазақ мәдениетінің дамуын кемсітуге тырысқан саясатшыл ғалымдарға үнемі қарсы шығып отырды. Осыдан 40 жылдай бұрын ол қазақ тілі қызметінің азаюын заңдылық деп санаған кейбір ғалымдардың пікірлерінің негізсіз екенін дәлелдеді. Егер сол кезде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі туралы ой түсімізге кірмесе, ғалымның бұл пікірі шын мәнісінде батылдық болатын. Жоғарыда айтылған пікірлер мен тұжырымдар Қазақстанда кең көлемді әлеуметтік зерттеулер негізінде жасалынған еді.

Осындай қоғамдағы аса бір маңызды мәселе – ұлт және ұлтаралық қатынастарды кешенді және жүйелі зерттелуі Марат Мұхамбетқалиұлының атын Одақ көлеміне, одан да тысқары елдерге мәлім етті. 1970 ж. Мәскеуде шыққан А.Ф. Акулованың «Советская философская наука и ее проблемы» деген кітабында М.С. Жүнүсов, И.М. Муминов, М.М. Сужиковтың еңбектері елімізде ғана емес, шет елдерде кеңінен белгілі деп жазылуы тегіннен-тегін емес еді. Оның бірсыпыра туындыларының ағылшын, француз, испан және басқа тілдерге аударылуы да ғалымның КСРО-дан тыс жерде де мойындалғанының дәлелі болатын. Міне, осылардың барлығы ғалымның отандық әлеуметтану ғылымына қосқан нақты да үлкен үлесі болып табылады.

Біз бүгін Марат Мұхамбетқалиұлының алғашқы іргелі еңбегі, орыс тілінде 1968 ж. шыққан докторлық диссертациясының негізінде дайындалған «Ұлттық консолидацияның әлеуметтік-экономикалық проблемалары» атты монографиясындағы бірер мәселеге тоқтай кеткенді жөн көріп отырмыз. Біріншіден, бұл – болашағынан үлкен үміт күттіретін, ғалымның кейінгі шығармашылық күш-қуатын танытатын ең басты еңбектерінің бірі еді. Екіншіден, монография берісі Ресей, арысы Батыс өркениетінен артта қалған халықтың ұлтқа айналу үдерісін жан-жақты көрсеткен еңбек. Үшіншіден, бұл екі ғасырдан астам Ресей отарында болған, кеңес заманында өмір сүрген қазақ халқының ұлттық тағдыры болатын.

Ғалым әлеуметтік-этникалық қауымдастық ретінде ұлттың қалыптасуының объективті негізін зерттеуге көп көңіл бөлді. Еуропалық мәдениеттен кенже қалған Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи жағдайға байланысты ұлттық нығаюына әсер еткен әлеуметтік-экономикалық факторларды, оның ішінде ұлттың материалдық негізін құраған экономикалық өмірдің тұтастығын, оның ұлттың басқа белгілеріне әсерін жүйелі зерттеуін, ұлттар мен ұлтаралық қатынастың табиғатының материалдық, саяси-рухани және этникалық факторлармен байланыстылығын талдауын, қазақ ұлтының мінез-құлық ерекшеліктерін жүйелі қарастыруын – ғалымның

ғылыми жеңісі деуге болады. Ұлттың консолидациялану заңдылықтарын түсіну үшін оның қатынастарының табиғатын ашу, басқа қоғамдық қатынастармен өзара байланысы мәселесін тану да маңызды болғаны түсінікті.

Бір ескертетін принципті мәселе – Марат Мұхамбетқалиұлы Сужиков өзінің еңбектерінің негізгі зерттеу объектісі етіп жалпы ұлт және ұлттық қатынастар мәселелерін капиталистік сатыға соқпай, социализмге өту жағдайында алған болатын. Рас, ғалым сол кезде бұл жолды бірден-бір тиімді деп санады. Шындығын айтуды заман көтермеді.

Бүгінгі күні социализм туралы ғылымды мойындамай, оны түгелдей сынау да, ол жөнінде бірсыпыра позитивті көзқарас та бар. Шындығына келгенде, қазақ халқына кешегі социализм не берді десек, ауызды қу шөппен сүрту әділетсіздік болар. Компартия көсемдері жалпы әлемдік қауымдастықтың барыс-бағытымен санаспай отыра алмады. Кеңестік саясаттың қас жауы болған, бірақ әркез шындыққа бетпе-бет қарай алған қайсар саясаткер Мұстафа Шоқай «Кеңес үстемдігінің 16-шы жылдығына орай» деген мақаласында: «Кеңес өкіметі өмір сүрген 16 жыл ішінде ешқандай бір оңды істер болмады десек, ол да дұрыс болмаған болар еді. Табыстар да жоқ емес» деген болатын [1, 371]. Алайда, тоталитарлық жүйе жағдайында ұлттық республикалар шынайы мемлекет ретінде де, халықтары толыққанды ұлт ретінде де қалыптаса алмады. Өйткені ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлиханов айтқандай, «Қандай даму сатысында тұрса да, халықтың қалыпты өсуі үшін қажет нәрселер: өздігінен даму, өздігінен қорғану, өзін-өзі басқару...» деген қарапайым қағидалар сақталмады [2, 103]. Мұнсыз шынайы өсу де, өркендеу де жоқ еді.

Монографиядағы арнайы зерттелген ұлттың, әсіресе қазақ ұлтының қалыптасу тарихындағы аса маңызды және бүгін де жойыла қоймаған мәселеге арнайы тоқтай кеткенді жөн көріп отырмыз. Бұл – артта қалған халықтардың ұлттық консолидациясын тежейтін негізгі факторлар.

Қоғамдық ғылымда бір халықтың ұлтқа айналуы, екіншілердің экономикалық және рухани жағынан артта

болып, тайпа күйінде қалуын тек қоғам дамуымен, әлеуметтік прогрестің деңгейімен түсіндірілетіні аян. Мұны кешегі кеңестік кезеңде көбіне, империализмнің сипатынан іздейтін. Осы бағытта ғалымның артта қалған және қанауда болған халықтардың ұлттық консолидациясының тарихи дамуы капиталистік ұлттардың артта қалған елдерді қанауымен байланысты, тайпалар мен халықтардың әлеуметтік-этникалық және рухани эволюциясын күштеу жолымен тежейді дегенімен толық келісе отырып, бұл сонымен қатар адамзат баласы одан жақсыны ойлай қоймаған, демократияны мұрат етпеген, оны аяққа басқан, саяси жүйе жеке билікке негізделген қоғамдық құрылыстың барлығына да тән деуге болады. Мұндай жағдайда да ұлттық мүдделер толыққанды ескерілмейді де шешілмейді, халық шынайы ұлт болып қалыптаса алмайды.

Марат Мұхамбетқалиұлы Сужиковтың 70 жылдығына байланысты «Марат Сужиков: тұлға, ғалым, азамат» деген кітапша шықты. Осыған тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында жазылған ғалымның алты еңбегі бірінші рет еніпті. Бұлар принципшілдігімен, шыншылдығымен, нақтылығымен, мәселені өткір қоюларымен аса құнды. Соның бір-екеуіндегі бүгін де мәнін әсте жоя қоймаған идеяларға тоқтай кетейін. «Қазақстан Республикасы ұлттық қауымдастықтар мүдделерін жүзеге асыру – ұлтаралық келісімнің объективті негізі» деген мақалада қазақтың ұлттық мүддесі өткір қойылған. 1993 ж. басында қазақтардың саны республикада 7 млн. 297 мың болып, еліміздегі бүкіл халықтың 43,2% құрап азшылыққа айналғанын айта отырып, дүние жүзіндегі 2 мың халықтың ішінде саны жағынан 87-ші орын алатын қазақтың этнос ретінде дамуында көптеген мәселелер аталады. Ол мұның барлығы алдымен патшалық Ресейдің отаршылдығы, сонан соң миллиондаған қазақтың жойылуына алып келген кешегі орталық биліктің командалық-әкімшілік, ассимиляциялық саясаты қазақ халқының ұлттық дамуын қатты тежеп келгенін атап көрсетеді. Бұл проблемада этносаралық шиеленістің көптеген көздері жатыр және олар оп-оңай келісімге келе қоймайды деп тұжырымдайды автор. Сондықтан нарықтық экономикаға өтуімізге байланысты

қазақ ұлтының, Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық деңгейін батыл теңестіруді ұсынады. Ғалымның қазақтың ұлттық мәселесін басқа этностың есебінен шешуге әсте бармай, оны қазақтың өзінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану жолымен шешу қажет деген ойлары бүгін де тағылымды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары республикада орын алған халықтың өмір сүру жағдайының күрт төмендеуі, бұқара халықтың көпшілігінің кедейшілікте болуы ұлтаралық және әлеуметтік шиеленістерді туғызуы мүмкін екендігі, сондықтан орталық билік органдары мұны шешудің жолдарын қарастыруы керек деген ұсыныс жасалынды. Сондай-ақ Қазақстан сияқты көпэтносты елде ұлтаралық келісімді сақтау мен дамыту үшін этностардың жалпы ұлттық, яғни жалпы қазақстандық және ұлттық деңгейдегі мүдделерді дұрыс үйлестіру маңызды деп саналып, олар жеке-жеке арнайы қарастырылған болатын. Жалпы ұлттық мүдде дегеніміз – бұл мемлекеттің нығаюы, егемендік пен тәуелсіздік, жалпы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, экономика мен мәдениеттің жан-жақты дамуы, жұртшылықтың тұрмыс жағдайының өсуі және т. б. делінсе, ұлттардың өзіндік мүдделеріне мемлекеттік биліктен тиісті орын алу, елді билеуге қатысу, өндіріс саласында – экономикада өзінің орнын табу, халық шаруашылығындағы белсенділік, тілін, мәдениетін, тұрмысын, салт-дәстүрлерін дамыта алуы және т. б. екендігі атап көрсетілді. Ғалым бұларға жайдан-жай тоқталмаған, күнделікті өмірде осылардың барлығына тұрақты назар аударып отыруды қажет деп санайды.

Марат Мұхамбетқалиұлы Қазақстандағы ұлттық және ұлтаралық үдерістердің жағдайы көбіне қазақ ұлтының, сондай-ақ, өзге ұлттардың ішіндегі өзгерістерге байланысты болатынын атап көрсеткен болатын. Ең алдымен қазақтың өзінің ұлттық жаңғыру бағытына тоқталып, оның дәстүрлі жайдан қазіргі өркениетті заманға жылжу, өту, өзінің басым бөлігін алып отырған аграрлық ұлттан экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени қатынастарын өзгертуге алып келетін аграрлық-өндірістікке ауысу мәселелерін көтерген еді.

Тағы бір аса көңіл бөлінген мәселе – ол қазақ ұлтының жаңаруы, дамуында қазақтың ұлттық ділінде (менталитетінде) жатқан дәстүрлі мәдениетінің прогрессивті белгілерін дамыту болатын. Олар ешқандай қанау жоқ кезде, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан: бостандық сүйгіштік, өзара адамгершілік сыйластық, ынтымақтастық және төзімділік, табиғатқа ерекше қатынас, үлкендерге құрмет, тұрмыста өзгеше мінез-құлық, ұрпақтар жалғастығын ескеру сияқты адами қасиеттерді алға тартты. Осы бағыттағы жаңғырығу нәтижесінде ғана қазақ республикасында тұратын барлық этнос өкілдерін топтастыра, ұйымдастыра алады деп санады. Осыларды айта отырып, Марат Мұхамбетқалиұлы қазақ ұлтын және басқа этностарды модернизациялаудың бағдарламасын жасауды ұсынған еді. Бұл 90 жылдардың басы болатын. Мұндай бағдарламаның қажеттігі даусыз болғанымен, өкінішке орай ондай құжат қабылданбады. Конституциялық, заңдық нормалармен шектеліп қалдық.

Марат Мұхамбетқалиұлы еліміздегі қазақ ұлтының рухани әлемін Шығыс пен Батыстың бар өркениетімен байыта отырып, Қазақстан жаңа жоғары дамыған индустриалды-аграрлық еуроазиялық мемлекет болуы тиіс деп есептеді. Мұны Қазақстанның Шығыс пен Батыстың геосаяси жағдайымен түсіндірді. Осы жерде заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов ұлы Абайдың рухани бұлақтарын айта отырып, біріншісі – өз халқының ауызша әдеби қоры, екіншісі – шығыстың көркем классикалық поэзиясы, үшіншісі – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті деген ойлары еріксіз еске түседі. Шынында да, біз сан ғасыр өз ұлтымыздың рухани қазынасын игерудің нәтижесінде Батыстың нарығын, Шығыстың имандылығын астастыра отырып өркениеттің жаңа деңгейіне көтеріле аламыз.

Ұлт және ұлтаралық қатынастардың табиғатын ғылыми танытындар кез келген қоғамның ұлттық мәселелерінде қарама-қайшы көзқарастар, принциптер, сенімдер, идеологиялар және т.б. қайшылықты құбылыстар болатынын да, бола беретінін де мойындайды. Бұл жалпы адамзат қоғамына

тән. Өңгіме соны дер кезінде танып, тиісті экономикалық және саяси, сонымен қатар заңның күшін пайдалану сияқты кешенді шаралар қолдана білгенде жатыр. Білікті маман бұл қайшылықтарды уақытында практикалық саясат амалымен шешпесек, бұрынғы күйінде қалдырылса, оның күшейе түсуі, содан ұлтаралық қатынастардағы стихиялық үдерістер қоғамның ақыл-ой күшінің бақылауынан шығып кетуі мүмкін деп қатаң ескерткен [3, 10].

Философия және құқық институты жанынан құрылған Ұлттық және ұлтаралық қатынастарды зерттеу орталығының жетекшісі ретінде Марат Мұхамбетқалиұлы Сужиковтың тікелей өзінің қатысуымен республика басшы органдарына дайындаған Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды жетілдірудің негізгі бағыттары туралы ұсыныстарының мәні әлі әлсіреген жоқ. Осы орайда 1989 ж. 16 қазанында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне жазылған «Гурьев облысындағы ұлтаралық қатынастардың жағдайы және оларды жақсартудың болашақтары» атты талдау жазбасы туралы бірер сөз. Бұл сол кездегі Жаңаөзенде болған оқиғаға байланысты әлеуметтік зерттеудің қорытындысы болатын. Онда не көтеріліп еді? Ең бастысы – осы өңірде тұрғын халық болып саналатын қазақтардың ұлттық мүдделері жеткілікті шешілмей, кейде аяқ асты болуы, аймақтағы өндірісті игеруде одақтық министрліктер мен ведомстволар тарапынан әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, рухани және саяси сипатта толып жатқан шиеленістер туғызатын қайшылықтардың орын алуы болатын. Аймақтағы өндіріс объектілерінің құрылысында соңғы 30 жыл бойы жергілікті тұрғындар тарапынан жұмысшылар мен инженер-техникалық кадрлар даярлауға көңіл бөлінбеген. Жаңа өндірісті игеру негізінен сырттан келгендердің есебінен жүргізілген. Аймақтағы тұрғын халықты қазақтар боланымен, олар өндірісте 4 тен 12% дейін құрады және т.б. Жаңаөзендегі соңғы оқиғалардың түп-тамырында да осы сияқты әлеуметтік мәселелер жатқан еді. Солар дер кезінде шешілмей ақыр аяғы қайғылы оқиғаларға алып келді.

Осыдан 20 жылдан астам уақыт бұрын тағдыр сыйлаған Тәуелсіздік – ең алдымен жердің, елдің иесі, сонау XV ғасырда осы алып аймақта мемлекет құрған қазақ ұлтының, сонан соң Қазақстанды ата мекенім деген этнос өкілдерінің тәуелсіздігі екені белгілі. Алайда кейбір академиктердің ұлт мәселесі дегенді қойып, «ел мәселесі» деп сөйлейік дегені әлі құлақтан кеткен жоқ. Бұлай болуы мүмкін емес. Мұндайды, меніңше, орысшалағанда «абсурд» дейді. Алдымен мемлекет құраушы ұлттың мүддесі шешілмей, басқаны былай қойғанда мемлекеттің мүддесі шешілмейді. Ұлттық мүддені шешуде интернационализмнің қажеті бола қоймас. Осыған дәлел ретінде 1989 жылы 20 қыркүйекте дайындалған, бірақ маңызы бүгінгі күні де жойылмаған Марат Мұхамбетқалиұлының Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне «Республика мемлекеттік аппараты мен қоғамдық ұйымдардағы қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуді жақсарту туралы» атты талдау жазбасын алуға болады.

Рас, арада 20 жылдан астам уақыт өтті. Тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болғанына да осынша кез болды. Қоғамымыздағы тілдік қатынастар, қазақ, орыс және басқа тілдердің құқықтық мәртебелері Конституцияда, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңда айқындалды. 2001 жылдан бері тілдерді қолдану мен дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар қабылданып келеді. Сең қозғалды. Дегенмен оның қозғалысы өте баяу. Осының салдарынан ашығын айтатын болсақ, қазір мемлекеттік мәртебеге осыдан 23-жылдан астам кезде ие болған қазақ тілі мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде орыс тілімен тең қолданылатын тіл дәрежесіне көтеріле алмай тұр. Бұл – менің пікірім. Басқаша пікір болса тыңдауға да, ой бөлісуге де дайынмын.

Мұның ғасырлар қордаланған толып жатқан себептері бар, оны тарқатып айтарға уақыт тар. Жалғыз ғана айтарым мемлекеттік тіл туралы арнайы заң болмай, қазақ тілінің айдарынан жел еспейді. Бізден басқа көрші елдердің барлығы, тіпті тілінің жоғалуына ешуақытта қауіп төне қоймайтын

алып Ресейдің өзі мемлекеттік орыс тілі туралы арнайы заң қабылдады.

М.М.Сужиковтыңнақты зерттеуістері де атап айтарлықтай. Алматы және Жамбыл облыстарында, Балқаш қаласында әлеуметтанулық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ұлттар арасындағы әртүрлі үдерістер, ұлттық мүдделер мен әртүрлі қарама-қайшылықтар сарапталды. Бірақ өмірдің шындық көріністері ол кезде көбіне бүркемеленіп, оның қорытындылары түгелдей жария етілмеді. Қазақстан басшы органдарына жазған талдау хаттарында, ол 1986 жылғы Алматыдағы және сондай-ақ жоғарыдағы 1989 жылғы Жаңаөзендегі оқиғалардың ұлтшылдықтан тумағанын, олардың әлеуметтік-саяси мәні бар екенін түсіндірген еді. Мәкең жеке әңгімелерде ұлттар қатынасы үдерісінде, ұлттық мәселелерде әлі де шешуін таппаған күрделі дүниелердің жеткілікті екенін айтып отыратын. Ол – реалист ғалым еді.

Сөз соңында ұлт және ұлтаралық қатынастар проблемасын 40 жылдай жүйелі зерттеген, отандық этноәлеуметтану ғылымының негізін салушы Марат Мұхамбетқалиұлының артында қалған мол мұрасының мынандай тағылымдарын айта кетсек артық болмас.

Біріншіден, қоғамдық қатынастардың ішіндегі бірден-бір нәзік және сан қырлы мәселе – бұл ұлт және ұлтаралық қатынастар. Осы кеңістікте әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық тепе-теңдік қатаң сақталуы қажет.

Екіншіден, ұлттар мен этностар тұрақты даму және өзгеріс үстінде болатынын ескеріп, ондай үдерістерді дер кезінде зерттеп, оң жағдайларды жетілдіре түсетіндей, ал қайшылықты көріністерді жоя алатындай мақсатты іс-шараларды мезгіл-мезгіл алға қойып отыру керек.

Үшіншіден, ұлт және ұлтаралық қатынастардағы қайшылықтарды шешуде еш уақытта әкімшілік тәсілдерге баруға болмайды. Өзара түсіністік пен ынтымақтастық бұрын да, алда да басты әлеуметтік амалдар болғаны абзал. Бұл бағыттағы еліміздің, Елбасымыздың сара саясаты көп этносты мемлекеттің әлеуметтік әлеуетін арттырудың, экономикасын

дамыта түсудің бірден-бір аса маңызды факторы болып отырғаны қазір жақын және алыс шетелдерге мәлім.

Төртіншіден, қазіргі жаһандану жағдайында еліміздегі барлық этнос өкілдерінің өзіндік шынайы әлеуметтік болмысын сақтап қалу үшін олардың саяси және рухани дамуын, тәуелсіздікті тұғырлы ету бағытындағы қажырлы еңбектерінің тиімділігін арттыра түсу мақсатында кешенді мемлекеттік бағдарлама қабылдау қажет.

Қазағымның «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегеніндей, ғалымның жетекшілігімен 20-дан астам доктор және кандидаттар даярланғанын, сондай шәкірттерінің бірі екенімді мен мақтаныш санайтынымды Сіздерден жасыра алмаймын. Оның үстіне ұстазымның ғалым, азамат ретіндегі ұстанымы айқын, өмірлік болмысы тәртіп пен жинақылыққа негізделген, интеллигенттік, зиялылық қасиеттері күшті жан болғандығын бір ауыз сөзбен айта кетсем артық көрменіздер.

Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар! Қазақстанның қоғамдық ғылымдары кеңістігінде қырық жылдай қажырлы қызмет еткен, бар ғұмырын қазақ ұлтының, еліміздегі барлық этнос өкілдерінің бірлігіне, ынтымағына арнаған Марат Мұхамбетқалиұлының еңбегі туралы әлі де айта беруге болады. Бір отырыспен оның ғылыми мұрасын толық қамту қиын да болар. Ондай мақсат та қойылып отырылған жоқ. Сәті түскенде алда да бүгінгі күнімізге, Қазақстан қоғамының келешігіне де қызмет ететін идеяларын, ой тұжырымдарын ортаға салып отырсақ, мұның өзі бір ғанибет тірлік бола беретініне дау жоқ.

Ықыластарыңызға рахмет!

Әдебиеттер

1. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – Т. 1. – 1998. – 512 б.
2. Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Толағай группа, 2010. – 528 б.
3. «Напряженность или гармонизация?» (развитие межнациональных отношений в Казахстане). – Алма-Ата, 1991. – С.103.

ПАМЯТИ УЧИТЕЛЯ...

Николай Беляев

В эти дни отмечается 80 лет со Дня рождения выдающегося казахского учёного, философа и социолога Марата Мухамбеткалиевича Сужикова. Сегодня я живу далеко от Казахстана, в российской глубинке. Вглядываясь в прошлое, сквозь пространство и время, могу сказать крылатую фразу: «большое видится на расстоянии».

Впервые я познакомился с Маратом Мухамбеткалиевичем весной 1977 г., когда работал ассистентом в Карагандинском политехническом институте. В Алма-Ату приехал, чтобы оформить соискательство в Институте философии и права АН Казахстана. Сужиков взялся руководить моей будущей диссертацией, при условии, что я соглашусь работать в рамках той проблематики, которая разрабатывалась вверенным ему отделом ИФП. На тот момент сложившихся научных интересов у меня не было, поэтому я согласился. Хочу отметить, что в период соискательства в Отделе я бывал достаточно редко, чаще происходили обмены печатными материалами, личные встречи в неформальной обстановке.

Запомнился мне стиль работы профессора Сужикова с аспирантами. Определяя общее направление исследования, он избегал жёсткой регламентации путей решения познавательной задачи, приветствовал неординарные подходы, обращал к методам смежных наук. Его интересовали не только философия и социология, но и социальная психология и культурология. Сегодня, осмысливая период 70-х – начала 80-гг. (так называемую «эпоху застоя»), могу сказать, что это были не самые плохие годы в истории Казахстана. Именно продвинутая в научном плане часть казахского общества сделала очень многое в сохранении казахской национальной культуры. Т. е. внешне сохранялось принудительное единомыслие в духе «марксизма-ленинизма» и обязательного интернационализ-

ма, но под этой оболочкой теплились угольки национального самосознания и национального патриотизма.

Помню, какое огромное впечатление произвела на казахстанскую интеллигенцию книга Олжаса Сулейменова «Аз и я». На основе анализа «Слова о полку Игореве» автор показал, что нельзя трактовать историю России и кочевых народов в духе односторонних оценок западнического, либо славянофильского толка. Славяне, тюрки и угро-финны взаимно-действовали на протяжении тысячелетий, подготавливая формирование Российской Империи, а затем – СССР. Именно в 1970-х гг. начинается поворот исторического сознания к евразийству, которое совершенно не воспринималось партийными идеологами. Именно в силу их консерватизма и косности мышления книга О. Сулейменова была официально осуждена партийными инстанциями. Помню, как профессор отзывался об Олжасе одобрительно, называл книгу интересной.

С позиций тогдашней официальной идеологии любые ростки национального самосознания однозначно расценивались как национализм. Всякое обращение к историческим корням классифицировалось как «любование прошлым». В этих сложных идеологических условиях Отдел научного коммунизма ИФП занимался исследованием межнациональных отношений в трудовых коллективах Казахстана. М.М. Сужиков видел противоречия в межнациональных взаимодействиях, причём его трактовка тенденций развития наций не вполне совпадала с официальными взглядами. Как известно, в то время в литературе по научному коммунизму признавались две тенденции в развитии наций: расцвет и сближение. Причём тенденция сближения наций понималась как преобладающая, что должно было, в конечном счёте, привести к слиянию наций в коммунистическом обществе.

Официальная концепция «двух тенденций» была примитивной и совершенно утопической. Даже если рассуждать в категориях «расцвета и сближения», совершенно ясно, что в процессе развития национального расцветают национально-специфические компоненты культуры, что не может не создавать проблем в сближении наций. В силу сказанного, понят-

но, что взаимодействие социального и этнического никогда не приведёт к «изживанию» национальной специфики.

Проблема взаимодействия национальных и социальных интересов была одной из центральных в трудах М.М. Сужикова. Постоянно анализируя данные статистики и материалы социологических исследований, он, безусловно, понимал, что процесс межнационального взаимодействия не обходится без противоречий, но говорить об этом в условиях диктата марксистско-ленинской доктрины надо было весьма осторожно. Марат Мухамбеткалиевич занимался такими сложными проблемами, как взаимодействие социальных и национальных интересов в развитии многонациональной республики, рост национального самосознания и связанные с ним процессы развития национальной культуры. Последующие события 1986 г. в Алма-Ате показали его правоту – в том плане, что игнорирование союзным центром национальных интересов, национальной психологии приводит к серьёзным коллизиям.

В центре внимания учёного находились процессы интернационализации общественной жизни, понимаемые им широко, т. е. не только во внутрисоюзном аспекте, но и в международном плане. Это были первые подходы к сложнейшим проблемам глобализации. Это – то, что сегодня актуально: развитие национальных экономик и национальных культур на фоне нивелирующих тенденций глобальной экономики и политики. Сегодня процесс глобализации не может быть сведен только к экономической и информационной сферам жизни общества, он охватывает науку, культуру, мировоззренческие компоненты индивидуального сознания. Глобализация и вступление человечества в «постмодерн» представляют собой, по сути дела, различные стороны, или грани, единого процесса становления постиндустриального общества.

Глобализация представляет собой универсальное взаимодействие национальных культур, в котором этнокультуры не самодетерминированы, их развитие определяется контекстом социально-экономических отношений, на основе которых они взаимодействуют. Социальные отношения есть тот объективный базис, ко-

торый в процессе развития порождает новые элементы культуры или адаптирует прежние элементы к новым отношениям. Вместе с тем, сущностное единство социальных связей, построенное на рыночных, товарно-денежных отношениях, не означает обязательного достижения единообразия, нивелирования национальных различий в жизни народов. Основой различий является этническое, представляющее неотъемлемое качество национального. Без этнического вообще невозможна преемственность в развитии исторических форм общности людей. Я позволил себе затронуть эти вопросы, чтобы показать, что проблематика, в своё время разрабатываемая М.М. Сужиковым, актуальна и сегодня.

Хочется сказать также о стиле работы М.М. Сужикова с молодёжью. В общении с аспирантами и молодыми сотрудниками отдела он был прост и приветлив. Всегда старался актуализировать творческий потенциал каждого с целью достижения совместного результата. Помню, как при написании коллективной монографии «Интернационализм многонационального коллектива» Марат Мухамбеткалиевич сказал мне: «Надо вложить себя полностью, сделать всё, что Вы можете и даже больше!» Можно считать, что это было принципом его научной работы.

Все грани личности и творческой деятельности доктора философских наук, профессора М.М. Сужикова невозможно охватить в короткой статье. Главное, что он вошёл в науку не только своими трудами, но и десятками подготовленных им молодых учёных. Вспоминая Марата Мухамбеткалиевича Сужикова, скажу: КОП РАХМЕТ, МУГАЛИМ!

Николай БЕЛЯЕВ

С 1977 по 1981 г. – соискатель М.М. Сужикова.

В 1982 г. находился в годичной аспирантуре ИФП АН Каз ССР. Соавтор главы в коллективной монографии «Интернационализм многонационального коллектива». Защитил диссертацию на соискание степени кандидата философских наук в Новосибирске в 1985 г.

В настоящее время живет в России, в городе Балашове Саратовской области. Работает доцентом в филиале московского вуза РАНХиГС (Российской академии народного хозяйства и государственной службы). Занимается проблемами социализации будущих специалистов.

ПРОФЕССОР СУЖИКОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНЫҢ БҮГІН ДЕ АЛАТЫН ОРНЫ БӨЛЕК

Амангелді Айталы

Орыстың «Дух дышит, где хочет» деген бір жақсы сөзі бар. Осыны дәлме-дәл қазақшаға аударма алмадым. Дегенмен, оның астарында «әр шынайы ғалым бел байлап, батыл іске кірісіп, өзінің рухани қасиетін, ерекшеліктерін сол істе табады, қиын болса да бұл істе еңсесі түспейді» дегенді білдіреді. Бұл қағида толығымен Марат Мұхамбетқалиұлына де қатысты.

Марат Мұхамбетқалиұлы ұлт мәселесіндегі Кеңес дәуіріндегі санаулы мамандардың бірі еді. Біз Мәкеңнің көп ақыл кеңесін алып өстік. Заман қай уақытта да қайшылыққа толы. Кеңес Одағында халықтар достығы, интернационализм идеологиясы екі қарама-қайшы үрдістердің қыспағында болды. Бір жағынан, ұлттың мәдениетінің дамуы, ұлттық театрлар, жоғары оқу орындарының ашылуымен бірге ұлттық интеллигенция қалыптасуы ұлттық сананы өсірді. Кеңес заманында әр тарапқа шашырап кеткен қазақ жері жинақталып, жаңа әкімшілік шекаралар айқындалды. Қазақтар Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы деген территорияға шоғырланып, сол жердің иесі болды. Олар өздерін тұтас ұлт (этнос) ретінде сезінді. Сөз жоқ, бұл ұлттық сана-сезімді көтеріп, қазақтың беделін өсірді. Осы атамекенде 1991 ж. тәуелсіз қазақ елі пайда болды. Екінші жағынан, кеңес билігі бір қолымен жаңа ұлт қалыптасуды қолдаса, екінші қолымен сол ұлттарды тұншықтыруға тырысты, бірақ оларды жоя алмады. М.Шоқай айтқандай, «коммунистер «балғасымен жаншып, «орағымен» орап тастап» отырды. Осы екіұшты саясат терең қайшылықтарға әкелді.

Марат Мұхамбетқалиұлы осы екі қайшылықты терең білді. Себебі маған «ұлт проблемаларын зерттейтін ғалым,

– дейді Мәкең орысшалап, – «идет по минному полю, еще попадешь в доклад Кунаева» деп талай мысалдар келтіріп отыратын. Бүгін Марат Мұхамбетқалиұлының ұлт мәселесін зерттеу жұмысында батыл ғылыми ізденістері басым болды ма, әлде сақтығы басым болды ма, деп таразыланса, зерттеу ізденістері басым болды дер едім.

Мәкеңің «Социально-экономические проблемы национальной консолидации (из опыта перехода казахского народа к социализму, минуя капитализм (Алматы, 1968 ж.) еңбегі, ол докторлық диссертациясының негізі еді, біздерге үлкен әсер етті. Күні бүгін де осы еңбектегі ұлт тағдырын талдауы өте маңызды.

Сол кезде, XX ғ. ортасында, ғылым мен технологияның дамуы, демократияландыру, азаматтық біртектілік ұлттық белгілерді бірте-бірте ығыстырады деп болжам жасалған болатын. Ал Кеңес Одағында таптық қатынастарға зор мән беріліп, ұлттық фактордың маңыздылығы мойындалмады.

Ұлттық фактордың әлемде және жеке мемлекеттерде ұдайы өсуі түрліше теориялар мен тұжырымдардың, оның ішінде нигилистік ағымдардың пайда болуы мен тарауына себеп болды. Сол кезде кейбір постмодернистік ағымдар ұлттық қауымдастықтардың ақиқаттығына, нақтылығына күмән келтіріп, оны адамдардың санасындағы ғана ұстаным деп аңызға саятындар көбеюде. Бұл негізінен сан жағынан үстем ұлт өкілдерінің сойылын соғатын ғалымдар жағынан туындап отыр. Оларға сенсек, ұлттық қауымдастық ең алдымен ұлттық сана-сезімнің бірлігі, ол ешқандай да топтық айырмашылық, ерекшілікті білдірмейді. Ұлт дегеніміз жай ғана ұран, адамдарды бірлікке жұмылдыратын идея ғана, ешқандайда да ғылыми категория емес. Ұлт ұғымын ғылымда пайдалануға тұрмайды, сондықтан ғылыми қолданыстан алыстату керек дегенге дейін барды. Бұл бос, бекер сөзді тек кәсіби деңгейі төмен ғалымдар мен саясаткерлер ғана қолдайды делінеді. Ұлт идеясы болмаса, Совет Одағы да ыдырамас еді, деп күні бүгінге дейін айтылуда. Бірақ тари-

хи тәжірибе ұлттық құбылыстардың әлеуметтік және саяси процестердегі мәні сақталып қана емес, күшейгендігін көрсетті. 1972 жылы Оксфордтың ағылшын тілі сөздігінде этникалық мәселелерге (этничность) жаңа мән берілді.

Осы тұста Марат Мұхамбетқалиұлы өз жолын тапты. Әр аймақта, әрбір мемлекеттер тобында ұлттың қалыптасуы, ұлт болып ұюы ерекше, демек, ұлттарды зерттеудің өз ерекшеліктері бар, бір стандартпен өлшеуге болмайды. Назар салып қарасақ, сол кездің өзінде этникалық және нәсілдік топтар қарқынды араласқан АҚШ-та XX ғ. басында өзіндік ғылыми мектептер қалыптасты. Еуропада этностық мәселелер діндермен астарлана бастағаннан кейін, Германия, Ұлыбритания, Франция, Нидерландияда оларға мән беріле бастады. Қоныс аударушылар жаңа мәдени ортаға сінбей, этникалық топтардың өздерінің дәстүрлі қағидаларын, дінін, туыстық қатынастарын, қауымдастық байланыстарын үзбегені еуропалық ғалымдарды, саясатшыларды таң қалдырды. «Этникалық элемент» еуропа мемлекеттерінде жаңа маңызға ие бола бастауы ғалымдардың да назарын аударды.

Марат Мұхамбетқалиұлы XX ғ. 60–70 жж. отарланған халықтардың ұлт болып қалыптасуының әлеуметтік, экономикалық мәселелерін зерттеді. Бүгін бұл мәселе басқа қырынан көрініп, тағы да өте өткір мәселеге айналып отыр.

Аталған еңбегінде отаршыл саясаттың ұлт болып прогресс жолына төселуіне қолмен жасалған кеселдер де зерттеледі. Ол тарау кітапта «Империалистический гнет» деп аталған. Ресейдің отарлау саясаты революциядан кейін жаңа түрде, кеңестік отарлау саясатына жалғасты. Тәуелсіздік алған елдердің ұлттық жаңаруын бүгінгі әдебиетте деколонизация, немесе, отарсыздану дейді. Осы еңбекте Марат Мұхамбетқалиұлы отарсызданудың негізгі бағыттарын зерттеген, олар: ұлттың экономикалық саладағы тұтастығы, ұлт пен жеке адам еркіндігі, рухани тәуелсіздік. Бүгін жаһандану заманында бұл мәселелер тіпті де өткір болып отыр.

Соңғы 20 жылда елімізде оңды этнодемографиялық өзгерістер болды: Қазақстан екі этностық қауымдастық (қазақтар мен орыс диаспорасы) басым болған мемлекеттен, сан жағынан бір этнос, қазақ этносы, басым мемлекетке айналды. Сонымен бірге, соңғы кезде қазақ ұлтының тағдырына бейжай қарайтын үрдіс орын алды. Оның ұлттық мәдениеті, тілі маңызды болмай бара жатыр. Қазақ аман болса бәрі де өзінен өзі шешіледі деген ой басым «Бізге не керек? Тәуелсіздік алдық, ұлы державалар бізді мойындап отыр, әлемдік қауымдастықтың тең құқылы мүшесіміз, енді сол ұлы елдер сияқты ел болуымыз керек» деген сияқты пікірлер айтылуда. Бірақ қазақтың өзін іштей саралауға, тануға жоқпыз, өзіміз бен өзіміз болып ешкімге еліктемей, Алаш арыстары айтқандай, ерікті де, ерекше де ұлт болғымыз келмейді. Осылай бірте-бірте жаңа отаршылдыққа икемделіп, еліктегіш ұлтқа айналып барамыз.

Қазақстан көпұлтты мемлекет деп, қазаққа көптің бірі ретінде қарау орын алып отыр. «Қазақстан ұлты» дегеніміз, Қазақстанға ұлттық мемлекет емес, азаматтар қауымдастығы ретінде қарап, қазақтың құндылықтарын мойындамау еді. Артынша паспортта азаматтардың ұлтын көрсетпейтін бұйрық та шықты. Ол да елде үлкен наразылық туғызды.

Еліктеудің тағы бір түрі Қазақстанға АҚШ-ты үлгі етіп қою болды. АҚШ-та жүздеген этностар бар, олардың барлығы американдықтар делінді. Америка отаршылдары байырғы халықты қырып-жойып, өздерінің тілін, ағылшын тілін, зорлап таңды, үндістер өз елінде шағын ғана топқа айналды, бүгін резервацияларда тұрып жатыр. Бұл мысалдың неге меңзейтінін халық тағы да аңғарды.

Әлемдік тәжірибеде тәуелсіздік алған ұлттық мемлекеттердің бес төмендегідей нақты стандарттары бар.

Біріншіден, азаматтық қоғамда білім мен бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік тілдің басымдығы;

Екіншіден, мемлекеттік тілдің қоғамның барлық саласында халыққа қызмет етуі, мемлекеттік қызметке ұлтына қарамай мемлекеттік тілді меңгергендерді қабылдау;

Үшіншіден, сот жүйесі, құқық қорғау органдарының мемлекеттік тілді, ұлттық мәдениетті, дәстүрді, дінді қорғау міндеті.

Төртіншіден, экономикалық және әлеуметтік салада байырғы халықтың мүддесін қорғау, жер қойнауындағы байлық байырғы халыққа қызмет етеді.

Бесіншіден, азаматтық алу үшін мемлекеттік тілді меңгеруді міндеттейді, меңгермегендерді қабылдамайды.

Осы маңызды бессалада қазақ ұлты өз елінде ұтылып отыр. Сырттан тәуелсіздік алғанмен, өз елінде саяси, әлеуметтік, рухани жағынан қазақтар лайықты деңгейге көтерілуі тиіс.

Кеңес заманында әлеуметтік мәселелерді зерттейтін ғалым-дардың үлкен бір өкініші – саясат пен қоғамдық ғылымның алшақтығы. Белгілі социолог Б. Грушинский өмірден кетерінің алдында «Горький вкус не востребованости» деген мақаласында осы өкінішін, еңбектеріне ешкімнің назар аудармағанына қынжылған. Марат Мұхамбетқалиұлы заманында өз бағасын ала алмаған ғалым. Тек отарсыздану мәселесі ғана емес, басқа да ұлтаралық мәселелерді күрделі қайшылықтарын шешуде оның еңбектері бүгін де маңызды.

ОЛ ЕЛІМІЗДІҢ КӨРНЕКТІ ФИЛОСОФЫ ЕДІ

Марат Дюсенов

Қазақстанның кәсіби философтарының алғашқы легі өткен ғасырдың 60–70 жылдарында қалыптасты. Ол легті құраған ғалым-философтар Қасым Бейсембиев, Нұрымбек Жанділдин, Нұролла Сәрсенбаев, Ағын Қасымжанов, Жабайхан Әбділдин, Қасым Рахматуллин, Әділ Тұрғынбаев, Әбдімәлік Нысанбаевтар болды. Солардың бел ортасында Марат Сужиков те жүрді.

Марат Мұхамбетқалиұлы М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің философия факультетін 1956 ж. бітірді, 1969 ж. докторлық диссертация қорғады. Ол содан бір жыл өткеннен кейін философия бойынша профессор атағына ие болды.

Профессор М.М. Сужиков философия ғылымының әлеуметтік философия деп аталатын саласында қызмет етті. Әлеуметтік философияның маңызды бір саласы ұлт мәселесімен айналысты: соның ішінде – ұлттық қатынастардың қалыптасуы, ұлттық қатынастардың қоғамдағы әлеуметтік қатынастар арасындағы алатын орны мен рөлі және ұлттық қатынастардың болашағы туралы мәселелерімен шұғылданады. Осы салада көптеген еңбектер жазды. Оның «Социально-экономические проблемы национальной консолидации» (1968), «Особенности Октябрьской социалистической революции в Казахстане» (1959), «Образование СССР и социальный прогресс казахского народа» (1972) және «Ұлттың биік мерейі» (1969) атты кітаптары жарық көрді. Ол бұл мәселелер бойынша бүкілодақтық және халықаралық деңгейлердегі ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. Соның ішінде, әсіресе шетелдердегі – Польшада (1967), Чехословакияда (1973) және Кубада (1974–1975)

жасаған баяндамалары айтарлықтай табысты болды. Осылайша ол Кеңестер Одағының ұлт мәселесі бойынша ең беделді мамандарының және теоретиктерінің біріне айналды.

Ал, осы Марат Мұхамбетқалиұлы Сужиковпен мен көп жылдар қатарлас жүрдім. Ол оқыған МГУ-дің философия факультетінде мен де оқыдым. Ол оны 1956 ж. бітірді, ал мен ол факультетті 1957 ж. бітірдім. Студент кезімізде-ақ танысып, пікірлесіп жүрдік. Оқу бітіріп Алматыға келгенімде біраз уақыт Мараттың пәтерінде тұрдым. Ол Желтоқсан көшесіндегі жеке үй болатын. Кейіннен ол да, мен де Ленин көшесінен (қазір Достық даңғылынан) пәтерлер алдық, көрші болдық. Мараттың келіншегі Роза маған сол үйден бір бөлме босатып берді. Жұмысқа орналасқанша сол бөлмеде тұрдым. Роза Маратпен қатарлас жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде, онымен кездесіп, екеуі отау құрған екен. Роза табиғатынан инабатты болып қалыптасқан, жап-жас сүйкімді және өте сыпайы жан екен (мен ішімнен «Марат жарадың!» деп жүрдім, сондай көзқарасты кейіннен Лев Науменко да айтты). Мен келгенде олардың бір кішкентай Балжан атты бөпелері бар екен. Сол Балжан сәби кезінде аздап мазасыздау болды-ау деймін, өйткені жылай беретін, тіпті әкесі мен шешесінің қолынан түспейтін, ал Марат пен Роза бір шаруаларына байланысты айталық киноға бару сияқты, кездерде нәрестелерін маған тапсырып кететін. Ал мен болсам, сол нәрестелерін қолымда ұстап, көтеріп жүретінмін, жылатпауға тырысатынмын. Балжан қарындасымыз қазір көрнекті ғалым және белгілі бір оқу орнының беделді қызметкері. Қазіргі кездерде Роза мен Балжанды көргенде осылардың бәрін айтып, күлісіп аламыз және үнемі бір-бірімізге денсаулық, жақсылықтар тілеп жүреміз.

Менің Марат Мұхамбетқалиұлымен университет бітіргеннен кейінгі еңбек жолымыз да бір мекемеден басталды. Ол Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия және право секторының лаборант қызметі еді. Ал, ол сектор институтқа айналуы барысында – кіші ғылыми қызметкер (МНС) болдық.

Мен кейіннен өзім оқыған МГУ-дің аспирантурасына кеттім, ал Марат сол институттың құрамында қалды, сол институттың маңызды бөлімінде қызмет етті, сөйтіп, ол сол бөлімді басқаруға дейін көтерілді. Осы «Ғылыми коммунизмнің теориялық мәселелерін» атты бөлімінде өмірінің соңына дейін еңбек етті. Жалпы Марат Мұхамбетқалиұлы лауазым дегендерге еліктейтін, табиғатынан ұстамды болатын. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін оның еңбек кітапшасында менінше бір ғана мөр соғылды, ол Философия және құқық институтының мөрі ғана болды-ау деп шамалаймын. Мен аспирантурадан кейін жоғарғы оқу орнына, студент жастарға сабақ беруге ауыстым.

Марат пен Розаның Желтоқсан көшесіндегі үйлері Алматы қаласының бір кездерде жас ғалым философтарының «философиялық үйірмесі» іспетте болды. Өйткені біздер реті келгенде, тіпті келмеген кездерде де, сол үйде болып, танымағандарымызбен танысып, пікірлесіп жүретінбіз. Сол үйде мен Мараттың мамасын да көрдім. Мараттың мамасы Семей қаласында тұратын (өйткені ол кісінің жұбайы, Мараттың папасы, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болатын), бірақ Алматыға келіп-кетіп жүретін. Алматыға бір келісінде үйде Мараттың бірге оқыған жолдас-жораларын және институттың жас ғалымдарын кездестіріп біздерге шай берді. Дастархан басындағы сөзінде анасы – қазіргі оқыған жастарға көңілі толатынын, жастар халқымыздың болашағы екенін және оларға деген сенімінің үлкен екендігін айтты. Ол кісі сол шай кезінде өз қолымен бал қасық көлеміне жетер-жетпес мөлшерінде, дәлірек айтсам төрт-бес тамшы көлемінде әрқайсымыздың шай кесемізге коньяк құйып беріп отырды. Сіздер ой қызметімен айналысатын мамандарсыңдар ғой, коньяк осы мөлшерде ғана ми жұмысын жақсартатын көрінеді, ал оны артық қолдануға болмайды, бармаңдар дейтін. Жалпы ішімдіктермен әуестенбеңіздер деді. Мараттың анасының осы сөздері ылғи да есімізде жүреді.

Мен кейіннен Мараттың әкесін де көрдім. Марат әкесін қатты сыйлайтын еді. Әкесін «біздің қарт» деп отыратын. Оның «біздің қарты» Қазақстанның сол кездегі көрнекті саяси қайраткерлерінің бірі Сужиков Мұхамбетқали Әленұлы еді. Ол кісі біздердің университет бітіріп қызмет жасай бастаған кезімізде Семей обкомының бірінші хатшысы болып істегенін жаңа айттым ғой. Ол кезде обком хатшылары халықтың назарында жүретін. Жас болсақ та, олар және олардың қызметтері біздің санамызда да еді. Олар туралы газет, журналдарда жазылған мәліметтерді қадағалап жүретінбіз, оқитынбыз және олардың әрқайсысы туралы өзіміздің түсінігіміз де болатын. Ал, менің өзімде Мараттың әкесі туралы бірте-бірте қалыптасқан оң көзқарасым болды.

60-шы жылдардың орта кезеңдерінде республикалық газеттерде бірінен кейін бірі екі хабарламалар шықты. Бірінші хабарламада – Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының елу жылдық мерейтойы болғанын және оны Орталық мемлекеттік жоғарғы наградамен марапатталғаны айтылған. Екінші хабарламада – Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы орнынан алынды делінген. Бұл екі хабарламалардың уақыт жағынан келгенде арасы екі-үш айды ғана құрады. Сонда, не болды екен дедік? Кейіннен білдік, Семей обкомының бірінші хатшысы Семей ядролық полигонының халықтың денсаулығына тигізіп отырған зиянын айтып, полигондардағы сынақтардың санын азайтудың қажеттілігін көтеріпті. Ал, Орталықтың мұндай «бастамаларды» қолдамайтындығы баршаға аян. Сөйтіп, бұл хатшы орталықтың қаһарына ұшырапты. Обкомның бірінші хатшысы Сужиковті үндемей-түндемей алып тастауы осыған байланысты екен. Мараттың да тым дауыстамай кейіннен айтқаны да сол болды.

Сонымен, обкомның бірінші хатшысы өзінің алдында тұрған дилеммасын – иә өзінің қара басының биік мәртебесін, лауазымын сақтай беруді, иә халықтың денсаулығын ойлап, оның болашағын қорғауға кірісуді – саналы түрде халқының

пайдасына шешкен екен. Сөйтіп, Сужиков Мұхамбетқали Әленұлы елі үшін қандай қиындықтарға баруға даяр азамат екенін көрсетті. Риза болдық. Міне Мараттың «біздің қарты» осындай қайсар, ұлтжанды, текті тұлға болатын.

Сол жаңағы мен айтқан үйдегі, Марат пен Розалардың бөлмесінде, менен кейін Лев Науменко тұрды. Ол Мараттың МГУде бірге оқыған курстас жолдасы, досы болатын. Онымен мені алғашқыда Марат таныстырған. Ол мінезге бай, философиялық білімдері орнықты және терең студент еді. Міне сол Науменконы Ресейдің бір қарапайым облысынан Алматыға Марат шақырып алып, Философия және право институтына ертіп барып, ғылыми қызметкер болуына көмектесті. Лев Науменко Мараттың және оны қызметке алған институт дирекциясының сенімдерін ақтады, көп күттірмей-ақ өзі құрбылас Институт философтарымен тіл табысып, маңызды, үлкен теориялық мәселелер көтерісіп, табысты еңбек жасай бастады. Институт философтары қатарына сол кезде Лев Науменкомен қатар келген, Георгий Кармышев, Мамия Баканидзелер де Алматы философтарының беделдерін одақ көлемінде бекіте түсті. 1963 ж. жарық көрген Ж. Әбдильдин, А. Қасымжанов, Л. Науменко және М. Баканидзе бірлесіп жазған «Танымдағы логика мен диалектика мәселелері» атты монографиялары Алматы диалектикалық логика мектебінің қалыптасқанын бүкіл Одаққа паш етті. Г. Кармышевтің «Логика Гегеля» атты кітабы сол кезде шықты. Басқа да еңбектер шыға бастады. Кейіннен сол келгендердің үшеуі де, Лев Науменко, Георгий Кармышев және Мамия Баканидзе, елдеріне кеткенімен, әлемге аты дүркіреп шығып бекіп алған Алматының философиялық мектебі, оның негізін қалағандар Алматының жас талантты философтары болғансың, мызғымады, кемелдене түсті, дами түсті. Сол мектепте бүкілодақтық симпозиумдар, ғылыми – теориялық конференциялар өткізіліп тұрды және көптеген монографиялық зерттеулер жазыла берді. Еліміз тәуелсіз мемлекетке айналғаннан бері халқымыздың дүниетанымы

кеңейіп, философтарымыздың ұстанымдары ауқымданып, бүкіл қоғамымыздың философиялық мәдениеті жетіле түсуде.

Профессор Сужиков Марат Мұхамбетқалиұлы жақсы лектор-педагог болатын. Ол қазіргі біздің Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті философия кафедрасында бірнеше жыл бойы жарты ставкада (млшерлемеді) профессор болып жұмыс жасады. Студенттер оны қатты сыйлады және жақсы көрді. Оның философиялық біліміне, оларды тыңдаушыларына жеткізу әдістеріне және теория жүзінде қойылған (айтылған) мәселелерді студенттерді талдауға, талқылауға қалай ынталандыруына, қалай тартатынына дән риза болды. Бізден кейін ол көп жылдар бойына Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетте сабақ берді. Мәкеңнің ондағы педагогикалық қызметтері де табысты болды. Оның педагогикалық қызметтері кәсіби деңгейдегі оқытушылардан кем болған жоқ, тіпті кейбір жақтарында олардан асып түсіп отырды. Осылардың барлығы Одақ деңгейлерінде жоғары бағаланып отырды. Сөйтіп, 1974–1975 оқу жылдары Одақтың «Жоғарғы және кәсіби орта білім беру» министрлігінің шешімімен Куба Республикасындағы қоғамдық ғалымдар мамандарын жетілдіру институтында профессор-кеңесші болып жұмыс істеді.

Марат Мұхамбетқалиұлы Сужиковосындай терең ғалым, ұлағатты ұстаз және еліміздің біртуар жанашыры еді, арамыздан ерте кетті. Тірі болса, биыл ол 80 жасқа шығар еді. Оның тұлғалық бейнесі санамызда көмескіленген жоқ, есімізде жүр. Айтарымыз – «Рухы тыныштықта болсын» деу!

ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК КЕЗЕҢДЕ

Нәби Елікбаев

Ұлт өмірінің қалыптасып жалғасуы мен оның экономикалық-саяси, әлеуметтік өзіндік ерекшеліктері де тарихи құбылыс. Әрбір ұлттың тарихи ерекшелігі тоғысқан мәселелердің жиынтығы болып табылады. Соның нәтижесінде оның рухани, мәдени және психологиялық қасиеттеріне әрбір тарихи дәуірдің белгілері қалып үндесіп отырады. Тиісті тарихи белестер бұл құбылыстарды анықтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырады.

Ұлттық психологияның зерттелуіне байланысты батыста, бұрынғы одақта, кеңес елінде, республикамызда тиісті зерттеу жұмыстары болған. Дегенмен, оның барысында түрлі бағыттағы мектептер мен бағыттар кездеседі. Ондағы ғылыми пікірлер философтар, тарихшылар, заңгерлер, психологтар және т.б. тарапынан орын алды. Әйткенмен, бұрынғы Кеңес дәуірінде ұлттық психологияның мәселелеріне ден қою шетқақпайлыққа ұшырап отырды. Оның табиғатының сыры мен қыры зерттеліп бұқараның рухани дамуы мен тәлімгерлік игілігіне толық қосыла алмады. «Күшті орталықтан» ғана тараған нұсқаулық басқару жүйесі ұлттық психологияның ерекшеліктерінің жете ғылыми саралануына ырық бермеді. Партиялық және таптық бағдар мен бағалау ұлттардың рухани-психологиялық тынысының жетістіктері мен қарама-қайшылықтарын бүркеп отырды. Соның салдарынан халықтар рухындағы ұлтаралық достық бірлігінің ұрандық сипаты басым жатты. Қазіргі кезеңде Кеңес заманындағы ұлтаралық жанжалдар, қақтығыстар т.б. келеңсіз оқиғалар сол достықтың іргетасы мықты әрі орнықты қаланбағанын дәлелдеп отыр.

1. Әлемдік нарықтық қатынастар жағдайында көп мәселелер түбірінен өзгеріп жаңаша түрленуде. Сондықтан, бұл проблема еліміздегі әлеуметтік философия ғылымының қажеттілігіне байланысты зерттеулерді қажет етеді. Соған орай: а) индивидтер, әлеуметтік топтар, ұлттық құрылымдардың дәстүрлі және де жаңа экономикалық және саяси қатынастар кезеңіндегі рухани-психологиялық қасиеттері жайлы;

б) ұлттық психологияға сәйкес тұтас әдіснамалық зерттеулер, ескі мен жаңаның сабақтастығы, қарама-қайшылығы және оның шешімдерін қажет еткен ғылыми дәлелдемелер;

в) нарықтық қатынастар дәуірінің саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени реформаларының рухани-психологиялық және өмір салтымызға үйлесімді қасиеттері, дағдылары, мінез-құлық нормалары туралы әлеуметтік философиялық зерттеулер алға қойылуы тиіс.

2. Қазақстан Республикасының экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени құбылыстарының қоғамдық тәжірибесі, ұлт рухының, оның психологиялық өзгерістерін талдауды қажет етеді. Себебі, жоғарыда атап өткеніміздей бүгінгі этникалық субъектілерге ықылас, нұсқау бұрынғыдай жоғарыдан берілмейді. Соған орай оларды жаңа әлеуметке дайындауда ұлттық психологияның ескерілуі, мінез-құлықтың, ұлттық мүдденің, ұлттық сезімнің және т. б. сәйкестігін қалыптастыру әлеуметтік-ғылыми керек мәселе.

3. Еліміздегі саяси өкіметтің, саяси жүйенің демократиялық мазмұнда қалыптасуы процесінде мемлекеттілігімізді нығайтуда ұлттық психологияны ескермеу мүмкін емес.

4. Әлеуметтік-психологиялық тұжырымдамалар, ғылыми зерттеулер еліміздегі этносаралық процестер мен олардың өзара келісімін, ұлтаралық мәдениетті жетілдіретін, сонымен бірге этникалық тұрғыдан алғанда қазақтардың ішкі ынтымағын нығайтуға қажетті мәселелер.

Ұлттық психологиялық зерттеулер мынадай түйіндік мазмұнға көңіл аударғаны дұрыс сияқты: 1) негізді, дәлелді қасиеттерге әсіресе қайта жаңғыру көріністеріне, алайда олар-

ды жөнсіз бөлшектей бермей, абсолютті мәнге иелендірмеген пайдалы; 2) негізсіз, дәлелсіз қасиеттер. Қазақ ұлтының ішкі сезімдік беріктігін орнықты қалыптастыру оның топтасуы үшін кейбір қасиеттерден бас тарту (рушылдық, трайбализм т. б.).

Ұлттық психологияның зерттелуіне республикамызда кезінде Н. Жаңділдин, М. Сужиков, Н. Сәрсенбаев, Т. Сәрсенбаев, Қ. Жарықбаев және т. б. ғалымдар ат салысты. Қазақ ұлтының менталитеті, рухани-мәдени қасиеттерінің табиғаты, әлеуметтік тәртіптер тұрғысында Д. Кішібеков, Ж. Әбділдин, Ә. Нысанбаев, Қ. Әбішев, З. Сәрсенбаева, Р. Әбсаттаров, Ғ. Есім, М. Қаратаев, С. Нұрмұратов, Қ. Нұрланова, Ж. Молдабеков, М. Изотовтардың еңбектерінде қамтылған.

Өткен дәуірдегі ұлттық психология жайындағы зерттеулер өз дәуірінің саясаты мен идеологиясының нәтижесі екендігіне көңіл аударғаны жөн.

Жалпы ұлттық психологияның ерекшеліктерін талдау оның әдіснамалық мәселелері қамтылған, оның тарихи-әлеуметтік табиғаты, құрылымдық элементтері мен функциясы, Қазақтың ұлттық психологиясының қалыптасуының ерекшеліктері оған отарлық жүйенің ықпалы, ұлттық психологиядағы жатсыну процесінің орын алуының әлеуметтік-экономикалық негіздерін қамтылуы тиіс. Оған қоса Кеңес заманындағы ұлттық психологияның шектеулі ауқымда болғаны белгілі, ал енді оның сипаты толықанда ғана оң мазмұнға ие болады. Бұл зерттеулер тарихи тұрғыдан да байқалуы ықтимал.

Қазіргі кезеңдегі ұстаным, демократиялық реформаларға сәйкес ұлттық психологияның мәні ондағы ескі мен жаңаның үйлесіміне ерекше назар басымырақ аударылуы дұрыс.

Қазақстан халықтарының рухани дүниесіне жалпы адамзаттық қасиеттер, ортақ өмір салтының белгілі ой-жүйесі, ұлттық психология ерекшеліктері, өткеніміз бен бүгінгімізге байланысты қалыптасқан дәстүрлердің бірігіп отырғандығын айту керек. Біздіңше, адамдарды жалпы ортақ тарих, ортақ мүдделер мен келешектегі ортақ тағдырлар байланыстырып отыр.

Мұнда еліміздегі ұлтаралық қарым-қатынас әлеуметтаным мен мәдениетін жүйелі талдануы да аса маңызды. Осы кешендік құбылыстар арасынан «Қазақстандық патриотизм мен ұлттық тәрбие» рухани топтасудың тірегі іспетті қабылдануы тиіс. Қоғам дамуында кез келген мемлекеттің тұтастығы, тәуелсіздігі, қауіпсіздігі, мемлекет дербестігі халықтардың Отанға деген сезімімен, патриотизмінің деңгейімен тікелей байланысты. Қазақстанда патриотизм идеясы ұлттық қауіпсіздік стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде болып табылады.

Аса маңызды қажеттілік Қазақстан Республикасында этникалық қарым-қатынас мәдениетіне олардың арасындағы өзара келісімді жетілдіру арналарына бағытталуы қажет. Мұндағы мәселе қоғамның мәдениеті мен әлеуметтік-психологиялық өрісінің материалдық негіздерін нарықтық заман ауқымына байланысты қайта құру шаралары туралы болуы тиіс. Жаңа еңбек ұжымдарының ерекшеліктері, жаңа еңбек дағдылары мен тәртібі, жаңаша еңбек технологиясы негізгі өмір салтына айналған жағдайда қоғамдық ұмтылыс алға басады.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті – кең ұғым. Ол біріншіден, әрбір ұлт өкілдерінің айналадағы болып жатқан процестерге өнегелілік тұрғыдан түсінік мен баға беруін белгілейді. Екіншіден, әрбір жеке адамның бойында жалпыадамзаттық сананы, ортақ тұрағымыздағы сан ұлт өкілдерінің ортақ достық сезімін қалыптастыруды белгілейді. Үшіншіден, ұлттық және ұлтаралық қатынастар этикасын белгілейді. Жаңа ойлау мен бағалау процестері үшін ұлт мәселесіндегі кез келген істің ақаулы буындарын анықтап отыру да маңызды нәрсе. Ал, ұлтаралық достық мәдениетін жетілдіру үшін ұлттық және жалпы адамзаттық мүдделердің, сонымен қоса еліміздегі ұлттық-тарихи ерекшеліктерінің үйлесім табуы аса көңіл аударарлық құбылыс.

Соған орай қазіргі ұлттар дамуындағы құбылыстар бұл процестердің ұрпақ үшін тәлім-тәрбиенің нұсқасы мен негізі болып қалу керектігі өмір талабына айналып отыр.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында бір партиялық және жеке дара таптың идеологиясы жоқ екені белгілі. Оның орнында мемлекет Конституциясы мен заңдары рұқсат еткен ауқымда партиялар мен қозғалыстар, ұйымдар саяси пікірталас, сындық ойлар, идеяларды жүргізе алады. Осы арайда мәселеде азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығайтудың жалпыұлттық идеяларын жүзеге асыру үшін еліміздегі партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың іс-әрекеті нақтылы анықталды.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің дамуында ұлттық психологияның құрылымдық элементтерінің жетіле түсуінің негізгі факторларына көңіл аударған жөн. Сол процестерді терең білу, тиісті жағдайда орынды бағалап отыру ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне ықпал жасайды, өзара түсіністікке кең жол аша түседі.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті мен келісін, ұлттық идеялар, ұлттық мүдделер, ұлтшылықтың формалары, ұлтжандылық, қазақстандық патриотизм қасиеттерін өрістетуге, еліміздегі этносаралық ортақ рухты жетілдіру мен ұлттық элита мұраларын терең зерттеу мәселелерін қазіргі әлеуметімізге сәйкес келетін проблемалар деп ұсынады.

ТҰЛҒА ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ

Серік Нұрмұратов

Кез келген қоғамның ішкі әлеуметтік құрылымында ұлт мәселесінің орны ерекше. Ол қоғамдағы күрделі проблемалардың қатарына жатады. Ұлт мәселесін оңды сипатта шешіп отырмаған қоғам үнемі шиеленіс пен қайшылықтың, әлеуметтік деградацияның жолында болады, дағдарыстың ішінде өмір сүреді. Профессор М.М. Сужиковтың жарқын өмірі осы күрделі гуманитарлық мәселені ғылыми сараптауға арналғаны ғылыми көпшілікке белгілі. Оның көптеген іргелі ғылыми шығармалары қоғамдағы ұлт мәселесінің әртүрлі қырларын қамтиды. Мәселен, көптеген еңбектерімен қатар «Напряженность или гармонизация? (Развитие межнациональных отношений в Казахстане). – Алма-Ата: Қазақстан, 1991. – 120 с.» [1] деген еңбегі негізінен қоғамдағы ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру мен дамытуға арналған терең теориялық және қолданбалы сипаттағы шығармалар қатарына жатады.

Жоғарыда аталған ғылыми еңбекте тәуелсіз Қазақстанның құрылуы қарсаңындағы еліміздегі ұлтаралық қатынастар мәселесіне қатысты кең көлемдегі социологиялық материалдар берілген болатын. Сонымен қатар автор тарапынан жұмыста көптеген мәліметтерге нақты түсіндірмелер мен анықтамалар жасалынғанын атап өтуге болады. Әсіресе, кеңестік дәуірдің қиындығы мен қайшылықтарының картинасын айқындау елдегі саяси және әлеуметтік процесті анықтау үшін қажет болды. Көптеген диссертациялық зерттеулерде жоғарыдағы еңбекте келтірілген теориялық ұстанымдар мен мәліметтерге сілтемелер жасалынып, олар жас мамандардың жаңа толқынына теориялық бағдар болғанын атап өтуге болады.

Марат Мұхамбетқалиұлы нағыз философ-маман ретінде ұлт мәселесін қарастырғанда негізінен методологиялық бағдарларға жете мән беріп отырды. Ол өз шәкірттеріне теориялық зерттеудің негізгі кестесі мен құрылымын жасауға тікелей көмек беретін. Жалпы ғылыми зерттеу алдымен әдіснамалық бағдардан басталатынына оқырмандарын көңілін аударды. Мәселен, ғалымның төмендегі тұжырымдарынан проблемаға әлеуметтік өмірдегі ерекше құбылыс ретінде барынша маңыз беруін байқаймыз және ол ол мәселені жан-жақты қарастыру қажет екеніне шақырады. «При рассмотрении проблем национальных и межнациональных отношений важно исходить из следующих методологических позиций. Во-первых, выявление общих причин межнациональной напряженности, действующих по всей стране, во-вторых, установление специфики республики и выявление особенностей действия общих, а также специфических причин для региона, вызывающих межнациональную напряженность» [1, 8б].

Шын мәнінде кез келген күрделі мәселенің жан-жақты қырлары бар. Оған сыңаржақты баға беруден артық қателік болмайды. Себебі, «кездейсоқ оқиғалар тізбегі» деп саналған әлеуметтік құбылыстар кейін мүлдем кездейсоқ емес екенін, оның тереңде жатқан себептері бар байқап жатамыз. Демек олардың жете айқындалмаған, бағамдалмаған өзіндік себеп-салдарлық негіздері болады және соларды нақты анықтаумен айналысқанда ғана ғылыми объективтілік пен Ақиқатқа жақындық көрініс береді. Барлық аймақтарда болып жатқан ұлтаралық қатынастардың келбеті негізінен қоғамдағы әлеуметтік әділеттіліктің орнығуымен, адам мүддесін ескерумен астасып жатады. Міне, осы тұста адамаралық қатынастардың өзіндік сипатының, мәдени айшықталуының үлкен этносаралық қатынастар деңгейіне дейін өрбуін байқаймыз. Әрине, қоғамның мәдени деңгейі мен өркениеттік негіздері биіктеген сайын, өзара түсіністік негіздері қалыптасқан сайын бұл саладағы жетістіктер де көбірек көрініс берері анық.

Қазіргі тарихи кезеңде ұлтаралық қатынастар мәселесі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси, мемлекеттік, аймақтық, тіпті, ұжымдық деңгейдегі мәселелерді қамтиды. Себебі, кез келген әлеуметтік деңгейдегі өзекті мәселенің шешімін табу барысында ұлт мәселесін, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің қалыптасуы мен дамуын қарастыру алға шығады. Осыған орай бұл мәселеге үстірт қараушылыққа жол берілмеуі керек. Ол артынан орны толмас өзара этникалық қайшылықтарға, кикілжіңдерге, тартыстарға алып келуі мүмкін екенін ескерген жөн. Жоғарыдағы үрдістерге байланысты қоғам да, қауымдастық та, жекелеген әлеуметтік топтар да, жеке адам да ұлтаралық қатынастар мәдениетіне тәуелді болып келеді. Білікті мамандар ретінде елімізде ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерімен айналысқан профессор М.М. Сужиков пен белгілі заңгер ғалым, академик Г.С. Сапарғалиев осы мәселелерге қатысты өздерінің еңбектерін жариялаған болатын. Марат Мұхамбетқалиұлы Сужиков өзінің ойларын төмендегідей философиялық мағынада түйіндеген болатын: «Ұлтаралық қатынастар мәдениеті алдымен әртүрлі ұлт өкілдерінің тұлғаралық қатынастарының белгілі бір сапалы деңгейі болып табылады» [2, 12–13б.].

Шыныменде, Мәкең көрсетіп отырған тұлғаралық қатынастардың сапалы деңгейіне байланысты мәселеге келсек, ол барлық тарихи кезеңдерді, кез келген этноәлеуметтік кеңістікті қамтитын өте маңызды құбылыс еді, бірақ социалистік қоғамда бұл мақсатты жүзеге асыруға адамдардың идеологиялық нұсқаға қатты байлануы кедергі жасап келді. Жалпы тұлғаның еркін субъект ретінде қалыптасуы мен дамуы, оның рухани кемелденуі негізінен демократиялық қоғамда ғана үйлесімді жүзеге аса алады. Ал, енді қоғамдағы әрбір тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әлеуметтік саланың ғалымдары ертеден назар аударуда. «Адам – Әлем» қатынасы барынша рухани биікке көтерілген сайын әлеуметтік қарым-қатынастардың үйлесімділігі арта түседі. Осы бағыттағы философиялық концепциялардың теориялық негіздері

өнімді, мағыналы болып келетініне сенімдіміз. Адамның тұлғалық жетілуін, рухани кемелденуін күн тәртібіне үнемі қойып отыратын әлеуметтік орта, қауымдастық, саяси жүйе барлық қоғамдағы қарым-қатынастар жүйесіне нәр беретін күшті байқайды. Жеке адамның қандай ұлттың өкілі болғанынан да биігірек тұратын, адамның мәнін айқындауда маңыздырақ рөл атқаратын құндылықтар жүйесі болады ол қоғамдағы рухани құрылымдар әлемі, яғни ол адамгершілік ұстанымдары болып табылады.

Міне осы құбылыс тұлғаның дүниетанымдық жүйесінде анықтаушы, айқындаушы бағдарға айналғанда ғана ұлтаралық қарым-қатынастар жүйесінде үйлесімділік пен өзара түсіністік терең орныға бастайды. Тұлғаның табиғи инстинктерге негізделген сұраныстары мен қажеттіліктері абсолюттенген сайын ол руханият әлеміндегі өзінің қызметін лайықты деңгейде атқара алмайды. Ол осындай кемелденбеген жағдайында әртүрлі тартыстардың құрбанына айналады, ұлтшылдықтың теріс келбетін өзіне бағдар етіп ұстанады. Әрине, ұлтжанды болудың, халқыңа деген іңкәр сезімнің болуы тұлғалық рухани кемелденуге кедергі болмайды, бірақ осы мәселедегі ұқыптылық пен сұңғылалық өте маңызды және ол руханияттағы барлық үйлесімді қатынастардың бастауы болары анық.

Адамдар арасындағы өзара түсіністіктің, өзара келісімнің орны ерекше және қатынастарды орнықтырудың негізгі тетігі төзімділік құбылысы деп танылады. Осындай ұстанымдарға негізделген адамаралық қатынастардың маңызды екенін нақты атап өтуге болады [3, 341 б.]. Кейбір этникалық қауымдастықтардағы адамдар арасындағы өзара сұхбатқа төзімсіздік танытып, басқаның мүддесімен санасуға қабілетсіздігін білдіріп жатудың түпнегізінде адами даму деңгейінің рухани сипаттағы жеткіліксіздігі, шектеулігі аңғарылады. Ал ол қоғамдағы ұлтаралық қатынастарды шиеленістіріп қана қоймай, этносаралық соғыстардың, халықаралық тартыстардың негізгі себебіне айналуы да, жеке

адамдардың тағдырына нұқсан келтіруі де мүмкін. Әлемдік деңгейде өзінің көршілес жатқан елімен кикілжіндерде өмір сүріп жатқан қаншама этностық қауымдастықтар бар екені белгілі. Қырғыз бен өзбек, еврей мен палестиндік араб, түрік пен күрд, орыс пен чешен, орыс пен поляк, грузин мен осетин қатынастары белгілі бір қыспақта, қайшылықта өрбуде, оның себебі терең тарихи, саяси, әлеуметтік-психологиялық қатынастарда, таптаурындарда жатыр деп бағалағанмен әркезде тұлғалық кемелденудің маңызын алға тартқан жөн.

Адами сипаттағы жақсы қасиеттер мен өзіндік қабілеттердің құндылығы тұлғада жеткілікті деңгейде тәрбиеленбегендіктен, оның дамуына тиісті жағдайлар жасалмағандықтан олар бірте-бірте трансформацияға ұшырайды, тіпті, дүниетанымдық жүйеде жойыла бастауы да мүмкін. Соңдықтан ұлтаралық қарым-қатынастар мәдениетін өрбітетін және оны төмендететін факторларды жете білген орынды. Әрбір қоғамдағы мәдени дамудың сапасы мен сипаты, тарихи қордаланған рухани құндылықтардың келбеті зиялы қауым тұрғысынан тиісті бағасын алып отыруы тиіс. Тұлғаның қалыптасуы үшін олардың барлығы маңызды. Жалпы жүйеленген дүниені түсіну ғана оң мағынадағы рухани күш ретінде әлеуметтік ортаны үйлесімдендіруге ықпал жасай алады. Ал ұлтаралық қатынастар мәдениетін биіктетуде, оны барынша дамытуда, өрбітуде жетекші рөлді тек саяси үрдістерден, саяси режимдердің үстемдігінен ғана іздеу, сонымен қана себеп-салдарлық байланыстыру сыңаржақты түсіндірмелер қатарына жатады. Германиядағы фашизмнің XX ғасырдағы көрініс беруі – неміс халқының өткен ғасырдағы рухани дағдарысының салдары деуге болады.

Кез келген халықтың өкілі өзінің отандастарының менталитетінен, салт-дәстүрлерінен, тарихи және мәдени құндылықтарынан алыстап кете алмайды және халық дәстүріндегі өзге тұлғаға, өзге мәдениетке деген құрметтің өзектенуі де осы негіздерге сүйенеді. Жалпы гуманистік қатынастардың өрбуі кез келген заман үшін маңызды. Қазіргі кезеңдегі

нарықтық қатынастар өзімшіл келген тұтынушылық психологиясын бекіте түсуде. Адамдар арасында дарашылдық пен өзімшілдік, жалаң прагматизм пен пендешілік өрби түсуде. Міне, осындай жағдайда Норвегиядағы Брейвик сияқты антиұлғалар өзін әлемге танытуға талпынады. Ондай пенделер үшін адам өмірінің өзіндік құндылығы жоқтың қасы болып келеді. Қазіргі таңда жетілген, өркениетті ел болып саналатын Норвегияда адам санасы уланатындай руханисыздық негіздері бар болғанының белгісі. Одан келіп адамаралық, әлеуметаралық қатынастардағы келеңсіз дүниелердің тікелейгі себебі экономикалық дамудың деңгейі емес, қоғам руханиятының деңгейі, адамның әлемді түсінудегі рухани негіздерінің сапасы екенін байқаймыз.

Қазіргі кезеңде жемқорлық пен сыбайластық туралы көп айтылады. Оны этникалық қауымдастық деңгейінде – трайбализм, рушылдық, жершілдік ретінде көрініс береді деп те түсіндіріледі. Дегенмен, заманауи кезеңмен салыстырғанда дәстүрлі қоғамдағы рушылдықтың жөні басқа болатын, ол адамдардың өздерін тіршіліктегі әртүрлі қиыншылықтардан қорғаудың табиғи инстинктік деңгейі болып келді. Адамдардың осындай өмір сүру тәсілі, тіршілікті сақтауға талпынысы этностың өзіндік санасының терең қатпарларында оңды бағаланып отырды. Тарихи эволюция тұрғысынан алғанда осындай қатынастардың өзі заңды құбылыс болары анық. Дегенменде, ұжымдық санада әлеуметтік әділеттілік заңының сипаты мен маңызы осы табиғи инстинктік деңгейден әлде қайда жоғары тұрды. Оны қазақтың ақын-жырауларының шығармашылығымен таныс кез келген маман аңғара алады. Алдымен ақиқаттың ащы болса да келбетін анықтауға тырысқан қазақ даласының ойшылдары өзінің замандастары үшін тұлғалық рухани кемелденудің үлгісі бола алды. Зиялылық дегеніміз осы.

Ал, енді қазіргі замандағы этностардың өмір сүру тәсілінде өзіндік ерекшеліктер бар екені белгілі. Нарықтық қатынастардың жаһанданған сипаты халық санасы мен

өмір салтында ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық әдет-ғұрыптарды, салттарды, рәміздерді бірден теріске шығара алмайды. Халық менталитетінің құрылымына терең бойлаған құрылымдар әлеуметтік саланың ерекше құбылыстары ретінде заманауи жаңа өзгерістермен бәсекеге түсуде. Жалпы қоғадағы адамаралық қатынастар мен ұлтаралық қатынастар жүйесі өзіндік заманауилық сынақтан өтуде. Ұлт мәселесіндегі қордаланған қайшылықтарды, мәселелерді тиімді мағынада шешудің көбінесе құбылыстық деңгейі ғана қамтылады және оны негізінен қоғамдағы басқарушы органдар мен тәрбиелеуші құрылымдар этносаяси және этномәдени сипатта ғана шешуге тырысады.

Жалпы жоғарыдағы мәселелерге қатысты проблемаларды ғылыми талқылаудан өткізген Алматы қаласында 2006 жылы өткен «Этносаралық келісімнің Қазақстандық үлгісі: тәжірибе және ұсынымдар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның шешімдерінде төмендігі мәселелер айшықталды:

Ұлттық проблемаларды шешудің әлемдік тәжірибесі екі негізгі үлгіге бағытталған. Бірінші (мемлекеттік үлгі) – мемлекеттің этникалық даму мен этностар арасындағы қатынастарды реттеу мәселелерін шешу. (Дүниежүзі елдерінің көпшілігі). Мұндай реттеудің даму механизмі мен құрылымын былай бөлуге болады:

- ұлттық өкілдердің кеңейтілген құрылымын және мүдделерін ескеруі, аз ұлттың құқығын қорғау, этностар арасындағы қатынастарды реттеудің технологиясын меңгерген мемлекеттер (Италия, Нидерланды, Швейцария және т. б.). Бұл елдерде әдетте жергілікті халықтың арнайы этникалық топтары мен жалпы этносаралық қатынастар мәселелерімен айналысатын арнайы ұйымдар бар;

- моноэтникалық бағыты басым, аз ұлттардың құқықтарын арнайы тәртіппен реттейтін елдер (Германияда мұсылман елдеріне келген ұлт өкілдеріне, АҚШ-та үндістерге қатысты және т. б.);

- ұлттың саясаты этникалық топтарға біркелкі қарайтын және аз ұлттарға қатысты қандай да бір саясаты принципті түрде арнайы болмаған елдер (Жапония, Латын Америка елдері).

Екінші үлгі – мемлекеттік деңгейде этникалық проблемалар мен этносаралық қатынастарды жүйелі реттеудің болмауы. Бұл қатынастар кейде аяқ асты пайда болады және шешіліп отырылады (Түркия және т.б. шығыс елдеріндегі жағдайлар) [4, 194-195 бб.].

Әрине, Қазақстан Республикасы сияқты тәуелсіз және полиэтникалық мемлекетте этносаралық қатынастар үлкен маңыздылыққа ие болады және ол елдің тұрақты және демократиялық дамуының негізгі факторы болып табылады. Жоғарыдағы үлгілердің ішінен Қазақстан үшін алғашқы үлгіге қарай ұмтылу тиімдірек деген ойдамыз. Осындай жіктемелер жасаудың өзі ғылыми сараптамалар жасаудың конструкциясы ғана, ал жалпы өмір одан әлде қайда күрделірек деген ойдамыз.

Еліміздің этноәлеуметтік және саяси біртұтастығының объективті алғышарты ретінде, сондай-ақ мемлекеттің сыртқы саяси қызметінің түбегейлі негізі ретінде оның (мемлекеттің) халықаралық-құқықтық актілерді орындау мағынасында Қазақстандағы этникалық диаспоралардың, этникалық топтардың тарихи отаны болып табылатын елдермен қарым-қатынасын реттеуде де оң әсер береді. Қазақстан Республикасының территориясы қазақ ұлтының негізгі мекені. Ал, енді этнодиаспоралық деңгейде өмір сүріп жатқан отандастарымыз басқа мемлекет территорияларында өздерін Қазақстандағы қазақтардың құрамдас бөлігі ретінде сезінгені абзал және олар өздері тұратын елдерінің толыққанды азаматтары екені даусыз.

Жоғарыда айтылған тұжырымдар еліміздің саяси кеңістігіндегі ұлт саясаты бойынша құндылықтық бағдарларымыздың сипатын береді. Индустриалды-технологиялық дамудың пәрменді жолын таңдаған еліміз әлемдік практиканың жетістіктеріне назар аударуда, монымен қатар әрбір

этникалық топтың, оның әрбір өкілінің назардан тыс қалмауының, мүдделерінің ескерілуін қадағалауға тырысады. Жалпы Қазақстан халқы ассамблеясының рөлін де оң бағалауға тиістіміз. Әрине, әрбір қоғамда әрбір этникалық топтың мүддесі қорғалуы тиіс деген ойдамыз. Бұл мультикультурализм саясаты болып табылады. Бірақ қазіргі кезеңде оларға біршама сыни пікір айтылып жүр, жоғарыдағы теория мен практиканың осал тұстары көрсетілуде. Осы жерде жетекші ұлттың маңыздылығы өзектендіріледі. Оның тарихи рөлі мен құқығы алға тартылады.

Сөйтіп, қазақ этносының еліміздегі ұлтаралық қарым-қатынастарды өрбітудегі төмендегі пікірге тоқта-лайық. «Қазақ этносы өзіне тән өзіндік санасымен (яғни «біз» бен «олар» деген бөлінуді сезіну арқылы) этнос қалыптастырған материалдық және рухани мәдениетіне, яғни практикалық әрекеттің құралына, тілдің этникалық формаларына, логикалық категорияларға, адамгершілік және этикалық бағалауларға және т. б. ие болғандықтан толыққанды субъект болып табылады. Қазақ этносы субъект ретінде тілдің, логикалық категориялардың тасымалдаушысы болғандықтан оның этникалық өзіндік сананың объектісі ретіндегі біртұтастығын саналы түрде қалпына келтіруі жөнінде айтуға болады» [5, 30 б.]. Жоғарыдағы айтылған пікірдің логикасы бойынша қазақтар тұтастанған қауымдастық болуға ұмтылатын және осы мағынада әлемдік кеңістікте біршама жетістіктерге қол жеткізген халық болып табылады. Шыныменде, әлеуметтік кеңістікте, ғылыми салада оған дәйектемелер жеткілікті.

Этникалық қауымдастықтардың ерекше сипатын кезінде терең зерттеген Л.Н. Гумилев өзінің ғылыми дәйектемелерін былай деп қорытындылайды: «...Этносты белгілі бір этникалық өрістің тербеліс жүйесі ретінде елестетуге болады. Ал енді осылай болатын болса, онда этностардың бір-бірінен айырмашылығы өрістің тербелістік жиілігінде, яғни әртүрлі этникалық топтардың ырғағының ерекше сипатында. Біз

өзімізге жақын жанды сезінгенде ырғақтар унисонға түседі және үйлесімділікті құрайды; ырғақтар унисонға келмесе, онда біз бөтен, өз адамымыз емес екенін сезінеміз» [6, 44 б.]. Автор пайымдаған тұжырымдар негізінен адамдардың жіктелуіндегі табиғи және психологиялық қасиеттердің басымдық танытуы жағдайындағы көріністерді сипаттайды деген ойдамыз. Жалпы адамның тарихи қалыптасқан әмбебаптылығы мен рухани дамуға бейімділігі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуының қайнар көзі болып табылады. Осы негіздер жөніндегі философиялық терең ойларды профессор М.М. Сужиковтың шығармашылығынан табуға болады. Өзінің барлық дарыны мен зияткерлік қабілетін ғылыми зерттеулерге, ізденістерге арнаған көрнекті профессор қоғамдағы үйлесімділіктің бастауы тұлға қелбетінің үнемі кемелденуінде екендігімен тереңінен байланыстырған еді.

Әдебиеттер

1. Сужиков М.М. Напряженность или гармонизация? (Развитие межнациональных отношений в Казахстане). – Алма-Ата: Казахстан, 1991. –120 с.
2. Сужиков М.М., Сапарғалиев Г.С. Некоторые философско-правовые проблемы совершенствования культуры межнациональных отношений. – Алматы, 1989. – 126 с.
3. Черников В.Е. Диалог культур в условиях мультикультурализма // Наука. Философия. Общество. Материалы V Российского философского конгресса. Том II. – Новосибирск: Параллель, 2009. – 544 с.
4. Н.Назарбаев – этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы / Жалпы редакциясын басқарған Ж.Ә. Әлиев. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 212 б.
5. Котошева Г.К. Теория становления казахского этноса // Қазақ өркениеті – Казахская цивилизация. – 2011. – № 3. – 29–42 бб.
6. Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. – Л.: Наука, 1990. – 234 с.

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МОДЕРНИЗАЦИИ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В КОНТЕК- СТЕ ИДЕОЛОГИИ МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМА

Мухтар Шайкемелев

Практика создания казахстанской идеологии модернизации, опирающейся на собственную идентичность и национальные интересы, в современных условиях приобретает особую значимость. Это – идеология, нового казахстанского гражданского и национального строительства, ставящая интересы каждого жителя республики на первое место, независимо от этнической принадлежности и вероисповедания. В фокусе новой идеологии – вопросы формирования казахстанской нации, объединенной едиными идеалами и ценностями, реализация которых обеспечит независимость и процветание республике.

Возникает вопрос: кто должен стать основным проводником, первоочередным носителем и распространителем идей модернизации, способным донести новую идеологию до простых людей? Таким носителем должна стать новая генерация интеллектуалов-менеджеров (научных работников, чиновников, учителей, журналистов и бизнесменов, юристов и экономистов), в сознании которых национальные, государственные и общественные интересы родной республики – превыше всего. Республика нуждается в энтузиазме и профессионализме нового поколения волонтеров, которые бы донесли идеологию модернизации до аулов и сел, до младшего поколения казахстанцев, для которых законопослушание может и должно стать новой ментальной чертой. Только такая неравнодушная, патриотически настроенная и профессиональная генерация может продвинуть модернизационные процессы, отстоять реальную

независимость в столь непростой экономической и геополитической ситуации, в которой находится Казахстан.

Появление нового поколения молодых специалистов – не просто патриотически настроенных, но на собственном примере реализующих принципы служения родному государству, полагает, в первую очередь преодоление внутриэтнического отчуждения казахского этноса и превращение его в государствообразующий этнос. Только став примером единения для остальных этногрупп казахстанцев, казахи могут рассчитывать на реальное утверждение принципов и предпосылок формирования единого народа Казахстана, объединенного едиными ценностями и устремленного в будущее.

Движение к новой объединяющей ментальности с необходимостью предполагает модернизацию традиции, которая воспринимается определенной частью общества как забвение этнокультурной идентичности. Олицетворением отступничества, по убеждению «настоящих казахов» являются казахи, слабо владеющие казахским языком. Таким образом, актуализируется проблематика гражданского и внутринационального диалога и примирения, которые возможны только в результате создания целостной, приемлемой и ясной каждому казахстанцу идеологии дальнейшей модернизации общества, способной преодолеть внутриэтническую и межэтническую разбалансированность.

В доктрине модернизации общества каждый казахстанец, независимо от степени владения государственным языком, должен увидеть собственное место, ясные и разумные цели и задачи государственного строительства, его методы и механизмы. Нам нужна собственная национальная, а не догоняющая модернизация, берущая за образец не западные паттерны и чужеродные социальные институты, а свои собственные цивилизационные ценности и нормы. Это – та нравственно-нормативная база, которая бы рождала отзвук, созвучие в душе каждого казахстанца. Только такие институты возымеют эффективное воздействие на массовое сознание,

подготовив почву для качественного скачка на иной уровень развития и сотрудничества в создании в Казахстане гражданского и правового общества. Обращенность в будущее, задачи по продвижению реформ, преодолению механизмов торможения, укрепление единства в процессе совместной деятельности должны объединить молодое поколение казахстанцев, принадлежащее к различным этническим группам.

Скрытое торможение или активное противодействие идеологии модернизации является лишь видимой частью основополагающего противоречия между глобальными тенденциями движения к «концу истории» (Ф. Фукуяма), задаваемыми остальному миру ведущими финансовыми и индустриальными державами и идеологией местного национализма и традиционализма, поддерживающей идею государства-нации.

Транснациональному капиталу, поставившему на службу своим интересам неолиберальную идеологию, не нужны разного рода препоны в виде национальных правительств, отстаивающих собственные интересы и интересы туземного населения. По большому счету, они пытаются навязать, развивающимся государствам собственные модели взаимодействия со странами «золотого миллиарда», выгодные исключительно им самим. Отсюда и реакция традиционного сознания на большинство модернизационных нововведений. Национал-патриоты встречают эти нововведения культурно-цивилизационного характера с открытым забралом, потому что это – нормальная реакция всего традиционного на внедрение чужеродного. Инстинкт самосохранения этнической культуры толкает ее носителей к противодействию центробежным тенденциям, которые ее разрушают.

Возникает проблема совместимости традиционного мышления и задач модернизации. Сочетаемы ли они? Необходим ли кардинальный отказ от архаических паттернов мышления, или архетипы бессознательного, подлежат

перемалыванию в жерновах глобализационного процесса? Выход видится только в гражданском согласии и объединении во имя интересов Казахстана. Возможно ли согласие, достижимое эволюционным путем? Неужели для того, чтобы преодолеть разобщенность, отчуждение и гражданскую пассивность, необходимо пройти через глубокий кризис, который изменил бы стандарты потребления, приучил к напряженному, постоянному, эффективному труду и, в конце концов, создал предпосылки для принятия обществом новых норм и ценностей?

Вспомним моменты истории, когда казахский этнос чувствовал себя единым целым. Во время нашествия джунгар, когда на карту было поставлено существование целого народа? Традиционная родовая разобщенность казахов не давала о себе знать и в советский период, когда обескровленный этнос, потерявший в годы коллективизации, большевистского террора и Второй мировой войны половину своей и так небольшой численности, был не в состоянии почувствовать свою общность в виде ясно осознанной казахской идентичности. Ей не давала оформиться навязанная идеологема «советского народа». В таких условиях приобрела почти законченную форму особая, специфическая форма казахского мультикультурализма, основанная на исконно этнических, ментальных чертах кочевой культуры – открытости, доверчивости, терпимости и гостеприимстве, помноженных на невыносимое давление сталинской диктатуры, даже не инсценирующей подобия внешнего интереса к мнению безобидных кочевников. В связи с этим, прояснения требует следующая проблема: насколько сочетается эта форма этнического мультикультурализма с его классической, теоретической концепцией?

Понятие «мультикультурализм» появилось в общенаучном дискурсе развитых стран к концу 60-х гг. XX в. (времени антибуржуазных молодежных волнений в странах Западной Европы). Под этим понятием понимается равноправное со-

существование в едином государстве различных этнических групп с их специфическими культурными и религиозными ценностями. Но не просто сосуществование, а их постепенное слияние в некую новую общность, причем в рамках одной государственной нации и на основе демократических ценностей. В западном, либерально-демократическом понимании культурное многообразие, не связанное с этничностью, предполагает принятие обществом конструктивистской парадигмы в интерпретации этнической идентичности, что соответствует возможности и праву человека на свободный выбор своей этнической принадлежности, социокультурных ориентаций и жизненных стилей.

Бесспорно, что в казахстанских реалиях более адекватной – с точки зрения ментальных и культурно-исторических предпочтений – оказывается примордиалистская парадигма, ставящая этничность в основу формирования нации. Идеологическое и практическое рождение казахстанской нации, согласно западной теории конструктивизма, затрудняется приверженностью значительной части населения идеям этнической идентификации. Но есть и другая ключевая причина, не дающая пока сформироваться единой идеологии, и объясняется она культурными и религиозными различиями двух ведущих этнических групп республики – русских и казахов.

Деррида в своих лекциях перед студентами МГУ на тему: «Национализм и нации» справедливо утверждал, что стремление к разнообразию, непохожести и уникальности есть доминанта современного мира, и поэтому национальное имеет глубоко философское содержание, знаменуя пункты разрыва тотализированного мира и обозначая прорыв к многообразным, вариативным жизненным проектам. Чем более развит человек культурно, тем любознательнее он по отношению к другой культуре. Одномерное понимание характерно для неразвитого сознания. Для такого человека все другие обычаи и традиции кажутся нонсенсом, а центром Вселенной объявляются привычные для него самого нормы и принципы.

С позиции принципа дополнительности подлинно «все-человеческое, сверхнациональное братство недостижимо без

национальных структур, вне которых невозможен подъем человеческого духа и культуры. В свою очередь, истинное *духовное достижение* всегда национально и, в то же время, всегда выходит за национальные подразделения людей, а потому и уводит самих людей за эти пределы, свидетельствуя о некотором подлинном единстве рода человеческого» [7].

Обычно с этническим связывают природные начала, данные человеку природой. Это такие внешние параметры, как цвет волос, кожи, разрез глаз, традиционный тип хозяйствования, определяемый окружающей природной средой. Отслеживание этнического по указанным параметрам обнаруживает, что оно не тождественно языку, культуре или складу психики, а есть нечто, существующее само по себе. В связке «человек – общество» этнические структуры сориентированы не от общества к человеку, а от человека к обществу. Личностные конструкции «я – другое» дают начало культуро- и этногенезу и знаменуют вычленение субъектного сознания из природного континуума.

Как бы ни велика была роль среды, природы, общества и, возможно, иных внешних реальностей в жизни индивида, именно он является самым очевидным носителем, субъектом и творцом социальных реальностей, «...как свободное существо, незапрограммированное в своих поступках и ответственное за них, и, вместе с тем, формирующееся в социальных взаимодействиях с другими людьми в рамках конкретной среды, существующей в пространстве и времени» [8]. О защитной и интегрирующей роли культуры можно говорить лишь признавая то, что эти ценности интегрируются внутри индивида, самим индивидом.

Издержками территориального субстанционализма является недооценка специфики этнического: подведение этической общности под единую территорию оказывается малопродуктивным, ибо утрата связи с родной землей хотя и вызывает определенные новации в социально-экономической жизни этноса, но не начинает «с нуля» развитие культуры и языка диаспоры. Всякая культура вырастает из своего материнского ландшафта, углубляя душевную привязанность человека к почве. Этносы появлялись и исчезали, подчиняясь иным законо-

мерностям. Территория является высшей ценностью как для кочевых народов с их любовью к степным просторам, так и для оседлых народов, привязанных к крохотным кусочкам земли. Она является важной частью их мировоззрения и мироощущения, картины мира, национального сознания, она пропитана кровью и потом предков. Но она становится Родиной главным образом через ценностные отношения, лежащие в основном законе жизни и выживания. Через любовь, ответственность, верность этнического сообщества своим ценностным началам.

К недооценке роли носителей этнического в развитии языка ведет языковой субстанционализм. Как известно, первоначально язык выступал средством общения, и потому на первой стадии развития языка было достаточно 20 слов и жестов, тогда познавательная (информационная) функция языка была весьма ограниченной. Значительное развитие языка происходит по мере осознания включенности каждого его носителя в спектакль социума, мира, диалога культур и народов не только в качестве зрителя, но и актера, играющего свою определенную роль в составе этнической общности, роста общественных способов удовлетворения естественных потребностей. Это означает, что вне развития функций языка его носителями нельзя построить здание национальности, языковая общность вне развития субъекта исчезает. Более того, языковая общность не всегда означает принадлежность к одному этносу. Наличие нескольких языков внутри одного этноса, хотя и не распространенное, но и не совсем редкое исключение. Язык жив благодаря тому, что через него люди передают свои мысли, ощущения, переживания. Еще он жив потому, что его носители находятся в постоянном поиске сходства и различий языка и культурных традиций с представителями других культурных миров. Он жив не одной душой народа, ибо включает разные способы языкового воплощения мысли философствования, заимствованные в межкультурном диалоге.

Подтверждение тому, что современный образованный человек не довольствуется в языковом выражении духом одного своего народа и времени. Анализ базового состава науч-

ной лексики в современных терминологических словарях подтверждает, что национальные языки не так самобытны. Кроме того, «огромное разнообразие языков» свидетельствует о том, какие разнообразные пути осознания человеком действительности существовали и существуют, и как многочисленны и различны формы языков выражения этого осознания. Но, в то же время, исторический процесс открывает нам, что эти различные языки неуклонно сближаются друг с другом... при сохранении и даже развитии своих самобытных черт.

Такое сближение «...есть отражение в языке процесса расширения и усиления связей между народами, обмена знаниями, просвещением, культурами... Общность языка в этом случае – одинаковость семантической системы, при разных формах ее выражения» [9]. С другой стороны, если этнос, утратив территорию, все же может сохраниться как общность, то, *потеряв* язык, свою духовную материю, народ перестает существовать, он распадается. Ибо язык и есть сознание, мышление народа. Агония может длиться десятилетиями, наполняя атмосферу формами вырождения духовности. Неслучайно в отечественной научной и публицистической литературе при определении нации, общности языка отводится одно из первых мест. Язык выступает сущностным и живым основанием национального бытия.

Наконец, без осознанного единства нет ни целого, ни этноса, ни языка. Но сторонники антисубстанционального отрицания значимости, реальности этнического сознания объявляют нацию «аллегорическим и академически пустым словом». Р.А. Тишков и его сторонники считают ее чисто политико-идеологической конструкцией, некоей иллюзорной общностью, используемой для определенных целей и призывают «забыть о нациях во имя народов, государств и культур» [10]. А целеполагание этноса, феномен этнического самоопределения рассматриваются ими как «экзотические подробности», имеющие значение в пределах межличностных взаимодействий (типа выбора невесты), но теряющие свою силу применительно к долгосрочным тенденциям развития социальных систем.

Если А.Г. Здравомыслов в своей релятивистской концепции нации определяет понятие «национальное самосознание» в качестве центрального, т. е. осознание народом самого себя как некоторой общности, отличающейся от других [11], то Л.Н. Гумилев выводит все системные признаки этноса из этнического самосознания: «Этнос – это коллектив особей, выделяющих себя из всех прочих коллективов. Нет ни одного реального признака для определения этноса, применительно ко всем известным нам случаям: язык, происхождение, обычаи, материальная культура, идеология иногда являются определяющим моментом, а иногда нет. Вынести за скобки мы можем только одно – признание каждой особи: «мы такие-то, а все прочие другие» [12].

Вторая половина XX в. отмечена сдвигом в понимании феномена и роли этничности, в соответствии с которым, локальность признается социокультурным феноменом и плюральность становится особенно ощутимой и обретает дополнительную ценностную значимость. Мировоззрение, лежащее в основе национальной культуры, в значительной степени определяет судьбу нации, ее собственный путь развития. При этом влияние национального мировоззрения ощущается практически на всех уровнях бытия нации: на уровне индивидуального существования человека, его быта и стиля жизни, на уровне хозяйственно-экономического уклада общества, на уровне государственного, общественно-политического обустройства.

Разумеется, не все этносы способны к самосозиданию, социальному творчеству в одинаковой мере. Немногие народы смогли создать великие цивилизации, а лишь те, которые смогли подняться над локальным, конечным. Тем не менее, «...важна именно достаточная степень самобытности и оригинальности системы национальной духовности, поскольку в противном случае она не способна сохраняться в сложных для нации условиях и растворяется в других подобных системах... Такое ощущение дает человеку очень важное – чувство укорененности в бытии, обоснованности своего места «здесь и теперь» в мире и истории» [4, с. 258].

Литература

1. Мосунова Н.А., Корнев Г.П. Нациопонимание. Поиск объективных оснований и социальное конструирование. – М.: Алтейя, 2012. –184 с.
2. Капра Ф. Паутина жизни. Новое научное понимание живых систем. –К.: София, 2002.
3. Тагор Р. Национализм. – Пг, 1922. – С. 45, 53.
4. Бытие: Коллективная монография. – Уфа: Изд-во УЮИ МВД РФ, 2000. – 259 с. – С. 255, 258.
5. Батищев Г.С. Диалектика как логика мировоззрения целостно развитого индивида // Материалистическая диалектика как логика. – Алма-Ата, Наука, 1979. – 344 с. – С. 113–121.
6. Ильин И.А. Путь к очевидности. – М., 1993. – 431с. – С. 241.
7. Бытие: Коллективная монография. – Уфа: Изд-во УЮИ МВД, 2000. – 259 с. – С. 258.
8. Лекторский В.А. Человек как предмет исследования // Человек – 2002. – № 3.
9. Конрад Н.И. Запад и Восток. – М.: Восточная литература, 1966. – 516 с. – С. 499.
10. Тишков В.А. Забыть о нации (постнационалистическое понимание национализма) // Вопросы философии. – 1998. – № 9.
11. Здравомыслов А.Г. К обоснованию релятивистской теории. Релятивистская теория нации: новый подход к этнополитической динамике в России. – М., 1998. – С. 12.
12. Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии. Эпохи и цивилизации. – М.: Ирис, 1993.– 576 с; Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – Гидрометеиздат, 1990. – 528 с. – С. 122.

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІ

Абылай Луқпанов

XX ғасырдың 50–90-шы жылдардың екінші жартысында Марат Мұхамбетұлы Сужиков Кеңес Одағының танымал ғалымдарының санатында болды. Ол 1932 жылы Астрахань облысының Калининно деген елді мекенінде дүниеге келген еді. Әкесі Мұқамбетқали Сужиков советтік Қазақстанның белгілі мемлекеттік қоғамдық-саяси қайраткері болған, балаларына, атап айтқанда, тұңғышы Маратқа лайықты тәрбие берген азамат.

М.М. Сужиков 1956 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетін жеткілікті түрде жоғары кәсіби деңгейде бітіреді. 1960 жылы «Артта қалған және қаналған елдердегі социалистік революцияның даму ерекшеліктері» (Қазақстан мысалында) тақырыбына кандидаттық диссертация қорғайды. Ол көпұлтты қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ұлт және ұлтаралық қатынастардың сол кездегі философиялық, әлеуметтік және саяси жағынан аса мәнді, маңызды мәселелерін көтеріп, зерттеумен айналысты. Бұл істе ол орасан зор көрегенділік, біліктілік, ұйымдастырушылық қабілетін таныта білді.

Мен аспирантураға қабылданған 1966 жылдың қазан айында ҚСРО Ғылым академиясының Философия және құқық институты жанындағы ғылым кандидаты Т. Жұмағазин басқарған әлеуметтік және ұлттық қатынастарды зерттеумен айналысатын бөлімде жұмыс істеді. М.М. Сужиков осы бөлімнің белді де беделді, бірден бір көрнекті маманы болды. Мен атақты ғалым профессор М.М. Сужиковтың көп жылдық өмірлік қоғамдық және ғылыми қызметтерін үш кезеңге бөліп қарауды дұрыс деп санаймын.

1. 1950-1960 жылдардың орта кезеңі. Бұл М.М. Сужиковтың есею, мектеп қабырғасында, университет пен аспирантурада өзінің қалауына лайықты философия мамандығы бой-

ынша іргелі білім алып, кандидаттық диссертациясын аяқтап, ойдағыдай қорғауы, ғылыми ізденіс, зерттеу жұмысын өзінің өмірлік жолының арқауы ретінде біржолата таңдау кезеңі еді. Мәкең бұл кезеңде қалыптасқан, ұлт және ұлттық мәселелерді зерттеуші, өзіндік тұғырлы деңгейі және бағыты бар, өзінің еңбектерімен Одақта, республикада біршама танымал белгілі маман болып саналды. Өткен ғасырдың 50–жылдарында бұл мәселелер бойынша Одақтық ғылыми айналымда марксистік-лениндік идеологияның принциптеріне негізделген белгілі қағидаттар толық үстемдік етіп салтанат құрғаны белгілі. Кеңес Одағы біртұтас көпұлтты мемлекет болды. Қоғам өмірінің әр қилы салаларындағы терең өзгерістер елімізді социалистік негізде біртұтас көпұлтты қауымдастық етіп қалыптастырды. Кеңес Одағы халықтары мен ұлыстарының экономикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени жан-жақты дамуы және гүлденуі, олардың өзара ынтымақтастығы мен достық қатынастары заман қисынына сай шыңдыққа айналды. Сондықтан, ғалымның 1950-60 жж. жарық көрген ғылыми еңбектері елімізде ұлт мәселесінің шешілгені, социалистік ұлттар қалыптасып, олардың жан-жақты гүлденуі мен өзара жақындасуы нәтижесінде біртұтас кеңес халқының қалыптасуының аяқталуын барынша дәлелдеп жатты. Атап айтқанда, Егиазарян, С.Калтахчян, И. Цамерян, Вахабов, Тадевосян және тағы басқа да кеңес ғалымдары бұл ретте көп еңбек сіңірді.

Жастығына қарамай-ақ, Марат Мұхамбетқалиұлы өзінің ғылыми зерттеулерімен осы биік деңгейден көріне білді. 1956 жылы басталған жеке басқа (И.В. Сталин) табынуды сынау және онымен күрес науқаны кеңестік қоғамның, әсіресе, оның ғылымы мен білімінің дамуына қатты ықпал еткені белгілі. 1960 жылдардың бас кезінде волгоградтық ғалымдар М.Я. Свердлов мен М.П. Рогачев «Вопросы философии» журналында жарияланған мақалаларында И.В. Сталиннің анықтамасын сынға алды. Бұл өз кезегінде ұлт және ұлттық қатынастар мәселелері бойынша кейбір басылымдар мен осы салада қызмет етуші мамандардың арасында өршіген дискуссияны, сан алуан сыни пікірталастарды туындатты. Әсіресе, «тарихи қалыптасқан

қауымдастық» және ұлттың төрт белгісі туралы тұжырымдар үлкен сынға ұшырады. Дискуссия нәтижесіз болған жоқ, оның барысында ұлт және ұлттық қатынастар теориясы мен практикасының тиімді нәтижелері жоғары бағаланды.

Дегенмен, бұл саладағы ескерілмей келген бұл түсініктердің кейбір тұстары, әсіресе, олардың этникалық сипатқа байланысты жақтары анықталып, бұл саладағы ғылыми зерттеулерді тарихи даму мен заман талаптарына сай нақтылай түсу қажеттілігі дәлелденді. Сөйтіп, ғылыми тұрғыдан маңызды көптеген нәтижелі дәлелдемелер мен ұсыныстар ғылыми айналымға ендірілді. «**Ұлт – әлеуметтік-этникалық қауымдастық**» деп қарастырыла бастады. Бұл арада біз батыс ғалымдарының этнологиялық идеяларының оңды тұстарының ықпалын көреміз. Бұл сол заманның көрнекті ғалымдары С.Т. Калтахчян, М.С. Джунусовтың еңбектерінде, сондай-ақ, «Вопросы истории» журналының қорытынды материалдарында анық байқалды. Дискуссия және оның нәтижелері М.М. Сужиковқа терең ой салды, ықпал етті, оның ғылыми әлеуетін өлшеусіз молайтты және оның шығармашылық деңгейін көтере түсті. Осы бір рухани жетілу Мәкеңе айрықша интеллектуалдық күш-қуат әкелді.

М.М. Сужиков ҚСРО-дағы ұлт және ұлтаралық қатынастарды жаңа бағытта зерттеп және оны түсіндіруде, нақтылап, дамытып бекітуде ғылыми тұрғыда орасан зор үлес қосты. М.М. Сужиков 1968 ж. «Социально-экономические проблемы национальной консолидации» атты монографиясын жарыққа шығарды. Іле-шала, ол осы тақырып бойынша докторлық диссертациясын да дайындай бастады. Бұл жұмыс сол жылы Мәскеуде КСРО Ғылым Академиясының Философия институтында профессор М.С. Джунусов басқаратын «Пролетарлық интернационализм және ұлттық қатынастар» секторының мәжілісінде талқыланды. Мәкеңнің докторлық диссертациясының әдіснамасы, идеялық-теориялық деңгейі және практикалық маңызы еліміздің әйгілі ғалымдары тарапынан өте жоғары бағаға ие болды. Диссертация қорғауға ұсынылды.

Бір айта кететін жайт, сол Философия институты аспирантурасының соңғы курсына оқып жүрген, сектордың қазақстандық аспиранты маған бұл жұмысқа пікір жазу (рецензиялау) міндеті тікелей жүктелді. Мен үшін аса жауапты бұл тапсырманы ойдағыдай лайықты орындап, Марат Мұхамбетқалиұлынан шын жүреппен айтылған алғысын естідім. Нәтижесінде, М.М. Сужиков 1969 ж. докторлық диссертацияны аса жоғары деңгейде қорғап шықты. 1970 ж. Марат Мұхамбетқалиұлына философия профессоры ғылыми атағы берілді. Оның бүкіл Одақта және республиканың ғылыми және қоғамдық қауымдастық арасында ғылыми беделі шарықтай түсті. Міне, сөйтіп зерттеушілік қызметінің *екінші кезеңі* басталып кетті. Бұл кезеңде отандық қоғамдық ғылымда көпұлтты кеңес қоғамының дамуы туралы қалыптасқан қағидаттармен қатар жаңа «кемелденген социализм», «совет халқы– әлеуметтік және интернационалдық қауымдастық» деген тұжырымдар насихатталды.

М.М. Сужиков, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 1994 ж. жылнамасында атап көрсетілгендей, шыныменде «этносаралық қатынастар мәселелері бойынша аса ірі ғалым, ұйымдастырушы» болғанына ерекше тоқталғым келеді.

1960 ж. аяғында КСРО Ғылым Академиясының Философия және құқық институты жанындағы әлеуметтік және ұлттық қатынастарды зерттеумен айналысатын бөлім негізінде өз алдына дербес, қоғамның әлеуметтік және ұлттық мәселелерін жеке зерттейтін екі бағыт, екі бөлім дүниеге келді. *Біріншісі*, әлеуметтік дамудың өзекті мәселелерін зерттейтін философия ғылымдарының докторы В.А. Черняк бастаған бөлім; *екіншісі*, қазақстандық қоғамының дамуындағы ұлттық және ұлтаралық мәселелерді саясаттанулық тұрғыдан зерттеулер жүргізуге бағдарланған Марат Мұхамбетқалиұлы басқаратын бөлім. Сол жылдары елімізде, сондай ақ әлемнің біраз бөлігінде коммунизм, социализм идеясы белгілі деңгейде беделді болды. Кеңес қоғамының идеологиялық негізін құраған бұл маркстік-лениндік ілімді оның үш – философия, саяси экономия және

ғылыми коммунизм атты құрамды бөліктеріне сай, жеке-жеке ғылыми сала етіп шығару принципі маңызды болып табылып, практикада жүзеге асырыла бастады. Мұндай үрдіс КСРО-ның барлық Одақтық Республикаларында кең өріс алды.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде философия ғылымдарының докторы, профессор Қ. Бейсембиевтің басшылығымен «Ғылыми коммунизм» кафедрасы жұмыс істей бастады. Мұндай қажеттілік Қазақ КСР Ғылым Академиясының Философия және құқық институтында да орын алды. Осыған орай құрылған «Ғылыми коммунизм теориясы» бөлімі құрылып, оның меңгерушілігіне институттың аға ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы М.М. Сужиков тағайындалды. Мәкең бұл бөлімнің жұмысын жаңаша ұйымдастырды: саясаттанулық және әлеуметтанулық зерттеулерді қатар, ұштастыра жүргізді, сөйтіп, ұлт және ұлтаралық қатынастарды зерттеу ауқымы мен сапасын мүмкіндігінше жоғары академиялық деңгейге көтере білді. Бұл бөлім 1970 ж. бастап Марат Мұхамбетқалиұлының басшылығымен КСРО-дағы, ең алдымен, Қазақстандағы ұлт мәселесі, ұлттар мен ұлтаралық қатынастардың жалпы және нақты теориялық және практикалық мәселелерін зерттеу және жетілдіру жолында аса белсенді әрі жемісті еңбек етті.

Марат Мұхамбетқалиұлы бөлім құрамын қалыптастыруға мұқияттылықпен қарады. Өзінің айналасына ынталы, білікті, іске келгенде жан аямай еңбек ететін талантты жастарды тауып, жинап, шоғырландырды. Ол ғылымға алғаш келген, зерттеу жұмысынан тәжірибесі аз жастарды ғылыми іздену ісінің теориялық және практикалық қыры-сырымен таныстырды, оларды ынталандырды, нақтылы зерттеу жұмыстарының шеберлігіне баулыды. Мәкең аз уақытта өз төңірегіне жігерлі жастарды топтастырып, оларды ортақ істі атқаруға жеткілікті, қабілетті ғылыми ұжым етіп қалыптастыра білді. Олардың қатарында Т. Сәрсенбаев, М. Тәтімөв, М. Әуезов, В. Спириаді, Қ. Нұрланова, А. Лұқпанов, М. Қаратаев, Г. А. Демаков, А және Т. Қадыржановалар, кейінірек З. Сарсенбаева, В. Курганская және басқалары болды. Осы жылдары бұл бөлім жеке-

леген аймақтарда, өндіріс орындарында, колхоз-сов-хоз еңбек ұжымдарында ұлтаралық қатынастар ахуалын, интернационализм, интернационалдық және патриоттық тәрбие деңгейі мен проблемаларын анықтауға бағытталған әлденеше рет нақты-социологиялық зерттеулер жүргізді. Олардың материалдары мұқият өңделді, жан-жақты терең талданып зерттелді.

Сол уақыттағы және кейінгі 1989 ж. Алматы қаласы Октябрь аудандарының өндірістік кәсіпорындарында жүргізілген нақты-социологиялық зерттеулердің барысында алынған нәтижелер ұлтаралық қатынастардың ахуалының және нақтылы еңбек ұжымдарының әлеуметтік-экономикалық және моральдық-психологиялық ғылыми және практикалық өзекті мәселелерін толық анықтауға және оларды шешу үшін нақтылы шараларды қолдануға мүмкіндік берді. Бұл теория мен практиканың етене ұштастырылуы, қазіргі кезеңде біздің қоғамда күн тәртібінде қойылып отырған ғылым мен білімнің өндіріспен оңтайлы ұштастырылуы міндетімен сәйкес келеді. Осы социологиялық зерттеу жұмыстарының материалдары мен нәтижелері кезінде Республикамызда ірі жеке және ұжымдық монографиялық еңбектер түрінде дайындалып, басылып шықты. Олар ішінде М.М. Сужиковтың «Расцвет и сближение советских наций. Проблемы управления» (Алма-Ата, «Ғылым», 1978); Н.Д. Жаңдильдиннің «Природа национальной психологии» (Алма-Ата, «Ғылым», 1975); Т.С. Сарсенбаевтың «Проблемы интернационального воспитания личности» (Алма-Ата, «Ғылым», 1973); Ұжымдық монографиялар «Интернационализация общественной жизни – закономерность общественного развития» (Алма-Ата, «Ғылым», 1980); «Интернационализм многонационального коллектива» (Алма-Ата, «Ғылым», 1980) атты еңбектері болған еді. Бұл еңбектер республиканың қоғамдық, ғылыми өмірінде көрнекті оқиғалар қатарынан орын алды. Олар республикадағы әлеуметтік-экономикалық, ұлтаралық қатынастарды жақсарту ісіне қомақты үлестерін қосты.

Бұл еңбектер өз кезеңінде Одақ көлемінде танымал, аталған салалар бойынша айтарлықтай іргелі зерттеу жұмыстары ретінде мойындалды. Сонымен, М.М. Сужиковтың қоғамдық,

ғылыми қызметінің *үшінші кезеңі* Кеңестің Социалистік Республикалар Одағының ыдырауы және оның аумағында жаңа тәуелсіз Республикалардың қалыптасып, тарихи аренаға шығуы және дамуымен дөп келеді. Мәкең тәуелсіздікті о бастан қуана қабылдаған адам, ол оның бастапқы кезеңін көрді де, дегенмен, Қазақстан Республикасының кейінгі тарихын, оның ішкі өміріндегі – экономика, әлеуметтік, саяси және мәдени салалардағы терең өзгерулері мен мемлекетіміздің дербес сыртқы саясатының нәтижелерін көре алмай кетті. Ол тәуелсіздіктің мәнін, жақсылықтары мен қиындықтарын терең түсінді. Оны нығайтуды халқымыз үшін қасиетті ортақ іс деп санап, оған қолынан келгенше өз үлесін қосуға тырысты. Мәкең КСРО тарихының ақырғы кезеңіндегі даму үрдістерін, проблемалары мен қайшылықтарын жете зерттеді, терең түсінді.

М.М. Сужиков, өз Отаны мен халқының жаны кіршіксіз патриоты, әрі интернационалист азаматы еді. Ол үшін кеңес қоғамы, кеңес халқы бос сөздер емес-ті. Сондықтан да, КСРО ның тығырыққа тіреліп ыдырауы, оның тарихи аренадан кетуі оны қатты қынжылтты. Біз оны Мәкеңнің 1991 ж. басылып шыққан «Напряженность или гармонизация?» атты монографиялық еңбегінен көреміз. Еңбек Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың дамуына арналған. Мұнда ұлтаралық қатынастардың кеңестік кезеңдегі нақтылы жағдайлары, үрдістері мен қайшылықтары бұл қатынастардың тәуелсіз Қазақстанның келешегіне байланысты талданады. Бұл еңбекте ұлтаралық шиеленістер және қақтығыстар, өндірістік ұжымдардағы ұлтаралық қатынастардың нақтылы ахуалы, ұлттық және ұлтаралық қатынастарды үйлесімдендіру жолдары және интернационалдық тәрбие: оның дұрысы мен бұрысы сияқты аса маңызды мәселелер қарастырылады. М.М. Сужиковтың идеялары тәуелсіз Қазақстан Республикасының ұлтаралық саясатында ескерілді. Осы жылдары Қазақстанда халықтардың, мәдениеттердің және діндердің өзара түсінісуі және бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету саясатының нәтижесінде ұлтаралық бейбітшілік пен келісімді тиянақты жүзеге асырылу негіздері қаланды.

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР АУҚЫМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РЕПАТРИАНТТАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

Әсем Кокушева

Адамның бейімделуі – адам экологиясындағы және басқа да жаратылыстану пәндерінде (физиология, антропология, медициналық география, әлеуметтану, этнография) кездесетін негізгі түсініктерінің бірі. Адамның жаңа қоршаған ортаға бейімделуі – күрделі әлеуметтік-психологиялық үдеріс. Оның негізінде ағзаның жүйелері мен функцияларын, сонымен қатар дағдылы болып кеткен әдет-ғұрыпты, жүріс-тұрысты өзгерту қағидасы жатыр. Адамның бейімделуі – екіжақты үдеріс; адам жаңа экологиялық жағдайға бейімделіп қана қоймай, осы жағдайды өзінің қажеттіліктеріне сай қолайландырып, тұрғын үй, киім, көлік, инфрақұрылым, сияқты өмірді қамтамасыз етуші элементтерден тұратын жүйені құрайды. Адамның бейімделу механизмдері әртүрлі. Сол себептен адамдардың қауымдастығына қарасты қолданылатын бейімделудің келесі түрлері анықталады: 1) биологиялық, 2) әлеуметтік 3) этникалық (әлеуметтік бейімделудің ерекше нұсқасы ретінде) [1].

Биологиялық бейімделу – ортаның өзгермелі шарттарына байланысты ағзаның немесе мүшелердің сыртқы немесе ішкі ерекшеліктерінің, функцияларының өзгеруіне негізделетін адамның қоршаған ортаның шарттарына бейімделу факторы. Ағзаның жаңа шарттарға бейімделуінің үдерісінде фенотиптік немесе индивидуалдық бейімделуді анықтайды. Оны әдетте акклиматизация немесе генотиптік бейімделу деп атайды. Фенотиптік бейімделу жағдайында ағза жаңа ортаның әсеріне жауап қайтарады. Ол өз кезегінде жаңа шарттарға сай ортамен тең салмақтылық сақтауға көмектесетін компенсаторлы физиологиялық өзгерістерге, фенотиптік айнымалыларға негізделеді. Бастапқы, яғни бұрында қайталанған шарттарға көшу барысында фенотиптің бұрыңғы қалпы қалыптасып, компенса-

торлы физиологиялық өзгерістер жойыла бастайды. Генотиптік бейімделу барысында тұқым жолымен берілетін және генотипте этникалық топтардың, расалардың, популяциялардың жаңа мұрагерлік сипаттамалары ретінде орнығады.

Әлеуметтік бейімделу – тұлғаның әлеуметтік ортаға белсенді бейімделуінің үрдісі. Ол өз кезегінде өзінің өмірлік мақсаттарын, мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға септігін тигізетін шарттарды қамтамасыз етуге негізделеді. Әлеуметтік бейімделу біріншіден еңбектің шарты мен сипатына, сонымен қатар тұлғаралық қарым-қатынастардың сипатына, экологиялық және мәдени ортаға, демалысты өткізудің шарттарына бейімделуден тұрады. Әлеуметтік бейімделу үдерісі тұлғаның әлеуметтенуімен, қоғамдық және топтық нормалардың интериоризациясымен тығыз байланысты болып келеді. Әлеуметтік бейімделу тұлғаның өмірлік шарттарға ыңғайлануын (пассивтік бейімделу), сонымен қатар олардың белсенді және мақсаттылы түрде өзгертілуін ұйғарады.

Тұлғада бейімделу әрекет түрлерінің екіншісінің басым болуы әлеуметтік бейімделудің сәтті өтуін шарттайды деген тұжырым эмпирикалық тұрғыдан дәлелденген болатын. Тұлғаның құндылықты бағдарларының сипаты мен бейімделу әрекет түрінің арасындағы тәуелділік анықталған. Мысалға, өзінің қабілеттерін көрсету мен жетілдіруді бағдарлайтын адамдарда әлеуметтік ортамен белсенді-түрлендіргіш өзара әрекетті ұстану қалпы басымырақ, материалды игілікке құштар адамдарда – таңдамалылық, әлеуметтік белсенділіктің мақсатты түрде шектетілуі, ыңғайлылыққа бағдарланған жандарда – бейімделушілік әрекет басымырақ болып келеді. Құндылықты бағдарлар тұлғаның еңбектің сипаты мен шарттарына, демалысқа, тұлғааралық қарым-қатынастың түріне деген талаптарын анықтайды.

Этникалық бейімделу – этникалық топтардың мекендейтін аймақтарының әлеуметтік-мәдени және табиғи ортасына қарай бейімделуі. Осы үдерісті және сонымен байланысты мәселелерді зерттеу тікелей түрде этникалық экология міндетіне кіреді. Этностардың әлеуметтік-мәдени бейімделуінде қоршаған

ортаның тілдік-мәдени, саяси, экономикалық және басқа да параметрлерімен шартталынған өзіндік ерекше жайттар көп кездеседі. Бұл жағдайда жұмыспен қамтылу факторымен байланысты бейімделуді, сонымен қатар «аккультурация» атағын алған тілдік-мәдени бейімделуді бөліп көрсету жөн. Этникалық бейімделудің қалыпты барысы дискриминация, сегрегация түріндегі расизм мен национализмнің көрінуі есебінен қатты күрделініп, тежемеленуі мүмкін. Мекендену ортасының кенеттен өзгеріп кетуі өз кезегінде кері бейімделуге әкеліп соқтыруы да мүмкін [2].

Репатриация және бейімделу үрдістерінің баламалы формалары жаратылыстану ғылымдарының көптеген салаларынан көрініс табады. Физикада диффузия құбылысы кең таралған факторлардың бірі болып табылады. Диффузия (латын тілінде *diffusio* – таралу, сіңу, өзара әрекеттесу) – бір зат молекуларының екінші зат молекуларының арасына өзара енуінің үдерісі. Ол өз кезегінде молекулар концентрацияларының жалпы көлем бойынша тегістелуіне әкеліп соқтырады [3]. Кейбір жағдайларда заттардың біреуі тегіс концентрациялы болып келеді, сол себептен теорияда «бір заттағы екінші заттың диффузиясы» атты құбылыс жиі кездеседі. Бұл жағдайда заттың тасымалдануы жоғары концентрациялы облыстан төмен концентрациялы облысқа қарай жылжиды. Диффузияның мысалы ретінде газдардың (иістердің таралуы) немесе сұйықтықтардың өзара араласуын (суға сия тамған жағдайда, ол бірер уақыттан соң тегіс болады) келтіруге де болады. Екінші мысалды қатты денелерге байланысты қарастырайық: жанасатын металлдардың атомдары жанасу шекарасында араласады.

Қазақ репатрианттарының жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуін әлеуметтік диффузия арқылы сипаттауға болады. Бейімделу үдерісі тарихи отанға келіп, жайғасудың бірінші күндерінен-ақ басталады, өйткені, оларды уақытша мекен ету орталықтарына орналастырады. Осы орталықтарда олар өздері сияқты, бірақ басқа мемлекеттерден келген репатрианттармен және осы орталықтарда әлеуметтік қызметкерлер болып

жұмыс істейтін жергілікті халық өкілдерімен байланысқа түседі. Репатрианттардың басқа репатрианттармен өзара қарым-қатынасы – екі түрлі концентрациялардың өздігінен тегістелуі. Қара шайды сүтпен араластырған жағдайда, ол бірер уақыттан соң өзіндік түс пен дәмға иеленеді. Ол өз кезегінде екі түрлі концентрациялардың тегістелуін білдіреді. Біздің репатрианттарды концентрациялар ұғымының астарында қарастыруымыз тегіннен тегін емес. Әрбір концентрация өздігінен ерекше және біздің түсінігімізде бейімделуді білдіретін әлеуметтік диффузия барысында жетекшілікке алатын ерекше қасиеттерімен өзгешеленеді. Неліктен екі түрлі концентрация тегістелуге ұшырайды? Өйткені, олардың әрбіреуі алғашқы бейімделу үдерісінің кезеңдерін бастарынан кешіреді. Бұл үдеріс тұсындағы «тегістелу» аса маңызды рөл ойнайды. Дегенмен, екі түрлі концентрациялардың өзара тегістелуі барлық жағдайда жүзеге асырыла бермейді. Майды суға тамызған немесе суды майға құйған жағдайға, екі түрлі массаның бір-бірінен бөлек қалқып жүргенін аңғарамыз. Бұл жағдайда тегістелу жүрмейді, өйткені, бір заттың молекулалары екіншінің құрамына енбейді. Су бетіндегі майдың бір тамшысы өздігінен қалқып жүріп, өзінің таза концентрациясын сақтап қалады. Дәл сондай жағдай қоғамда да бақыланады: репатрианттардың белгілі бір бөлігі өзге ұлт өкілдерімен немесе өз айналасында тіл табыса бермейді. Бұл жағдайда репатрианттардың келген мемлекеттерін ескере білу керек. Мысалы, Қарақалпақстанның қазағы Қытай немесе Сауд Арабиясының қазағымен диалог құруға асықпайды, ал Өзбекстанның қазағы Қарақалпақстанның қазағымен оңай тіл табысып кетеді. Ал кейбір репатрианттар өзара қарым-қатынастарға мүлдем түспейді.

Әлеуметтік диффузия үдерісінде бақыланатын екінші құбылыс – бір заттың екінші «тегіс концентрациялы» затқа диффузиялануы. Тегістелген концентрация деп жергілікті халықты қарастыруға болады. Жергілікті халық – бұл тек этникалық қазақтар ғана емес, сонымен қатар орыстар, немістер, шешендер, өзбектер, қырғыздар, грузиндер, яғни полиэтникалық мемлекеттің барлық диаспоралары. Бейімделудің алғашқы

кезеңінде әрбір концентрация екіншісімен тегістеле бастайды. Бұл жерде ескеретін жайт: қоныс аударған кез келген этнос өкілдері қазақ жері мен халқына бейімделген кезде, қазақтар да дәл осындай үдерісті бастарынан кешіріп жатты. Өйткені, басқа ұлт өкілдері жаппай мемлекеттің барлық аймақтарына реттестіріліп, қоныстандырылады. Қазіргі таңда елді мекен-дейтін барлық ұлттар бейбіт және өзара ынтымақтастықта өмір сүріп, тегіс концентрацияның үлгісіне айналып отыр. Өзге мемлекеттерден келген қазақ репатрианттары қалыптасып болған тегіс концентрациямен әлеуметтік диффузияға түседі. Мысалға, мысты алтынмен қаптаған жағдайда, алтынның мысқа деген диффузиясы бақыланады. Дегенмен, қалыпты жағдайларда осы алтын құрамды қабат бірнеше микрондар қалыңдығына жету үшін бірнеше мыңжылдықпен өлшенетін уақытты талап етеді [3]. Бұл мысалда біз мыс ретінде жергілікті халықты, ал алтын ретінде қазақ репатрианттарын қарастырған болатынбыз. Осыған орай, қазақ репатрианттары мен жергілікті халық өкілдерінің өзара сіңісуі көп уақытты талап етеді деген қорытындыға келуіміз объективті тұжырым болып табылады.

Қазақ репатрианттарының жергілікті халық өкілдерімен тіл табысып, өзге ұлт өкілдерімен бірлесе ортақ мүдделерін жүзеге асырулары бейімделу үдерісінің сәтті өткенінің айғағы және көрсеткіші болып табылады. Қазақстандағы этникалық репатриация саясаты нормативтік-құқықтық жағынан қамтығанымен, іс жүзінде оларды жүзеге асырудың нақты механизмдері мен шаралары жасалынбауда, қарастырылмаған. Бұл жағдайда қазақ репатрианттарының кейбір позитивтік құқықтары бұзылып, тұрмыстық қарым-қатынастар аясында белгілі бір кикілжіңдердің өрістеуіне жол береді.

Бейімделу үдерісі аясындағы қазақ репатрианттарының жергілікті халық өкілдерімен өзара қарым-қатынасы әрдайым түсініспеушілік және келіспеушілікпен сабақтасып отырады. Осыған орай, біздің қоғамымызда мүдделері өзгеше бірнеше тараптың, яғни қазақ репатрианттары, тұрғылықты қазақтар және өзге ұлт өкілдерінің диалогы қалыптасады. Дегенмен, бұл диалог әрдайым позитивті қалыпта жүре бермейді. Қазақ

репатрианттары құқықтарының бұзылуы және соның есебінен оларда белгілі бір агрессиялық көңіл-күйдің пайда болуы өз кезегінде тұрғылықты қазақтар мен өзге ұлт өкілдерінің қазақ репатрианттарын «әкелік (мемлекеттік) қамқорлыққа» алуына наразылық білдірумен параллельді түрде жүреді. Бұл жағдайда қазақ репатрианттары мен өзге ұлт өкілдерінің арасындағы қарым-қатынастар жүйесінде «кіріс пен шығыс» механизмі аса үлкен қызығушылық тудырады. 1991-2005 жылдары аралығында қазақ репатрианттарының көп бөлігі Өзбекстан (285 409), Монғолия (71 507), Түркіменстан (41 787) елдерінен келген болатын [4]. Бұл елдер бір ұлтты мемлекет болмағанымен, олардағы ұлттық құрам саны Қазақстанды мекендейтін 5-6 диаспора санымен толады. Осы аталған мемлекеттерден шыққан қазақ репатрианттарына орыс, шешен, ингуш, кәріс сияқты ұлттармен бірлесе өмір сүру, жұмыс істеу, оқу, бизнес жүргізу «таңсық» болып көрінеді. Қазақ репатрианттарының кейбіреулері оларға таңдана қараса, екіншілері олардың мемлекеттік билік органдары мен ірі бизнес құрылымдарында жетекші орындарға иеленуіне, республиканың ғылыми және өнер салаларында еңбек сіңірген қайраткерлер болып мойындалуына наразылық білдіреді. Әсіресе, орыс ұлты мен қазақ репатрианттары арасындағы қарым-қатынастар жүйесі көзге түсер жайттардың бірі болып табылады. Олардың арасында айқын дау-дамай болмағанымен, олардағы өзара толеранттылық (төзімділік) деңгейі төмен. Ол өз кезегінде латентті, яғни жасырын кикілжіңнің пайда болуына түрткі болады. Орыстар мен қазақ репатрианттары арасындағы қарым-қатынас жүйесін «кіріс, шығыс және кері байланыс» атты механизмдерінің көмегімен талдап, қарастыруға болады. Өйткені, екі тарап арасындағы коммуникация ақпарат алмасу жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бір тарап екінші тараптан түскен ақпаратты қабылдап, оны бағалай немесе сынап отырып, өздерінің көзқарастары мен талаптарын сол тарапқа ақпарат түрінде жібереді. «Кіріс» пен «шығыс» механизмдері өз кезегінде адам ағзасындағы зат алмасу жүйесіне баламалы құбылыс болып келгенімен,

оның әлеуметтік ортада атқарар функциялары күрделі және кейбір жағдайларда тәуекелді болып табылады. Белгілі бір жағдайлар есебінен халықтың көзқарасы немесе көңіл-күйін білу үшін «кіріс» және «шығыс» механизмдері арқылы жалған ақпарат айналымға түседі.

1 сурет



Қазақ репатрианттары мен орыстар арасындағы қарым-қатынастар жүйесі

1-суреттегі «кіріс» және «шығыс» механизмдері қазақ репатрианттары мен орыстардың қарапайым тұрмыстағы қарым-қатынастарының айқын сипаттамасын көрсете отырып, латентті кикілжіңнің алғышарттарына меңзейді. Суретте көрсетілген схемаға жағдайлық (ситуативті) талдау жасайтын болсақ, адамдардың қарапайым тұрмысынан бірнеше мысал келтіруге болады.

Мысал: 7-қаңтар күні орыстар, яғни православие дініндегі христиандар өздерінің төл діни мерекелерін тойлайды. Осыған

орай, мемлекетте ресми демалыс жарияланады. Бұл ақпарат репатрианттарға кіріс түрінде барып, олар осы жағдайға орай өздерінің наразылықтарын, шағымдануларын немесе қолдауларын орыстар тарабына шығыс ретінде жібереді. Шығыс пен кірістің өзара алмасуы «кері байланыс» деп аталады.

Әдетте орыстар қазақ репатрианттарын «қара күштің иелері» образында қабылдап, олардың интеллектуалдық немесе даралық қабілеттеріне мән бермейді. Ал қазақ репатрианттары мемлекеттегі орыс ұлты мен тілінің мәртебесі қазақ тілінің мәребесімен тең болғанына іштей наразылық білдіреді. Осындай іспетті қарым-қатынастар этносаралық толеранттылықты күшейтудің шараларын жандандыруды талап етеді.

Белгілі қазақстандық философ, ұлт мәселесі саласының көрнекті маманы, профессор М.М. Сужиковтің «Напряженность или гармонизация» (Алматы: «Казахстан», 1991 ж.) атты кітабында ұлтаралық қатынастар түсінігіне қатысты келесі дәйексөз келтірілген: «любить свою нацию, болеть за нее – во все не значит стремиться к ее замкнутости и обособленности, предаваться иллюзиям о ее исключительности. Такая позиция, ко всему прочему, еще и антипатриотична, антинациональна. С другой стороны, не может не вызывать беспокойства и псевдоинтернационализм», «национальный нигилизм, отрицание национальных ценностей, взаимосвязи интернационального и национального» [5]. Ғалым айтып отырған әлеуметтік жағдайда бір шаңырақ астындағы әр ұлттың немесе диаспораның бөлектенуі, оқшаулануы немесе мемлекет ішіндегі халықтың өзара, ортақ болмысты мойындамауы – осының бәрі саяси жүйенің бифуркациясына әкеліп соқтырып, мемлекетте бөгде радикалды саяси күштердің пайда болуына себеп болады. Келтірілген дәйексөз өз кезегінде әртүрлі тарихи кезеңдерде өзінің растығын дәлелдеп отырған болатын. Адольф Гитлердің басқа расалардан ерекше, қасиетті «арий» ұлтын қалыптастыру саясаты нәтижесінде, Германия халқы үшін қайғылы оқиғамен аяқталды. Тоқсан сөздің тобықтай түйіні келесіде: әр ұлт өкілінің бойына интернационалды

тәрбиені дарыту және оны шыңдау мемлекеттік саясаттың басты назарында болуы тиіс.

Қазақ репатрианттарының жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға сәтті бейімделуі этносаралық қарым-қатынастардың қолайлы өрбуіне түрткі болады. Ал этносаралық қарым-қатынастарды бейбіт формада қолдап отыруда іс-шаралардың тиімділігі қазақ репатрианттарының бейімделу үдерісін жеңілдеті алады. Ол өз кезегінде қоғамдағы ұлтаралық қатынастар аясындағы келісімді нығайта түседі.

Әдебиеттер

1. *Бородюк Н.Р.* Адаптация. Новое в приспособлении к окружающей среде. М.: «Глобус», 1998. – 88 с.
2. *Урманцев, Ю.А.* Природа адаптации (системная экспликация)// Вопросы философии. – 1998. – №12. – 21-36 с.
3. *Бокштейн Б. С.* Атомы блуждают по кристаллу. – М.: Наука, 1984. – 208 с.
4. *Есетова С.* Возвращение на историческую родину: правовой аспект // Казахстанский журнал международного права. – 2006. – №4. – 187–190 с.
5. *Сужиков М.М.* Напряженность или гармонизация. Алматы: «Казахстан», 1991. – 115 с.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІН ЗЕРДЕЛЕУІ

Күлсия Қоңырбаева

Социализмнің алғашқы жылдарындағы қазақ философиясы жазалау мен қудалауға ұшыраған көрнекті қайраткерлердің шығармашылығы арқылы көрініс табады. Олардың шығармашылық әлемі Қазақстандағы халық өмірінің алуан түрлі мәселелеріне арналған қоғамдық ойларды түйіндеді. Рухани ой кешу үрдістері социализм жеңісінің бағыты мен социалистік сананы қалыптастыру жолына түсті. Қазақ халқы өзінің мәдени-рухани, дәстүрлі ерекшелігі мен өзіндік болмысынан күштеп ажыратылды. Жаппай диалектикалық тарихи материализм үстемдік құрды.

Кеңестер Одағындағы көшпенділер өркениетінің құндылықтық-дүниетанымдық даму қарқыны жайлы ой шолу біздің философиялық әдебиетте қазіргі Қазақстандағы рухани әлемнің қалыптасуы мен өмірлік құндылықтардың қалыптасуы жайлы әлі байыпталмағаны туралы атап көрсетеді. Кеңестік кезеңдегі қазақ халқының руханилығы екі әлемнің бетпе-бет келуімен сипатталады. Ол дәстүрлі қазақ руханилығы мен жаңашыл батыс әлемі. Бұл жерде ең бастысы, философиялық дүниетанымдар мен көзқарастардың ортақ мәселесі қазақ қоғамын жетілдіру мен тәуелсіздігі болды. Реформатикалық алаш зиялылары ұлттық мүддені Батыс Еуропалық демократиялық күрес аясында жүргізді. Кеңестік кезең әдебиетінде руханилықты атеистік сипатта қарастыруды басты нысана етті.

Көшпелілердің рухани құндылықтары тоталитарлық жүйенің толық идеологияландырылған жалған құндылықтарымен алмастырылды. Қазақ елінің қалыптасқан экономикасы негізінен мал шаруашылығы болған үрдісті жойып, колхоздар мен совхоздарға күштеп біріктірді. Далалық демократиясы қалыптасқан қоғамнан тоталитарлық жүйеге негізделген

социалистік қоғам орнатты. Осы өзгерген қоғамда ең бастысы адамның субъектілік өзгеруі болып табылады. Бұл жердегі тереңнен біліне бермейтін дүниетанымдық тұрғыдағы өзгерістер әрине құндылықтарды рухани қайта бағалау. Өздерінің нені бағалы деп, нені дәріптеп, құндылыққа балап жүрген жүйесі өзгеру үшін жеке адамдар субъект ретінде елеулі өзгеріске түседі. Басқа сапаға өтіп, соған сеніп, соны қадір тұтады.

Қазақ халқының субъект ретінде өзгеріске ұшырауы осы кеңестік кезең болды. Бұл жерде өмір сүрудің мән-мағынасы болып саналатын құндылықтардың өзгеруі – субъект ретіндегі жеке адамдар басқа бір сапалық өзгеріп, соған сеніп, соны тұтады. Осы субъектілік өзгеріс, оның басқа адам болып өзгеруімен бірге өзін жетілдіру ғана емес, сонымен қатар өзіне тән, өз болмысында мүлгіген мәндік, мағыналық мүмкіндіктерін жетілдіру екендігіне тоқталады. Адамның біртұтастыққа, яғни сан қырлы қасиеттерге көтерілуі оның өзін өзі жетілдіруімен тікелей байланысты. Бүгінгі даму дегеніміз – өткен кезеңдердің тәжірибесін адамдар өз бойына сіңіруге тырысуы [1]. Халқымыздың рухани әлемі өзінің өткені арқылы тамырын жайып содан нәр алды. Ондай мәдениеттің тұңғышына бойлап, оның мән-мазмұнын түйсініп-түсіну адамның рухани өсуіне әсер етеді.

Қазақстанда ұзақ жылдар бойына күштеу идеологиясының үстемдік етуіне байланысты құндылықтық-бағдарлық және реттеуші-тәрбиелік комплекстер этникалық субъектілердің өмір сүру мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіншілік бермеді деп көрсетеді Г.В. Малинин [2]. Кеңестік идеология этникалық мәдениеттің өз арнасында дамуын тежеумен қатар өзін бірден-бір ақиқат ретінде этникалық субъектілер санасына сіңіре де білді. Д.Кішібеков кеңестік кезеңдегі қазақ халқының менталитетіндегі өзгерістерге былайша тоқталады:

1) 20 жылдардың аяғында мыңдаған жылдық көшпелі тұрмыстан күрт өзгеріске ұшырап, отырықшылыққа көшті. Бұл оңай болған жоқ. Елдің үрдісі, дағдысы, өмір сүру тәсілі өзгерді.

2) Өндіріс құрал-саймандарына жеке меншік жойылып, қоғамдық меншік үстемдік құрды, мемлекеттік, қоғамдық

меншікті көздің қарашығындай қорғау қажеттігі қатал әрі ауыр заңдар арқылы халық санасына сіңірілді. 1932 ж. 7-тамызда қабылданған. 1946 ж. ауыл шаруашылық артелінің Жарғысын бұзушылыққа қарсы қабылданған заңдар осының дәлелі. Бұл заңдармен мыңдаған адамдар қоғамдық, мемлекеттік меншікке қол сұққаны үшін сотталып, тіпті ату жазасына бұйырылды [3].

Кенестік идеологияның қазақ қоғамының дамуына қандай кері әсері болатыны жайлы ұлттық зиялыларымыз Қазан төңкерісінен кейін-ақ аңғарған болатын. Олар өздерінің көзқарастарын ғылыми тұрғыдан тұжырымдай отырып, ашық айта алды. Алаш көшбасшылары М. Шоқай, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсын ұлтымыздың Қазан төңкерісінен кейінгі жердегі тағдырын, тәуелсіздігі туралы мәселені теориялық тұрғыдан қайта қарастырды. Большевиктердің түпкі мақсаты мен қазақ зиялыларының ұлт-азаттық мүдделері бір-біріне қарсы келді. Қазақ халқының философиялық ойы XX ғасырдың 30-шы жылдарында өзінше ой-кешетін ұлы тұлғаларынан айырылуымен байланысты үзіліп қалды. Бұл үдеріс сол кезеңнің саясаты мен биліктің жантүршігерлік қаталдығымен, репрессияға, яғни қуғын-сүргінге ұшырату және адамдарды өлтіру түрінде жүргізілді. Қазақ философиялық ойының табиғи-тарихи даму жолының нақ осы кезеңде үзілгендігі туралы О.А. Сегізбаев: «КСРО-да керісінше түсіндірілген бұрмаланған марксизмнің (ұзақ жылдар үстемдік еткен) басқасын қойғанда осы елдің құрамына табиғи-ұлттық айырмашылықтарымен кірген халықтардың философиясын жоғалтуына әкеліп соқты» – деп дәл көрсете білді. Ұлттық тамырынан, рухани нәрінен айрылған жасанды, бөгде әлемді қалыптастырды. Дәстүрлі қоғамның философиялық ойлау үрдісі кеңістік пен уақыт аралығында сабақтастығынан ажыраған еді.

Социалистік кезең сонымен қатар, ұлттың психологиясына өзінің терең іздерін қалдырды. Кезеңдегі халқымыздың өзіндік-психологиялық және мәдени өзгерістерге жетелеген күрделі әлеуметтік-саяси процестердің бірі – мәдени революциясы деп жазады Н. Елікбаев. Ғылыми әдебиеттердегі осы мәдени революция туралы көптеген пікірталастармен қатар, XX ғасырдың

20–40-шы жылдары болған өзгерістер мен табыстарды түбірінен жоққа шығара алмаймыз. Осы үдерістің қадамы мен оңды нәтижелері туралы пікірлер жаңаша ойлау мен бағалау кезеңіне дейін жетістік ретінде, зор ықыласпен бағаланып келді. Мәдени революция қоғамның рухани өмірін өзгертуге арналды. Мәдени революцияның жалпы заңдылықтары: адамдар санасындағы ескіліктің зиянды қалдықтарын жою және адамгершілікке тәрбиелеу; ғылыми көзқарасты қалыптастыру; қоғам ісіне берілген жаңа халықтық интеллигенцияны өсіріп нығайту; халық ағарту жүйесін социалистік жолмен қайта құру; жалпы халықтың мәдени-техникалық дәрежесін өсіру; социалистік мәдениетті қалыптастыру және дамыту; барлық еңбекші бұқараға мәдениет ошақтарын пайдалануға жол ашу және т.б. мәселелер қамтылды [4, 61-62 бб]. Ұлы ағартушыларымыздың армандары жүзеге асқандай болды. Ғылым, білім игерілді. Бір қалыпқа құйылып, сомдалған коммунизм адамын тәрбиелеп, қалыптастыру басты мақсат етілді.

Осындай прогрессивті жылжулармен қатар, жабайы түрдегі әрекеттер де бой көрсеткені белгілі. Кеңестік кезеңнің солақай саясаты салдарынан халқымыздың мәдени мұралары «ескіліктің қалдығы» деген айдармен жойылып та кеткен кездері болды. Большевиктер «мешіттерді, кесенелерді, шіркеулерді қирату» деген айдармен вандализмге жол ашты. Кеңестік кезеңнің осындай сорақылықтарын отандық философ М.С. Бурабаев өз зерттеулерінде ашып көрсеткен болатын. Араб әрпімен жазылған әдеби мұраны құртудың қате екені жайында: «қазірге шейін «мұсылмандық» әдебиет деп аталып жүргендердің барлығы діншіл деп есептеді. Ол дұрыс емес. Оның «мұсылмандық» деп аталуы оның мұсылман халықтарының тілінде араб әрпімен басылуында. Ол әдебиеттердің арасында социал-демократтық, марксистік басылымдар болды» – деп жазды [5]. Халықты діннен бездіру дөрекі түрде талап етілді. Дін дінсіздікпен, атеизммен алмастырылды. Қорқыныш, үрей тудыра отырып өздеріне құлақ кесті бас шұлғитын құлдық сана қалыптастыруға тырысты. Ұлттық құндылықтар «отаншылдық», «ұлтшылдық», ендігі жерде «интернационализм», «топшылдық» деген ұғымдармен жаңа-

жасанды моральдық қағидаларды ұстанумен айырбасталды. Саяси атқа айналған «пантүркішіл», «панисламшыл», «ұлтшыл-уклонистер» деген жарлық біздің ұлттық зиялыларымызға тағылды.

Ұлтымыздың зиялы қауымы кеңестік қоғамның темір құрсауында халқымыздың ғасырлар бойы жиған-терген рухани мәдениетін қайтсе де жаңғыртып, кәдемізге жаратуға тырысты. Олардың негізгі мақсаттары халқын рухани жетілдіру еді. Солардың қатарында Сәкен Сейфуллиннің Қазақстан үкіметін басқарған кезде ұлтының болашағы үшін көптеген шаралардың жүзеге асуына атсалысқаны белгілі. Халқына теңдік күн туды деп сенді, сол жолда аянбай еңбек етті. Оның шығармашылығының негізгі өзегі – әділдік, теңдік, егемендік сияқты әрқашан прогресшіл ойшылдыққа тән ұғымдар болғанын көреміз. 1923 жылы «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген айбатты мақала жазып, орыс тарихында, тілінде «қырғыз», «Киргизия» болып келген «елдің 1925 жылы Қазақстан» аталғаны рас болса, онда Сәкен ұлтжандығының үлесі жоқ деп кім айта алады? «Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірісуге біреу «ұлтшыл» деп айтады деп бой тартады. Бірақ ол – қулық, бұл коммунистік қылық емес, ол жарамсақтық, жағымпаздық. Кейбір сасық, жалмауыз, демагог өзін «жақсы коммунист екен» деп айтсын деп қазақ тілін кеңсеге кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды анау ұлтшыл, мынау ұлтшыл дер, одан сескенбеу керек» дегенді Сәкеннен басқа кім айтыпты, кім жазыпты? Сәкен ой-пікірінің, жанды екені осыдан-ақ көрінеді [6]. Екіжүзділік пен қорқақтықты жаны сүймеген жалынды ұлтжанды рухани жетілген Тұлға сол өзі сенген, қызмет еткен қоғамның құрбаны болды.

С. Сейфуллин Қазан төңкерісі арқылы қазағын теңдікке жеткіземін деп сенді, сол жолда турашыл, әділ болды. Сәкен – өзінің көзқарасы, іс-әрекеті үшін әрқашан да тарих алдында толық жауап бере алатын ұлы тұлға, социалистік деп аталатын заманның ардагер азаматы болды. Осы қасиеттер оның қоғамдық, мемлекеттік, өнерпаздық қайраткерлігімен жарқырап көрінеді, еңбекші елдің рухани көсемі, жаңа

заманның жыршысы, жаршысы ретінде халық құрметіне бөленеді. Сәкеннің Тұлғалық даралығын баса көрсеткен бұл мақаладан, рухани жетілген адамға тән ізгі қасиеттерді табамыз. Өзінің «Тар жол тайғақ кешу» атты шығармасын сол кезеңнің шындығына арнап, Кеңес үкіметінің орнауын құптап, қазағының қараңғылықтан, құлдықтан құтқарылатына сенді. Сол жолда аянбай еңбек етті. 1923 жылы 28- қаңтарда Орынборда өткен (А. Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойын жоққа шығару туралы қаулыға) қарамастан, жиынға қатысып, оны өзі басқарды. Бұл нағыз ержүрек, өзінің көзқарасын, бағасын ашық айта алатын батыл да, адал адамның іс-әрекеті. С. Нұрмұратовтың «...адамның нағыз адамдық бейнесі руханилығы тұлғааралық қатынаста қалыптасады» [7] деген тұжырымы Сәкен сияқты тұлғаларға тән мәрттікті сипаттайды. Бұндай қадамға бару үлкен адамгершілікпен қатар аса батылдықты да қажет етеді. Ол батылдықты ерлікпен пара-пар.

С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романы тарихи деректерге сүйене отырып жазылған. Бұл шығарма кезеңнің шындығын ашып көрсетуімен құнды. Н. Ақыш «Сәкеннің Кеңес дәуірінде қозғалмауға тиісті ұлт араздық мәселесін бүркемелей алмай, ашық айтқандығын бүгінгі таңда да батылдықты ретінде жоғары бағалағаны абзал» деп қазақ совет әдебиетінің классигі, шығармалары таптық көзқараста жазылған деген сыңаржақты талдаудың заманы өткендігін атап көрсетеді [8, 183 б.]. Тарихи мемуарда «Қазақ арасы жаман», «Астыртын жауласу әсіресе алыс жердегі, көп жерлерде шеткі орыс поселкалары мен қазақ арасында жаман көрінеді» – деп өмір шындығын жасырмай айтады [9].

Бұл Сәкен көзімен көрген шындық. Өз ұлтының жанашыры оны бүтін қала алмады. «Қазақ совет әдебиеті» лениндік ұлт саясатының жемісі – нәтижесі – деп жазды қазақ философы Ғ. Есім. ...Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың ұстанған дүниетанымдық бағыт-бағдарлары «қазақ әдебиеті» мен «қазақ совет әдебиетінің» арасындағы қайшылықтарды біршама ашып бере алады. Біршама дейтініміз Мұхтар Әуезовтің де кеңес өкіметіне сеніп берілмесе де, ізет еткен тұстары баршылық,

Сәбит Мұқанов жөргегімде табым деп жылап жаттым десе де, халықтың тарихы, мәдениеті дегенде өзінің «қызыл» екенін ұмытып, ақсақалдыққа салынып, өрелі ойлар тастаған тұстары көпшілікке белгілі [10, 162–163 бб.]. Автор «Қазақ совет әдебиеті» классиктерін бүгінгі ғылыми тұрғыдан әділдігін айтып, зерделейді. Зиялыларымыз тар жол, тайғақ кешу кездері де ұлт руханиятын жетілдіруді басты мақсат етті.

Олар кеңестік идеологиялық құрсаулардан рухани мұраларымызды арашалай отырып, әсіресе қоғамдық ғылымдар мен білім жүйесінде мемлекеттік монополия, қасаң идеологияшылдық, әсіресе мәдени-рухани құндылық-тарымызды парықтауда еуропашыл көзқарастар басым болып тұрған кездің өзінде ұлыларымыз бен мәдени-мұраларымызды заманға сай жаңғырта алды. Ұлттың сана-сезімін ояту, елішінің алауыздығын жою, адам мінез-құлқын түзеуді мұрат тұтқан Абай тұлғасын кескіндеу, рухани дамуымызға дер кезінде қосылған зор үлес деп білген жөн. Бұл еңбек М. Әуезовтің азаматтық терең-тебіреніс толғаныстарынан кейін жазылғандығын көре-міз. Бұл жайында сыншы С. Әшімбаев былай деп жазған болатын: «Әуезов өткен дүниені қайта жаңғыртқанда, сол өткеннің өзінде халықтың бар қадір-қасиеті, жақсылығы мен жаманшылығы да құс жолындай сайрап жатқанын көре білді. Олардың ішінен басқаларды сүйсінетіндей жақсы жақтарын, күйіндіретіндей жаман мінездерін де реалистікпен ашып көрсетті.

Сондықтан бұл эпопея тек Абайдың ақындығын ғана емес, Абайды туғызған халықтың ақылдылығын, жан дүниесі сұлулығын, адамгершілік парасатын өміршең тіршілік мұраттарын, сондай-ақ трагедиялық мінездерін айқара ашып бергендігімен құнды... Кейде әдебиетте әлдекімдердің атақ алып, даңқын шығарып кетуіне реакциялық саясат араласып кеткені бар. Ал, Әуезовтің ғасырлар бойы жасалып келе жатқан терең тамырлы әдебиеті, өркендеген мәдениеті бар Батыс оқырмандарының жүрегін жаулап алуына ешқандай саясаттың қатысы жоқ. Таза өнер құдіретінің ақберен күші... Әуезов Абайды жазбауға ешбір мүмкіндігі болмаған шақта ғана қолына қалам алғандығына таласып жатудың қажеттігі

шамалы болар. Олай дейтініміз Әуезовтің бүкіл халық тағдыры жайлы айтар философиялық толғамды ойының, суреткерлік концепциясының ішіне кептеліп, сыртқа шықпай қалуы мүмкін емес еді» [11, 65–66 бб.]. «Абай жолы» эпопеясы арқылы халқымыздың бүкіл әлеуметтің – рухани болмысы ашылып-айшықталған. Адамдардың әр саладағы тамаша туындылары – адамзаттың жаратымпаздық қуатының шарықтау шектері, белгілі бір қайталанбас жаратушы тұлғаның өзіндік дамуының көріністері. Олар – адамзатқа әрбір жаратымпаз тұлғаның ұсынатын өзіндік жолы да [12. 257 б.]. Коммунистік идеологияны өз көзқарастарының қаруы етіп ұстанған ғалымдар тобы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында қазақтың көпшелі өмір-салтын әспеттеді, идеялизациялады, ауыл өмірі маркстік тұрғыдан ашылмаған деген айыптар тағып әшкереледі. Кейбір реакцияшыл Дулат пен Шортанбай сынды ақындарды насихаттады. Өйткені олардың шығармашылығында дәстүрлі қазақ қоғамының өз ырғағында дамуын жақтап, болашақта орыстан келер қауіпті дәл-дұрыс болжап сақтандыру бар еді. Кеңестік Қазақстанның революциялық өміріне кері әсер ететін эпостар мен ақындар шығармашылығын үгіттеуші ретінде айыптар тағылды. Тіптен кейінгі 1953 жылдардың өзінде жазушыға «Едіге батыр» жырының бай-феодалдық нұсқасын (феодал ақын Марабай жырлаған) халық шығармасына жатқызды. Осыдан-ақ Әуезовті қазіргі күнге шейін қазақ әдебиетін тануға өзінің буржуазиялық-ұлтшыл тұжырымдарын тықпалап жүргендігі жайлы мақала жазды [13]. Ұлттық қайнар-көздерді тұншықтырып, халықтың інжу-маржандарын қара тасқа айналдырған ақ пен қараны ажырату бір қалыппен өлшенді. Ол асыл дүниелер солақай саясат құрбаны болды.

Кеңестік дүниетанымдық көзқарастар бойынша халқымыздың жыр-дастандары да, оны жырлаушы да тапқа бөліну керек. Шығарманың мәнділігіне назар аударылмайды. Сол мәнділіктің тарихи алуан түрлі типтері мен формаларын рухани өмірде айқындап, негіздеп, дамытып жасайтын, туғызатын философиялық бағыттар мен ағымдар. Қазақ рухани мұралары осылайша маркстік-лениндік философиялық көзқарастар

тұрғысынан бағаланды. Ол жалғыз ақиқат. Коммунистік идея қаншалықты игілікті болса да, өзінен басқаның бәрін жалған деп тәрк етті.

Әдебиеттер

1. Мұсаева Н. Мүлгіген жанды рух оятар // Ақиқат. – 1998. – № 8. – 52–53 бб.
2. Малинин Г.В. Известия МОН РК. Серия общественных наук. – Алматы: НИЦ Ғылым, № 6. – С. 9.
3. Кішібеков Д. Қазақ халқының мінез-құлқы, ойын-сауықтары, рухани тіршілігі // Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 81–99 бб.
4. Елікбев Н. Дәуір тынысы: қазақ ұлтының психологиясы. – Қарағанды: КР ІІМ Қар ЗИ, – 200 б.
5. Бурабаев М.С. Становление социалистического сознания в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1981. – С. 249.
6. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин қазақты мәдениетті, өркениетті елдер қатарына қосуды армандаған тұлға // Ана тілі, 9–15 маусым, 2011 жыл. – № 23 (1071).
7. Нұрмұратов С.Е. Жаһандану және философиялық пайымдаудың ұлттық типі // Әлемдік және қазақ философиясындағы антропологиялық дискурс. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 471 б. – 345 б.
8. Ақын Н. 1920-30 жылдардағы қазақ романындағы ұлт-азаттық идея // Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 304 б.
9. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1960. – 38 б.
10. Есімов Ф. Сана болмысы; Саясат пен мәдениет туралы ойлар. – Алматы: РИМП Эксиго – ПКП Венере, 1994. – 224 с.
11. Әшімбаев С. Ақиқатқа іңкәрлік // Әдебиет және өнер жайлы ойтолғау. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 256 б.
12. Әбішев Қ. Философия (оқу құралы) Алматы: Ақыл кітабы, 1998. – 266 б.
13. Габдуллин М. О состоянии и задачах изучения казахского эпоса // Вестник АН Каз ССР. – 1953. – № 4. – С. 17–18.

XX-ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жазира Ошақбаева

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын нәрсе, бұл ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар. Қазақстандағы ұлттық идея қазақтармен бірге дүниеге келді, әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Ұлтқа деген құрмет ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Жалпы ұлттық сана төмен болса халық халықтық қасиетінен айрылады. Мұндай кезде ұлттық мүдде жеке бастың пайдасының құрбаны болады.

Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әр қоғамның ұлттық идеясы, ұлттық бірігушілік жайлы өз түсінігі бар. Мұратсыз ұлттың ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Қазақ рухын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді, яғни, ұлттық мүдделер негізінде жүргізуді талап етеді. Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады.

XX ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ сахарасында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез қазақ халқы тарихындағы ең бір талмау тұстардың бірі болатын. Алаш ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық

билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс соғына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген бір заман болды. Қазақ жеріне орыс мұжықтарын тобымен орналастыруға байланысты еркін көшіп-қонып жүру үрдісінің де тынысы тарыла бастады. Дәстүрлі ырғағынан айрылған тіршілік салтының кесірінен барша қазақ баласының бір-бірімен хат-хабар алмасуы мен өзара қарым-қатынасы да іркіліске душар болды.

Алашорда қозғалысы мен Алаш идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Жалаң сөз, жадағай ұранға баспай, бұл ойларын нақты іспен негіздеді. Ең алдымен қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралдарын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті «ұлттың көзі, құлағы һәм үніне» айналды. Бұлардың ұлттық сананы оятудағы маңызы орасан зор болды. Кішкентай жылғадан басталған бұл әрекет ұлғайып, арналанып зор халықтық қозғалысқа ұласты.

Мәмбет Қойгелдиев алаш идеясының түпкі маңызын былай ашып көрсетеді: «Алаш тәжірибесі нені көрсетті? Біріншіден, Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды. Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлекең, Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық прин-

циптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [1].

Ұлт зиялыларының ақындық сөздері қалың қазаққа арналды, халқын ұйқыдан оянуға, елдің қазіргі күйіне көз салып, ілгері ұмтылуға, азаттық, бостандық жолына үндеді. Осындай мазмұнда жазылған Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» кітаптары қазақ қоғамындағы ең алғаш айтылған өткір сөздердің бірі болды.

Әр адам жеке басының ғана қамын ойламай, елінің, ұлтының қамын ойлауы керек, ұлтына жақсылық жасаған адамның аты ұрпақтан ұрпаққа тарайды. Міржақып Дулатов өмірінің мәні де осында еді. «Қайтсек жұрт боламыз?» деген мақаласында патшаның отарлау саясатынан құтылу үшін, елдігімізді, тілімізді, дінімізді сақтау үшін не істеуіміз керек дей отырып, ол үшін мемлекет, автономия құруымыз керек, кім күшті болса, сол жұрт болып дегеніне жетеді, күш дегеніміз ол – әскер дейді. «Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз, қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде» [2, 263–264 бб.], яғни бір жолы құлдық, екіншісі жұрттық жолы. Автономия алу жолына кірісіп, милициямызды жасап, алаш үкіметімізді нығайтсақ бізді ешкім басынбайды. Үкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі деген ой айтады. Өмірдің мәні тағдырға мойынсұнып, басыңа не түссе соны көріп отыра беру емес, ел болуға, жұрт болуға, өркениеттілікке талпыну. Ол қазақ халқының даму деңгейі төмен, отар халық емес, тағы, дөрекі емес екендігін, бейбітшілік сүйгіштігін дәлелдеуге тырысты. Жалпы қазақ халқының жақсы өмірге жетуіне қажетті басты нәрсе – еркіндік пен тәуелсіздікке жету деп, оны өз шығармаларында көрсете білді. Бұл жолда қарсы тұрушылар мен көре алмаушылардың да бар екендігін айтып, екі түрлі адамды суреттейді. Біреулері – қаны қарайған, ұлт намысы дегенді білмейтін, ойлағаны жамандық, надан адамдар. Бұларға елдің бүлінгені керек. Екіншісі – ел ішіндегі партия құмарлар. Бұлар баққа таласқан, істеген ісінің зиян екенін ойламайтын надандар дейді. Адамгершілігі жоқ адамның хайуаннан айырмасы жоқ. Адамдық қасиеттерді дамыту адамның өзінің

қолында. Өз алдына ел болғысы келген жұрт адамгершілігін, ар-ұятын сақтау керек екендігін ақын ескертеді. Жұрттықты ойлап, бірлік қылсақ, алаш тілегін тілесек жолымыздың болғаны дейді.

Жүсіпбек Аймауытов жалпы адамзаттық құндылықтарды таптық мүддеден жоғары қойды. Ол таптық көзқарастың адамның дүниетанымын шектейтініне, рухани құбылыстарға кедергі болатынына көзі жетіп, өз көзқарастары үшін батыл күресті. Өзі өмір сүрген қоғамның идеологиясын терең түсінген Жүсіпбек қазақ халқын ұлттық қалыптан айыру қаупі тұрғанын сезді. Бұл жағдайдан тек ұлттың ой-санасын ояту арқылы ғана сақтап қалуға, сол арқылы халықты еркіндікке, тәуелсіздікке жеткізуге болатынын дәлелдеді. Ж. Аймауытов ақпан буржуазиялық революциясын шын ықыласымен қарсы алды, ол халыққа еркіндік, теңдік, бақыт әкеледі деп сеніп, «Алға, жастар!», «Кедейлер бірігіңдер!» деген мақалаларын жазды. Кезінде ел басқарып, тонап үйреніп қалған байлар мен олардың балаларына қазір теңдік, еркіндік кезеңі келді, сондықтан ойланыңдар, теңсіздікке жол бермейміз деді. Адам дүниедегі барлық нәрселерді шеше алатындай құдіретті емес. Олардың шешетіні – адам болып қалу не қалмау, шын мәнділікті іздеу не ауытқу, құндылықтарды қастерлеу, қорғау не айрылу. Яғни әрбір адам өз өмірінде еркіндікке талпыныс жасауы керек. Еркіндіктің өзі – мәндердің мәні. Адам өмірінің ақырғы мәні – еркін өмір. Еркіндік қана адамды адам етеді. Еркіндіктен бас тарту, одан ауытқу адам үшін адамшылығын, түпкі табиғатын, болмысын жоғалту деген сөз. Табиғат заңдылықтарын тану негізінде оны өзінің мақсатына сәйкес қайта өзгертуден басқа адамда еркіндікке жетудің жолы жоқ. Ол бұл дүниеге еркін күйінде келген жоқ, еркіндікті өзі жеңіп алуы керек. Аймауытовтың да айтпақ ойы осыған саяды.

Ұлттық идеяға әлемдік ақыл-ой мен оны қажет еткен ұлттың даналығы, бүгінгі есті ұлдарының көрегендігі мен біліктілігі, мемлекеттің саяси қуаты керек. Біздің алдымызда мемлекеттік тілді ұлттық идея дәрежесіне көтеру міндеті тұр. Өйткені мемлекеттік тіл – ұлттың ұйытқысы. Бүкіл Қазақстан

азаматы осы мемлекеттік тілдің төңірегіне топтаса алады. Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы да – мемлекеттік тіл. Өз елінің патриотизмін көрші елдің мемлекеттік тілімен жасау мүмкін емес.

Міржақып Дулатов қазіргі кезде маңызды орын алып отырған тіл мәселесіне де көп тоқталған. Тіл өткен дәуір мен қазіргі заманды, болашақты байланыстырып отыратын кілт екенін көрсете білген. «Қазақ тілінің мұңын шығармасында өзі тіл орнында тұрып сөйлейді: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?» [3, 309] – дей келе, қазақ тілінің шұбарланып, орысшадан қалай болса солай аударылып жатқанын, мектептегі оқулықтардың қате-қате аударылуы туралы мәселелерді сөз етеді. «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» деген шығармасында осы комиссияның шығарған жарлығының өзі адам түсінбестей екендігін айта келіп, «қазақша» мынау болса, орыс болып-ақ кетелік деушілер табылмай ма? Сонда не бетімізді айтамыз?» дейді. Тіл тек халықпен бірге өмір сүреді, тіл арқылы халықтың табиғатын, қоғамды танып білуге болады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ тілді жоғары бағалаған.

Ж. Аймауытовтың да мақалаларының бірі «Тіл туралы» деп аталады. Онда тіл мәселесін сөз ете отырып, кей халықтардың бір-біріне әсер-ықпалын дәлелді көрсетеді. Жетісу мен Сырдарияда өзбектердің әсері бар, Қостанайда орыс, ноғайдың әсері мол дейді. Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің тұрмыста сіңіп кеткенін, тіпті мақал-мәтелге айналып, кеңінен қолданылатынын тілге тиек етеді. «Газет тілі қалай түзеледі?» деген мақаласында орысшадан аударылған сөздердің түсініксіз, жаман аударылғанын, оқыған адам түк түсінбейтінін ренішпен айтады. «...орысшадан аударылған, орысшаға жанасқан сөздерге қарасаң томармен жүрген қазақ арбадай миыңды, жүйкенді түйгіштеп, зырқылдата жөнеледі.

Қай жерде мүдіріп, қай жерде сүрініп қалам деп, қып-қып еткендей боласың» [4, 216–217].

Алаш қозғалысының тарихи негізгі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін елім, жерім деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түпкірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. Ұлтты сақтайтын – ұлттық идея болуы керек. Ол ұлттың өмір сүруі, тілегі, ниеті, ойы дегенге саяды. Соңдықтан да ұлттық идеяны ұлт мұраты деп қабылдағанымыз дұрыс. Алаш идеясы ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы.

Ханкелді Әбжанов былайша ой түйіндейді. «Осылайша, ұлттық идеяны кемеңгерлікпен түзу Алаш қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген Алаш қозғалысы қазақ қоғамы тарихының жаңа белесін ашты. Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни, ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу – бүгінге жеткен Алаш аманатының ең құндылары» [5].

Ұлттық идеяны көтерген қазақ зиялылары Қазақстандағы жердің де, мемлекеттің де иесі – қазақ халқы, ал қалғандары диаспоралар екенін айтумен болды. Қазіргі кезде тарихи отанында жүрген қазақтар мен диаспора санатында шетте жүрген қазақтардың ұлттық мұраты бірдей емес. Отанында жүрген қазақтар үшін Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі басты мәселе, ал шетте жүрген қазақтар жүрген ортасында қазақ болып қалу қамын көбірек жейді. Уақыт өткен сайын ұлт мұратындағы осынау айырмашылық ұлғаймаса, қабыспайтыны ақиқат. Қытайдағы қазақтардың кейінгі толқыны қытайланып, Түркиядағылар түріктеніп бара жатқаны белгілі. Еуропа қазақтары арасында қазақ тілінің жағдайының жыл өткен сайын нашарлап бара жатқанын, әсіресе жас буынның ана тілін мүлдем білмей ұмыта

бастағанын мойындауға мәжбүрміз. Сондықтан мың өліп, мың тірілумен азаттыққа жеткен қазақтың тағдырын анықтағыш ұлттық идеясы Қазақстанда ғана өз жемісін бере алады.

Жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлан-ғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Олай болса, бүгінгі қазақты зұлымдыққа емес, адамгершілікке бейімдеу ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мәселе болуы тиіс. Бүгінгі қоғам да осы негізде дамуы керек. Олай болмайынша, қазақтың рухы өзінің ішкі бірлігі мен тұтастығынан айырылуы мүмкін.

XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай, саяси тұрғыдан ширығып, Алаш идеясы дүниеге келді. Оны жетілдіруші әрі қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті. Бұл ел тарихындағы елеулі кезең турасында Президент Н.Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» – деп әділ бағасын берді [6].

Қазақ рухын жаңғырту, бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді, яғни, ұлттық мүдделер негізінде жүргізуді талап етеді. Қазақ рухын жүзеге асырудың бір жолы қазақ идеясын жаңғырту болып табылады. Оның алғы үлгілері кешегі Алаш ұсынған жолдарда, қанымызда ұйықтап жатқан ұжымдық санадағы архетиптерде жатыр. Бұлардың барлығы оянып, жаңғырып бүгінгі қазақтың рухын көтеруге жұмыс істеуі керек. Олар әсіресе, тілдік саясатта, мәдениетте, жалпы руханиятта, қоғамдық өмірде көрінуі тиіс. Сонда ғана бөтенге ұқсамайтын, өзіндік жүру жолы бар қайсар рухты қазаққа айналамыз.

Әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде» // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2008. – 26 б.

2. Дулатұлы М. «Ахмет Байтұрсынұлы» (өмірбаяндық очерк) // Ана тілі. 1991, қаңтардың 24-і, 5-і.

3. Дулатұлы М. Шығармалары, 2 томдық. П-том. – Алматы: Ғылым, 1997. – 343 б.

4. Аймауытов Ж. Шығармалары, 5 томдық, 5-том. – Алматы: Жазушы, – 456 б.

5. Әбжанов Х. Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2008. – 9 б.

6. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.

ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВАНИЯ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ КОНФЛИКТОВ В КАЗАХСТАНЕ

Ермек Токтаров

Кардинальная трансформация современного мира способствует появлению диспропорций в развитии различных сфер жизни нашего общества. Темпы технологического развития превышают темпы развития социокультурного. В Казахстане, как обществе, вставшем на путь модернизации, также происходят эти процессы. Как отметил в своей программной статье «Социальная модернизация Казахстана: двадцать шагов к Обществу всеобщего труда» Президент Н.А. Назарбаев: «Казахстану жизненно важно найти оптимальный баланс между экономическими успехами и обеспечением общественных благ». Для обеспечения стабильности социальной сферы необходимо привести ее в соответствие с уровнем экономического развития [1]. Касаясь механизмов недопущения нарушения общественной стабильности, президент замечает, что «...решения по социальным вопросам должны быть просчитаны, научно обоснованы, приниматься заблаговременно, т. е. до их перехода в плоскость социальных проблем и конфликтов». Следовательно, для возможности осуществления превентивных мероприятий по предотвращению межэтнических конфликтов необходима научная разработанность данного вопроса. Таким образом, перед научным сообществом актуализируется задача идеологического обеспечения решения проблематики недопущения конфликтов в социальной сфере.

Необходимо признать существование в Казахстане определенной межэтнической напряженности, под которой понимается состояние, обусловленное ожиданием неблагоприятного для этнической группы или ее представителя развития событий. Состояние сопровождается ощущением у предста-

вителей взаимодействующих этносов общего дискомфорта, тревоги и неуверенности и, в то же время, оно включает в себя готовность овладеть ситуацией, действовать определенным образом. Данное состояние является скрытой подготовительной фазой к столкновению интересов взаимодействующих этнических групп, когда реального столкновения еще нет, но уже явно ощущается его угроза.

Наличие межэтнической напряженности подтверждается непосредственными наблюдениями и результатами исследований социологического и политологического характера, проведенных в Казахстане.

Результаты социологического исследования, проведенного КИСИ в 2010 г., показывают, что более трети респондентов считают, что проблем в области межнациональных отношений нет (35,2%). При этом еще 10,5% отметили проблему ущемления по языковому признаку. Перевод делопроизводства на государственный язык по мнению каждого четвертого респондента (24,7%), является одной из причин неудовлетворительного развития ситуации в области межнациональных отношений. Почти столько же респондентов считают, что межнациональные проблемы в Казахстане существуют, но они носят скрытый характер (24,6%).

Несмотря на обозначенные проблемы, сложившуюся на сегодня ситуацию респонденты оценивают как хорошую. На вопрос «Как Вы оцениваете ситуацию, сложившуюся в сфере межэтнических отношений на сегодняшний день?» – были получены такие ответы по этносам по сумме ответов «хорошая» и «скорее, хорошая»: казахи – 96,5%; русские – 80,7%; «азиаты» – 87,3%; «европейцы» – 85,5%. Вместе с тем, ответы на вопрос «Как Вы считаете, возможно ли открытое столкновение в Вашем городе (селе) на этнической почве?» – показывают наличие конфликтного потенциала в обществе. Так, ответивших «нет, вероятность таких столкновений исключена», большинство – 54,7%, но совокупность ответов, предполагающих конфликт на межэтнической основе, составляет 41,9% [2]. Следовательно, при нынешнем положении, когда межэтническая напряжен-

ность находится в оптимальных пределах, есть вероятность перехода её в состояние конфликта.

Межэтническая напряженность при определенных условиях может перерасти в межэтнический конфликт, под которым подразумевается открытое столкновение интересов различных этносов в борьбе за жизненные привилегии (обладание властью, территорией, престижными государственными должностями, собственностью и доходами, образованием).

Напротив, стабильность в межэтнических отношениях возникает при действии следующих факторов:

- созданию справедливых в восприятии этнических групп условий для общественной конкуренции, этнической и культурной идентификации;

- адаптации ментальных особенностей к изменяющимся условиям и новым общественным отношениям.

Государством обеспечиваются соответствующие условия – посредством принятия соответствующих нормативно-правовых актов. В первую очередь, в Конституции признается равенство, независимое от этнической принадлежности (ст. 14) [3]. Этот же принцип утверждается в Доктрине национального единства: «равенство возможностей означает, что каждый, независимо от этнического происхождения и вероисповедания, имеет право развивать свою культуру, традиции и язык, быть представленным во всех сферах общественной и государственной жизни» [4]. Эти документы составляют политическую основу межэтнической стабильности.

Реализация вышеперечисленных положений осуществляется через создание культурной инфраструктуры. Все крупные этнические группы имеют свои этнокультурные центры во всех областях страны. На сегодняшний день в Казахстане функционируют 321 национально-культурный центр [5], а также 64 театра, в числе которых – и национальные (казахские, русский, корейские, уйгурские и др.) [6].

В соответствии со статьей 7 Конституции РК, казахский язык является государственным, а русский язык имеет статус официального. Вместе с тем, согласно статье 19, каждый

имеет право на пользование родным языком и культурой, на свободный выбор языка общения, воспитания, обучения и творчества [3]. Другим нормативно-правовым документом, вносящим свой вклад в регулирование межэтнических отношений, является Закон «О языках в Республике Казахстан», составляющий правовую базу межэтнических отношений в сфере применения языка.

В соответствии со статьей 6 Закона «О языках в Республике Казахстан», государство заботится о создании условий для изучения и развития языков народа Казахстана, а в местах компактного проживания национальных групп при проведении мероприятий могут быть использованы их языки [7]. Это положение дает этническим группам право использовать родной язык даже при вступлении в отношения с государством, через обращение в государственные органы. В 2011–2012 учебном году 98 тысяч учащихся обучались на родных и иностранных языках (не казахский и не русский язык и обучения) [8].

Таким образом, мы видим, что государство создает все необходимые условия для реализации прав граждан, касающихся развития их этнокультурных запросов. Проводимая государством политика способствует максимальному снижению конфликтного потенциала между различными этническими группами, Однако некоторые ученые считают, что в сфере межэтнических отношений вопрос должен ставиться о смягчении и цивилизованном разрешении с неизбежностью возникающих конфликтов, а не о достижении состояния, лишённого атрибута конфликтности. [9].

Основываясь на вышесказанном, можно утверждать, что межэтнические отношения всегда будут находиться – в той или иной степени – в состоянии напряженности. Полностью конфликт интересов исключить невозможно, но необходимо не дать ему перейти из латентной формы в открытую, и, тем более, не допустить эскалации такого конфликта. Конфликтность в этом контексте принимает форму конкуренции, а одним из факторов, способных спровоцировать конфликт, является вопрос языка.

Так, знание государственного языка является обязательным требованием к конкурсантам на занятие должности политического или административного государственного служащего. Вместе с этим, овладение государственным языком является долгом каждого гражданина Республики Казахстан (ст. 4 Закона «О языках в Республики Казахстан»). Здесь следует обратить внимание на используемую категорию: «долг», а не «обязанность». Это, скорее, является проявлением лояльного подхода государства к решению языкового вопроса, когда современные обстоятельства не дают возможности осуществления быстрых перемен в сфере применения языка.

По И. Канту, долг – это необходимость поступка из уважения к нравственному закону [10]. Иными словами, долг – добровольное моральное обязательство индивида перед другими людьми. Обязанность же предполагает формальность отношений, когда одна сторона обязана осуществить какое-либо действие, или воздержаться от осуществления действия в пользу другой стороны, на основании закона. Поэтому знание государственного языка формально не является обязательным для всех граждан, но оно становится моральным обязательством перед казахской государственностью. Но, ввиду того, что осознание, а, тем более, реализация, этого долга осуществлены не всеми этническими группами, открытым остается вопрос участия этих групп в политической жизни страны.

Решением данного вопроса занимается Ассамблея народа Казахстана, как гражданский институт казахстанского общества. Ассамблея и ее филиалы во всех областях республики поддерживают и развивают культурную инфраструктуру, которая должна способствовать сохранению этнокультурных особенностей отдельных этнических групп, а также межэтническому взаимодействию.

Целью Ассамблеи является обеспечение межэтнического согласия в Республике Казахстан в процессе формирования казахстанской гражданской идентичности и конкурентоспособной нации на основе казахстанского патриотизма, гражданской и духовно-культурной общности народа Казахстана

при консолидирующей роли казахского народа. Данный политический институт решает вопрос представительства этносов в политике, что исключает возможность появления межэтнического конфликта на фоне политической борьбы. Это особенно важно, учитывая, что межэтнические конфликты часто являются одним из инструментов политической борьбы. Также Ассамблея избирает девять депутатов Мажилиса, что обеспечивает членам Ассамблеи возможность представлять интересы своих этнических групп в Парламенте.

Одной из причин, способствующих нарастанию межэтнической напряженности, по мнению М.М. Сужикова, является сокращение частоты межэтнического общения [11]. Несмотря на то, что проблема межэтнических конфликтов была исследована М.М. Сужиковым ещё в начале 90-х гг. XX в., проблемы, исследуемые им, а также практические и рекомендации по их разрешению, все ещё актуальны. М.М. Сужиков отмечал важность решения социально-экономических вопросов, так как этнокультурный фактор никогда не являлся первопричиной межэтнических конфликтов. Как показывает история, этнокультурный фактор всегда использовался с целью дополнительного разграничения сторон конфликта, чтобы сделать противостояние более острым, а социальной первопричине – придать этническую окраску.

Такие предложения М.М. Сужикова по предупреждению межэтнических конфликтов, как расширение сферы применения казахского языка, создание условий для сохранения и развития языков некоренных этносов, для свободной деятельности национальных культурных центров, в значительной степени уже внедрены и продолжают внедрить государством. Так рекомендации, как интернациональное воспитание и создание условий для межнационального общения и взаимодействия, актуальны до сих пор.

Следует отметить, что мероприятия, проводимые национально-культурными центрами, имеют малый масштаб, что не способствует ознакомлению представителей других этносов с культурой данного конкретного народа. Обучение на раз-

ных языках также способствует сокращению межэтнических контактов, поскольку зачастую этническая принадлежность подразумевает язык общения и образования.

Свой вклад в создание атмосферы межэтнической напряженности порой вносят и средства массовой информации, порой дающие разную интерпретацию одним и тем же событиям, происходящим в стране, что формирует различное мнение у казахоговорящих и русскоговорящих граждан. Нередко деятельность СМИ негативно влияет и на состояние межэтнических отношений. Это можно объяснить рядом факторов:

- взаимодействием двух явлений: профессиональной и человеческой этики, с одной стороны, и реальных рыночных отношений – с другой. Некоторые журналисты считают, что толерантную информацию подавать неинтересно, ее трудно «продать». По их мнению, это почти всегда – синоним скучной, неострой, неяркой информации, поэтому внимания она не привлекает. Спонсоры же ждут от журналистики ярких, острых и задевающих людей сюжетов с броскими заголовками. Такими могут быть, по распространенному мнению, только негативные материалы, поэтому роль спонсоров и рынка в конструировании толерантных представлений людей также надо учитывать;

- многое в деятельности СМИ по освещению межэтнического взаимодействия зависит от профессионализма в сочетании с гражданскими и этическими позициями журналистов;

- при том, что существует общественный интерес к проблеме этничности, межнациональных и межконфессиональных отношений, СМИ не осознают в достаточной мере своей позитивной и негативной роли в освещении происходящих процессов [2, с.70].

Недостатки в освещении средствами массовой информации межэтнических отношений вызваны неэффективностью принятого в 1997 г. «Кодекса журналистской этики в освещении межнациональных отношений в Республике Казахстан». В конце июля 2012 г. был презентован проект «Кодекса чести журналиста». По мнению министра культуры и информации

РК Д. Мынбаева, в данном Кодексе должны быть отражены вопросы освещения межнациональных и межконфессиональных отношений [12]. Налицо – недостаточная разработанность данного Кодекса. Необходимо участие в его разработке научного сообщества, поскольку данный Кодекс потенциально будет влиять на содержание новостей и передач, транслируемых СМИ, а это, в свою очередь, будет формировать общественное мнение. Общественное сознание должно быть готово не поддаваться на различного рода провокации, ведущие к открытым конфликтам между этническими группами. То есть, субъектами межэтнических отношений ценности стабильности, мира и согласия должны восприниматься как обязательные и неоспоримые. Это относится к проблеме формирования идеологии консолидации общества, при решении которой будет исключена возможность появления межэтнических конфликтов.

Предупреждение межэтнических конфликтов должно быть задачей всех субъектов общественных отношений (государства, гражданского общества, СМИ, отдельных индивидов). В связи со спецификой происходящих в Казахстане процессов, гражданское общество пока не находится на том уровне развития, чтобы стать полноценным субъектом управления социально-политическим процессом. По этой причине государству приходится осуществлять основную деятельность по предупреждению межэтнических конфликтов. Возможно, не все инструменты государства достаточно эффективны, чтобы можно было добиться поставленных целей с их помощью. Это, скорее, проблема недостаточной научной проработанности отдельных документов и неразвитости гражданских институтов.

Таким образом, в Казахстане основным субъектом управления межэтническими отношениями является государство. Основаниями для регулирования этих отношений выступают такие политико-правовые документы, как Конституция РК, Доктрина национального единства, а также Законы «О языках в Республики Казахстан», «О средствах массовой информации», Типовые квалификационные требования к категориям административных государственных служащих. Но только

этих документов недостаточно, чтобы регулировать межэтнические отношения. Об этом свидетельствует наличие межэтнической напряженности, которая имеет место в силу увеличивающегося разрыва в доходах различных социальных групп населения. Поэтому в этом году актуальными стали вопросы социальной модернизации, для успешного проведения которой необходимо объединение усилий государства и общества.

Как отмечал М.М. Сужиков, межэтнических конфликтов можно не допустить путем создания благоприятных для всех этнических групп социально-экономических условий, а также условий для пользования родным языком. Первое условие является самым важным и трудно исполнимым для государства, тем более при рыночных условиях, когда благополучие индивида зависит от его личных усилий. Неудовлетворенность индивида уровнем своих доходов может напрямую формировать негативное отношение к представителям других этносов. И поскольку контролировать этот процесс в одиночку государству не под силу, необходимо разрабатывать проблемы консолидации общества и формирования общенациональной идеологии и идеи.

Все эти проекты не будут эффективными без участия в их разработке научного сообщества, поэтому дополнение политико-правовой базы предупреждения межэтнических конфликтов должно иметь под собой научное обоснование. При этом участие научного сообщества в разработке инструментария по предупреждению межэтнических конфликтов является непременным условием успешности шагов, предпринимаемых государством.

Литература

1. *Назарбаев Н.А.* Социальная модернизация Казахстана: двадцать шагов к Обществу всеобщего труда // Труд в Казахстане. – 2011. – № 3. – С. 2–6.
2. *Межнациональные и межконфессиональные отношения в Республике Казахстан (по результатам социологического исследования): научное издание.* – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – С 19–20.

3. Конституция РК. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 98 с.
4. Доктрина национального единства // Страна и мир. – 2010. – 3 мая. – С. 6.
5. Электронная база данных этнокультурных объединений. Сайт Ассамблеи Народа Казахстана // <http://www.assembly.kz/>.
6. Казахстан сегодня // Агентство по статистике РК, 2012 // <http://www.stat.kz/>.
7. Закон «О языках в Республики Казахстан» – Астана: Фолиант, 2000. – 10 с.
8. Численность учащихся общеобразовательных школ по языкам обучения // Агентство по статистике РК // <http://www.stat.kz/>.
9. *Малинин Г.В., Дунаев В.Ю., Курганская В.Д., Нысанбаев А.Н.* Теория и практика межэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане. Учебное пособие для вузов. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2002. – С.211.
10. *Кант И.* Основы метафизики нравственности. Критика практического разума. Метафизика нравов. – СПб.: Наука, 1995. – 528 с.
11. *Сужиков М.М.* Напряженность или гармонизация? (Развитие межэтнических отношений в Казахстане). – Алма-Ата: Казахстан, 1991. – 120 с.
12. Казахское информационное агентство. – 2012, 7 августа // <http://www.inform.kz/rus/article/2485107>

МӘДЕНИ-ЭТНИКАЛЫҚ ЖАҢА БІРЕГЕЙЛЕНУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КИНО САЛАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ

Еркін Масанов

Адам санасына ақпараттық тасқынның әсер етуі этномәдени өзіндік бірегейлену барған сайын қиындатуда. Және мұнда заманауи медиамәтіндерге маңызды рөл тиесілі, онда мәдениеттердің жаһандық «сыйымдылығы», яғни жаһандық мәдениет бөлшектерінің жергілікті, ал жергілікті мәдениет бөлшектерінің жаһандық мәдениеттен табылуы құбылысы байқалады. Ақпараттық қоғам жағдайында медиамәдениет адам әрекетіне онтологиялық тұрғыдан енген бұқаралық, халықтық, элита-лы мәдениет пен олардың түрленуінің функциональдық алуандығын сіңірген универсум-мәдениет ретінде алға шығады. Заманауи медиамәдениет бірегейлік стратегиялардың барлық алуандығын бейнелейді.

2011 жылдың ақпанына қарай Қазақстандағы хабар таратудың 10%-ы ғана мемлекеттік тілде жүргізілді. «Интерфакстың» мәліметі бойынша, Қазақстан үкіметі телеарналарға қазақ тіліндегі таралымдар көлемін ұлғайтуды тапсырған. «Қазақстан» мемлекеттік телеарнасы 2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап бағдарламалардың орыс тілінде көрсетуге нүкте қойды. Күзге қарай арнаның қазақ тілінде ғана хабар таратуға көшетіндігі жайлы 2011 жылдың мамыр айында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев жария етті. Қазақстан мәдениетінің аудиовизуальді кеңістігіндегі қазақ тілі ықпалының шекарасын кеңейту қазақтардың этномәдени сәйкестігінің қайта өрлеуіне жол ашты. Тіптен ұлты бойынша орыс, бірақ жаңалықтар бағдарламасын мүлтіксіз қазақ тілінде жүргізетін дикторлардың теледидар экрандарынан бой көрсетуі құбылысы, еш күмәнсіз, телекөрермендер санасында қазақ тілінің орнын нығайтуда үлкен әсер қалдырып отыр.

Медиамадениет әлемі заманауи жайттармен сәйкестікте тұлғаның жаңа мәдени-ұлттық бірегейлігін іздеу мен құрастыруға қалай атсалыса алады? Алайда коммуникацияның төрт үлгісінің ішіндегі (жеткізу үлгісі, коммуникатор қызметінің үлгісі, рәсімдік үлгі, жарнамалық үлгі) коммуникацияның рәсімдік үлгісі адамдарды біріктіруде және сезімдер мен әрекеттерді жұмылдыруда белгілі бір рөл ойнайды. Аталған үлгілердің мысалдарын өнер, дін, қоғамдық салтанаттар мен фестивальдерден табамыз. Қазіргі Қазақстанның егемендігі жағдайында коммуникацияның бұл рәсімдік үлгісі теледидардан 16 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін тойлау, 22 наурызда – Наурыз мейрамын атап өту, 6 шілдеде – біздің республикамыздың астанасы – Астана қаласының туған күнін мерекелеу сияқты атаулы оқиғаларды жыл сайын көрсету жолымен қазақтардың этномәдени сәйкестігін нығайтуда қолданылып келеді.

Этномәдени сәйкестікті зерттеуде БАҚ-тың кадрлар түрінде көрсетілетін әңгімелер мен тарих арқылы қалыптасуындағы маңызды қызмет атқаруынан аңғарылады. Поль Рикер миллиондаған баяндаулар «ойшыл сарапшылар үшін орасан зор зертхананы» ұсынатындығы жөнінде жорамал айтқан [1]. Бұл үрдіс бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі дәуірінде айрықша өзекті бола түседі, мұнда сондай көп тарихтар көпарналы телеарналарда, көптеген интернет-сайттарда, видеоларда таралады, тәулігіне 24 сағат хабар тарататын жаңалықтар көзінен бастау алып, сонымен қатар фильмдерде, журналдар мен радиоларда мазмұндалады.

Бұл тарихтар адамға оның қандай тұлға болуды қалайтындығы туралы ойлануға ерік береді. Тарихтың осы айтылған әртүрлі түрлері - өзінің дербес сәйкестігін құрастыру ретінде әрекет ете алатын қорлар. Астарында көптеген танымал фильмдер жатқан өз Отанының, отбасысының, махаббаты мен антқа беріктіктің мәнін ерекшелеп көрсететін тарихтар осы құндылықтарға қарай бағдарлануға жәрдемдеседі. «Бұқаралық ақпарат құралдарының әңгімелер мен кадрларды жеткізу жолымен өзіндік бірегейлену туралы біздің

түсінігімізге ықпал ете алатындығын зерттеулер көрсетіп отыр. Аталмыш әңгімелер арқылы біз өмірдің мәнін ұғынамыз.

3. Фрейдтің пікірінше, кескін субъектінің жеке ойлары, сезімдерінің ығыстырылып, медиақаһармандардың мінез сипатының бейсаналы түрде таңылуы арқылы эмоциональдық өзгерісті қамтамасыз етеді. Кешенді медиа-мәдениет құбылысының қаһармандарынан жағымды және жағымсыз қасиеттерді өзіне оңай меңгеруге болады. Кешенді медиамәдени құбылыс идеясын жасау кезінде шынайы өмірдің барлық оқиғасына таралуы ықтимал үлгілер орнайды. Бірегейлікті жүзеге асыру кезінде тұлғаның белгілі бір медиақаһарманға бейсаналы түрде ұқсауы үдерісі жүреді. Экрандағы бейнелер шынайы өмірмен бірегейленетін деңгейде көрерменнің кескін-бірегейлігі де белсенеді. Медиақаһарман қарапайым адамдарға ұқсайды, ал бұл партиципацияны жеңілдетеді. Өйткені партиципация кешенді медиамәдени құбылыстың қызмет ету тетігі болып табылады. Және кешенді медиамәдени құбылыста жасалған әлем мен ондағы өмір сүретін медиақаһармандар тұтынушының кескіні мен бірегейлігі үшін өріс болатын кезге дейін, тағы да олар тұтынушының медиашығармашылығын үдететін кезге дейін, кешенді медиамәдени құбылыс медиакеңістікте тіршілік етеді. Кешенді медиамәдени құбылыстың тұтынушының мәдени сана-сезіміне ықпалы оның жаһандық, өркениеттің (батыстық немесе шығыстық) бірегейлік нышандарымен «тоғыстыру» қатынасында этномәдени сәйкестіктің шекарасын кеңейте отырып, жаңа белгілер үстеуінде бейнеленеді.

Телекөріністің жаңа технологияларының жағымды жағы әлемді тануы мен мәдениеттердің алуандығы шекарасын кеңейтуінен тұрады. Зияткерлік және шығармашылық шеңбердегі ғұламалардың жетістігіне барлық қазақстандықтардың қолы жетіп отыр. Қазақ мәдениеті мен басқа өркениеттердің әртүрлі мәдениеттерінің сұхбаты үшін жаңа мүмкіндіктер көкжиегі ашылып отыр. Осы уақытта саясаткерлер, ғалымдар мен мамандар жаһанданудың «жанама өнімдерінің» қауіптілігін дұрыс айқындап беріп отыр. Олар коммерциялану мен «ор-

ташаланған» бұқаралық мәдениет тасқынының астында қазақтардың мәдени төлболмысын жоғалту қаупіне соқтырады. Ертеден қара кешке дейін адам өзінің туған еліне ешқандай қатысы жоқ ақпараттар тасқынын қабылдайды. Ол басқа елдердің жаңалықтарымен өмір сүреді, солардың фильмдерін, танымдық, сауықтырушылық және әзілдік бағдарламаларын тамашалайды. Ақпараттық технологиялар теоретигі, француз философы Ги Дебор өзінің «Көріністер қоғамы» кітабында не көрермен, немесе көрініс қазіргі қоғамды қалыптастырушы орталық құбылысқа айналатындығын нақтылайды: «Бұрынырақ тікелей өмір сүрген нәрселердің барлығы енді қайта таныстырылым аймағына өтіп жатыр» [2]. Автордың пікірінше, мұндай қоғамда адамдар қоғамдық және жеке қатынастар, білім мен тәжірибе негізінде шындықты қабылдау қабілетін жоғалтып алады. Мұның орнына шындық тек «теледидар көріністерінен» ғана қалыптасатын болады.

Этномәдени сипаттағы медиамәгіндерді ұлттық мемлекеттің саяси, экономикалық және социомәдени үдерістер туралы жеткілікті толық түсінік беретін ұлттық мәдениеттің бөлшегі ретінде қарастыруға болады және осылай зерделеу қажетті. Автор мен аудитория уақыт бойынша жырақта орналасқанымен, семиотикалық кеңістікте жымдасқан, өйткені олар ортақ ұлттық-мәдени өрісте өмір сүріп жатыр.

Мұны американдық режиссер Ларри Чарльз түсірген «Борат: Американың даңқты Қазақстанның пайдасына мәдени зерттеулері» атты комедиялық фильмге қатысты айтуға болмайды. Фильм жарыққа шыққаннан кейін бес жыл бұрын қазақтар өз отандастарының фильмде бейнеленуіне көңілдері толмай, наразылықтарын білдірді. «Борат» фильмінің мазмұнының қазақ мәдениетімен ешқандай ортақтығы жоқ. Ол, бәлкім, интернеттегі талқылаулар барысында нақтыланған пікірлер көрсеткендей, румын ауылында түсірілген болар. Тұрғындардың өмір сүру салты, олардың антропологиялық бейнелері мен сыртқы кейіптерінің, мінез-құлық сипаттарының, оның ішінде көрсетілген әйелдердің (қазақ ретінде) мінез-құлық ерекшеліктерінің, тұрғын үй

көрінісі мен баспананың ішкі жиһаздарының, қазақтардың үй жануары ретінде кадрға енгізілген шошқалардың қазақ ұлтының мәдени-бірегейлік сипаттамасына ешқандай қатысы жоқ. Белгілі болғандай, қазақтар ислам дінін ұстанатындықтан, шошқа асырамайды. Фильмнің басты кейіпкері ролін ұлты бойынша жойыт, американдық Саша Барон Коэн ойнайды. Ол Америкаға саяхат кезінде өзінің отандас серігімен пікір алысатын тілдің қазақ тіліне үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев фильмнің көрсетіліміне тыйым салды, өйткені ол шындыққа сәйкес келмейді. Қазақстанның қазіргі киноөнімдерінің дамуы, белгілі бір деңгейде, шетелдік көрермендердің қазақтардың этно-мәдени сәйкестігі туралы түсініктерін қалпына келтіру үшін «Борат» фильміне қарсы бағытталған.

Шындық тұрғысынан қазақтардың мәдени сәйкестігінің көрінісін «Көшпенділер» (2006), «Қызғалдақ» (2008), «Адасқандар» (2010), «А»-ға оралу» (2011) сияқты фильмдерден байқауға болады. 2007 жылы Қазақстан жас Шыңғысханның тарихы көрсетілген «Моңғол» фильміне Оскар номинациясына қатысуға ұсынды. 2008 жылдың қаңтарында AMPAS «Моңғолдың» 63 фильмнің ішінен ең үздік шетелдік фильм атағына үміткер бес туындының бірі болып таңдалып алынғандығын жариялады.

Соңғы жылдары дүниеге келген жекелеген қазақ фильмдері орыс классикасының інжу-маржандарын қайта сомдауымен ерекшеленді. Қазақстандық киносүйер қауым Дәріжан Өмірбаевтың «Студент» кинотуындысын тек ұзынқұлақтан ғана естіген, өйткені кино кең айналымға түскен жоқ – тек алматылық «Цезарь» кинотеатрында ғана екі рет көрсетілді. «Студентпен» бір мезетте Ермек Тұрсыновтың шетелдік классика – Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» хикаясының сарыны бойынша түсірілген «Шал» фильмі көрсетілді.

Дәріжан Өмірбаев орыс әдеби классикасына алғаш рет назар аударып отырған жоқ. Ол «Шұға» (Толстойдың «Анна Каренина» романының желісімен) және «Махаббат туралы» (Чехов әңгімелерінің сарынымен) фильмдерін жарыққа шығарды. Мәңгілік өлмес классиканы Қазақстандағы қазіргі жағдаймен

үйлестірумен шұғылданып жүрген тек қана Дәріжан Өмірбаев емес. Бірнеше жыл бұрын Болат Атабаев «Зұлымдық пен махаббатты» театрда қойды – ол уақыттың сазымен ғана үндескен жоқ, сонымен бірге мюзикль түрінде де түледі.

